3. Мықты денсаулығы бар және жоғары физикалық төзімді, еңбекке қабілеттілігі жоғары болу.

Мемлекеттің және жұмыс беруші ұйымдардың ЖОО-ның маман даярлау саясатына қояр өз шарттары бар. Жергілікті билік органдары елдің экономикасының көтерілуіне ат салысатын, әлеуметтік, мәдени тұрғыда халықтың сауаттылығын арттыруға маман ретінде өз үлесін тигізетін мамандар болуына мүдделі. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың

тапсырмасына сәйкес «Бес әлеуметтік бастама» шеңберінде биыл гранттар саны 20 мың орынға көбейтіліп, жоғары білім алу үшін білім гранттарының саны 53 594 грантқа дейін жеткізілді [6]. Оның ішінде педагогикалық мамандықтарға 9499 грант бөлінген. Бұл дегеніміз педагогтардың санын арттыру арқылы сапаға іріктеу, яғни әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану пәні мұғалімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Жоғары оқу орны қоғамның дамуына негіз болып, жұмыс берушінің үдесінен шығатын, мемлекеттің дамуына үлесін қосатын жоғары білімді, сауатты, мәдениетті, өркениетті, саяси сауатты, ұлттық тамырымен ұштасып жатқан маман дайындап шығаруға жан-жақты жұмыс істейді. Осы талаптарды қанағаттандыру үшін, университеттің ғылым мен білім үдерісін ұйымдастырушы жоғары санатты, талантты оқытушы мамандармен, қажетті әдебиеттермен, заманауи ақпараттық ресурстармен, заманауи материалдық-техникалық қормен қамтамасыз ететін әлеуеті болуы керек. Жоғары оқу орны студенттердің спорттық, мәдени, ғылыми-тәжірибелік әрекетке белсенді араласуына жағдай жасауы, студенттің кәсіби машығын шыңдау үшін жұмыс орындарымен байланыс орнатуы керек. Яғни, жоғары оқу орнына мемлекеттің, қоғамның және жұмыс берушінің қояр талаптары жоғары. Жоғары оқу орны, мемлекет, қоғам және жұмыс берушінің тең дәрежелі әрі ынтымақтастықта, үйлесімді қызметі кәсіби әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімдерінің дайындығын жан-жақты жүйелі жүргізуге септігін тигізеді.

Адам үшін кәсіби қызметтің мәні мен мазмұны көбінесе оның қоғамдық құндылығымен анықталады, қаншалықты қоғамға қажет және ол оған не береді. ...Оқытушының маңызды кәсіби функцияларының бірі – балалардың өмірін, денсаулығын және әлеуметтік жағдайын қорғау. Әлеуметтік педагогикалық қызмет – баланы әлеуметтендіруге және оны әлеуметтік қорғауға бағытталған. Бұл әрі мектеп қабырғасында, әрі педагогтың ата-анамен бірлесе отырып, балалардың әлеуметтік тәрбиесімен айналысатын түрлі қоғамдық ұйымдармен жүргізілуі мүмкін. ...бала дамуына тек мектепте ғана емес, одан тыс жерлерде де максималды жағдай жасау – әлеуметтік педагогтың міндеті [7; 19 б.].

Әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мамандық иелері төмендегі функцияларды атқарады:

- ✓ оқыту;
- ✓ тәрбиелеу;
- ✓ әлеуметтік-педагогикалық;
- ✓ мәдени-ағартушылық;
- ✓ коррекциялық-дамытушы;
- ✓ ғылыми-әдістемелік, т.б.

Болашақ мамандарды әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа дайындаудың педагогикалық және психологиялық негіздері көптеген ғалымдар зерттеулерінің нысаны болды (И.С. Кон, В.Т. Лисовский, А.В. Мудрик, Л.В. Мардахаев және т.б.). Онда студенттердің мамандыққа құрметін, әлеуметтік белсенділігі мен кәсіби қызығушылықтарын арттыруды алғашқы курстардан бастау маңызды болып табылады деп көрсетіледі.

Әлеуметтік белсенділік – қажеттіліктер, мүдделерге, мақсаттар мен идеалдарға сәйкес әлеуметтік жағдайларды өзгертуге, әлеуметтік инновацияны насихаттауға және жүзеге асыруға, қажетті әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған әдістер жиынтығы [8, 14 б.].

Студенттің белсенділігі оның кәсіпке деген ішкі қызығушылығы, психологиялық, эмоциялық жай-күйі, ерік-жігері мен жауапкершілігі арқылы жүзеге асады. Әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа студенттің кәсіби дайындығын жетілдірудің бірден-бір жолы оларды шығармашылық әрекетке, жобалау әрекетіне тарту.

Мәселен, мектептің оқу үрдісінде жобалау технологиясы әрбір пәннің аясында жүзеге асып жатады. Университет қабырғасындағы жобалаудың теориясы, технологиясы, әдістемесі күрделі болғандықтан, жоғарыда аталған мақсат-міндеттерді орындау үшін, студенттерге I курстан бастап арнайы пән ретінде «Әлеуметтік-педагогикалық жобалау» курсы енгізген жөн. Пән аясында жобалаудың түрлері, теориясы мен әдістемесі, тақырып таңдаудан бастап, күтілетін нәтижеге дейін жоспарлы түрде оқытылса. Және әлеуметтік-педагогикалық жобаның мазмұны мен мақсатын студенттер өздері анықтап, жобалаудың технологиясын сақтау оқытушының жетекшілігімен болғаны абзал. Жобалау әрекетіне дағдылану университет қабырғасында жастардың әлеуметтенуін, азаматтық ұстанымдары мен шығармашылық белсенділігінің дамуын ынталандыруға әсерін тигізеді. Пән аясында алған білім, тәжірибе, дағдының нәтижесінде студенттер өз бетінше түрлі әлеуметтік, ғылыми жобаларды жүзеге асырып, әртүрлі деңгейдегі (университеттік, аймақтық, республикалық) байқауларға қатысады.

Сондай-ақ студенттер жобалау дағдыларын өндіріспен тығыз байланыста ұштасыру мақсатында әр түрлі қозғалыстар ұйымдастыру (волонтерлік) оң нәтиже көрсетеді. Бұл шетелдік, соңғы уақытта біздің елімізде өріс алып келе жатқан жатыр, десек те әлеуметтік педагогикалық қызметке қоғамдық сұраныстардың артуына орай кәсіби мамандарды осындай іс-шараларға қатыстыру мақсатты іске асқаны орынды.

Еріктілер жұмысы екі аспекте қарастырылады: әлеуметтік-педагогикалық аспект – әлеуметтік-педагогикалық білімдер жиынтығы, әлеуметтік-педагогикалық әрекет етудегі дағды мен тәжірибенің болуы; жеке тұлғалық аспект – қызығушылық, уәж, қажеттіліктерінен, эмоциональды-құндылық көңіл күйінен көрінетін позитивті қарым-қатынаста болуы. Студенттер әдетте ерікті жұмыстарға біртіндеп ендіріледі. Жоғары курс студенттері бастама көтеріп, ұйымдастырумен айналысса, төменгі курс студенттері қатысушы-орындаушы ретінде тартылады. Төмендегі 1-кестеде ерікті жұмыстың бағыттары және олардың қызметтері көрсетілген.

Ерікті жұмыстың бағыттары	Қызметтері
1. Психология - педагогикалық	балалар мен жасөспірімдердің көңіл күйі мен мінез-құлқына әсер ету, т.б.
2. Әлеуметтік-тұрмыстық	материалдық, моральдық, ұлттық, отбасылық, т.б. қажеттіліктеріне әсер ету, т.б.
3. Мәдени-әлеуметтік	бос уақытын ұйымдастыру, ішкі мәдениетіне әсер ету, т.б.
4. Еңбек	еңбекпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру, кәсіби бағдарлау жұмыстар, т.б.
5. Валеологиялық	салауатты өмір салтын ұстануға қалыптастыру, спортқа баулу, т.б.
6. Әлеуметтік-құқықтық	адам құқығын қорғау, құқықтық мәдениет деңгейін көтеру, т.б.
7. Көшбасшылық	белсенді өмір ұстанымын қалыптастыру, бастамашылдықты дамыту, демократикалық өмір нормаларын нығайту және дамыту, т.б.
8. Патриоттық	Отанға деген махаббат пен құрметке тәрбиелеу, ұлттық және өзге мәдениетті сыйлауға үйрету, т.б.
9. Ақпараттық	жаңа технологияны енгізу, мамандар арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ету, т.б.

1-кестеге сәйкес студенттер атқарылатын ерікті жұмыстың бағытын анықтап алып, соған орай әлеуметтік-педагогикалық әрекеттің алгоритмін құрайды. Ерікті жұмысты ұйымдастыру арқылы студенттер болашақта өзін жұмыс орнымен қамтамасыз етеді, әр түрлі көлемдегі жұмыстарды ұйымдастыруға дағдыланады және өзінің жеке тұлғалық қасиеттері дамиды, қаржы көзін табуға бейімделеді. Әлеуметтік педагогика мен өзін-өзі тану мамандығының студенттерін ерікті жұмысқа үздіксіз тартып отыру олардың кәсіби машығы шыңдайды. Кейін мектепте өз әрекетін жауапкершілікпен орындайтын, оқушының әлеуметтенуін, әлеуметтік, тұрмыстық, тұлғалық мәселелерін кәсіби тұрғыда шешетін білікті маман болып шығуына мүмкіндік туады. Кәсіби волонтерлік қызмет – таңдалған мамандық бойынша тәжірибе жинақтауға бағытталған қызмет [9; 46].

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығында білім алып жатқан студенттердің біз тәжірибеге алған топтары жобалау жұмыстарын еріктілер ретінде ұштастырып, ғылыми зерттеу жұмыстарын өндірісте жалғастыруға мүмкіндік алды. Мәселен, студенттер мен магистранттардың бастамасымен Қазақстан Республикасының Мәжіліс депутаты, қоғам қайраткері Зағипа Яхияқызы Балиеваның ұйымдастырумен балаларға психологиялық, моральдық, заңды тұрғыда ақпараттық кеңес беру, балалардың құқығын қорғау мақсатында құрылған «Бақытты бала» ұйымының мамандарымен кездесу өткізді. Бұл ұйымда «111 сенім телефоны» жұмыс істейтін болғандықтан кездесу барысында студенттер мектеп оқушыларына жүргізген анкета сұрақтарының қорытындысымен таныстырды. Себебі студенттер теориялық білімдері мен жобалау технологиясы негізінде анкета сұрақтарын құрастырып, сауалнама жүргізіп алынған нәтиже бойынша пайыз үлестерін анықтады. Зерттеу нәтижелері мынадай сипатта болды: «Қандай жағдайда сенім телефонына қоңырау шаласыз?» деген сұрақтың «Үлкендермен мен өзі құралпы балалардың қорқытып, қудалауынан соң» деген нұсқасына 52%, «Ата-анаға ренжіп, ары қарай не істеу керектігін білмеген жағдайда» деген нұсқасына 26%, «Сүйіспеншілік, достық, маххаббат сұрақтары бойынша» деген нұсқасына 12%, «Мұғалім ренжітсе» деген нұсқасына 10% жауап берген. «Егер сіздің досыңыз ауыр қиыншылыққа түсіп, жедел көмекке зәру болды, бірақ сізден ешкімге айтпа деп сөз алған жағдайда не істер едіңіз?» деген сұрақтағы «Уәдені бұзып, ата-анасына, мұғалімдерге айтамын» деген нұсқаға 44%, «Ештеңе істемеймін, уәдеге берік боламын» деген нұсқаға 21%, «Шұғыл сенім телефонына хабарласамын» 19%, «Басқа жолын қарастырамын» деген нұсқаға 16% жауап берген. Осы шараға 3-4 курс студенттері белсене қатысып, анкета алуға, қоғамдық орындарда сауалнама жүргізуге белсенді түрде қатысты. Осындай мазмұндағы күнделікті оқу үрдісінен өзгеше шаралар студенттердің кәсіби даярлығын арттыратынын түсіндік.

Сонымен, жобалау технологиясын меңгеру, оларды оқытушымен бірлескен қызметте тәжірибеде нақты атқарып машықтану және кез келген қызметті өндіріспен байланыстырып отыру студенттің әлеуметтік-педагогикалық жұмысқа кәсіби даярлығын жетілдірудің тиімді жолдары демекпіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру [Электрондық ресурс] - 2017. – URL.: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы.: Ана тілі, 1992. – 160 б.
3. Шалғынбаева Қ.Қ., Албытова Н.П., Сламбекова Т.С. Педагогика: магистранттарға арналған оқулық. - Астана: Идеал, 2017. – 300б.
4. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығы. - 2009. – URL.: <http://www.adilet.zan.kz>

5. Жуасбаева А.Б. Әлеуметтік педагог пен өзін-өзі тану мұғалімдерін отбасымен жүргізілетін жұмысқа дайындаудың кейбір мәселелері// Музыкалық өнер: ғылым және білім. Қазақ ұлттық өнер университетінің 20 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары / Құрастырушылар: М.А. Останькович, Т.В. Харламова. – IV бас., – Астана, 2018. – 258 б.
6. Үсенова Н. 2018 жылғы білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды [Электрондық ресурс] - 2018. - URL.: <https://massaget.kz>
7. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. - А.: Қазақ университеті, 2011. – 225 б.
8. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: краткий словарь понятий и терминов. – М.: Издательство РГСУ, 2016. – 364 б.
9. Албытова Н.П., Жолдасқалиева А.Ж. Студенттердің волонтерлік қызметін ұйымдастыру (оқу-әдістемелік нұсқаулық). – Астана, 2017.-83 б.

N.P. Albytova, A.B. Zhuasbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Improving the vocational training of students for social and pedagogical work

Abstract. This article reviews the functions of social pedagogues in the modern education system, the issues of effective usage of innovative technologies in the training of specialists in social and pedagogical work in higher education, and the main ways of increasing the social activity of students. Work of the social teacher according to qualification characteristics is analyzed. Teachers have to increase the professional competence according to modern innovations and requirements of society.

Students have to take the responsibility for the professional duties at early stages of process and with great interest to develop in the course of training.

The technology of design expands possibilities of pupils to independently investigate, reveal problems, to predict, make decisions and to yield results. Participation of students in volunteer work consists in formation of a civic stand of young people and increase in their social activity in the field of a profession.

Key words: social and pedagogical work, professional training, design technology, volunteer work, social activity.

Н.П. Албытова, А.Б. Жуасбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Совершенствование профессиональной подготовки студентов к социально-педагогической работе

Аннотация. В данной статье рассматриваются функции социальных педагогов в современной системе образования, вопросы эффективного использования инновационных технологий в высшей школе при подготовке специалистов к социально-педагогической работе и основные пути повышения социальной активности студентов. Работа социального педагога анализируется в соответствии с квалификационными характеристиками. Педагоги должны повышать свою профессиональную компетентность в соответствии с современными инновациями и потребностями общества.

Студенты еще на ранних этапах учебного процесса должны ответственно относиться

к своим формируемым профессиональным обязанностям и развиваться не только в процессе обучения, но и во внеучебное время.

Технология проектирования расширяет возможности учащихся самостоятельно исследовать, выявлять проблемы, прогнозировать, принимать решения и давать результаты. Участие студентов в волонтерской работе укрепляет гражданскую позицию молодых людей и повышает их социальную активность в сфере профессии.

Ключевые слова: социально-педагогическая работа, профессиональная подготовка, технология проектирования, волонтерская работа, социальная активность.

References

1. Nazarbayev N. A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Future orientation: spiritual reconstruction], - 2017. Available at: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshy-synyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Zhumabayev M. Pedagogika [Pedagogy], (Ana tili, Almaty, 1992, 160 p.)
3. Shalgynbayeva K.K., Albytova N.P., Slambekova T.S. Pedagogika: magistranttarfa arnalfan oqulyk [Pedagogy: textbook for undergraduates] (Ideal, Astana, 2017, 300 p).
4. Pedagog kuzmetkerler men olarga tenestirilgen tulgalardyn lauazymdarynyn ylgilik biliktilik sipat-tamalaryn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Bilim zhane gylym ministrinin 2009 zhylygy 13 shildedegi N 338 Bujrygy [About a statement Standard qualification characteristics of positions of the pedagogical workers and persons equated to them. Order of July 13, 2009 №338 of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan] - 2009. - Available at: <http://www.adilet.zan.kz>
5. Zhuasbayeva A.B. Aleumettik pedagog pen ozin-ozu tanu mugalimderin otbasymen zhyrgiziletin zhumska dajyndaudyn kejbir maseleleri. Muzykalyk oner: gylym zhane bilim. Kazak ulttyk oner universitetinin 20 zhyldygyna arnalgan Halykaralyk gylymi-tazhibelik konferencijany materialdary [Some questions of training of social teachers and teachers self-knowledge to family work//Musical art: science and education. Materials of the international scientific and practical conference, devoted to the 20 anniversary of the Kazakh national university of arts], : M.A. Ostantkovich, T.V. Kharlamova. IV vyp – Astana, 2018. – 258 p.
6. Usenova N. 2018 zhylygy bilim granty iegerlerini tizimi zharijalandy [The list of owners of the educational grant of 2018] 2018. - Available at: <https://massaget.kz>
7. Karimov A.N. Pedagogikalyk kyzmet zhane pedagogikalyk sheberlik negizderi [Pedagogical activity and bases of pedagogical skills]. (Kazakh university Almaty, 2011, 225 p).
8. Mardakhayev L.V. Social'naja pedagogika: kratkij slovar' ponjatij i terminov [Social pedagogics: short dictionary of concepts and terms], (RGSU, Moscow, 2016, 364 p).
9. Albytova N.P., Zholdaskalyeva A.Zh. Studentterdin volonterlik kyzmetin ujymdastyru [Organization of volunteer activities], (Astana, 2017, 83 p.)

Авторлар туралы мәлімет:

Албытова Н.П. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич, 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Жуасбаева А.Б. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич, 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Albytova N.P. - Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of Social Pedagogics and Self-Knowledge Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Zhuasbayeva A.B. - Master degree Student of Social Pedagogics and Self-Knowledge Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.35.01

Н.П. Албытова, С.К. Смайлова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: nalbytova@mail.ru, salikhas@inbox.ru)*

Рухани модернизациялау жағдайында болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау

Аннотация. Мақалада болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау мәселесі қарастырылады. Сондай-ақ, педагог-психологтардың заманауи кәсіби білімінің өзекті мәселесіне назар аударылады. Педагог-психологты кәсіби даярлаудың тарихи даму сатыларына шолу жасалып, қазіргі отандық жоғары білім берудегі педагог-психологтарға кәсіби білім берудің кейбір ерекшеліктері көрсетілген. Өзгермелі әлемде болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау мәселесіне бағытталған ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, кәсіби іс-әрекеттің табысты болуы үшін заманауи маманның бойында табылуға тиіс жеке және кәсіби қасиеттердің белгілілері ұсынылады. Олардың болашақ мамандар үшін өмірлік маңызды міндеттерді өздігінен анықтауға және оларды шешу жолдарын табуға ықпал ететіндігі қарастырылады. Қоғамның және мемлекеттің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер еліміздің білім беру жүйесінде елеулі өзгерістерге әкелетіндігін ескеріп, толыққанды білім беру жүйесінің құрылымының маңызды бөлігі ретінде құзыретті және білікті педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындауда сыни ойлау (critical thinking), креативтілік (creativity), коммуникативтілік (communication) және командада жұмыс істеу (cooperation) негізге алу ұсынылады.

Түйін сөздер: кәсіби іс-әрекет, кәсіби іс-әрекетке дайындық, маман тұлғасы, жоғары білім, педагог-психолог, жоғары оқу орны.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-27-34>

Кіріспе. Елбасы 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды дайындау қажеттілігіне баса назар аударады. Себебі, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекеге қабілеттілік сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күш. Әсіресе, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді мамандарды дайындау таяу жылдарға арналған басты міндеттердің бірі ретінде атап көрсетті [1].

Сондықтан, білімді маман дайындауда сапалы жоғары кәсіби білім беру жағдайы өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз. Осыған байланысты, рухани модернизациялау жағдайында ЖОО студенттерді кәсіби іс-әрекетке дайындау үдерісіне талдау жасап, жаңа заманның талаптарына сай тиімді шарттарды ұсыну басты мақсатымыз болып табылады. ХХІ ғасырда қоғамның сұранысына ие болып, белсенді дамып келе жатқан мамандықтардың бірі «Педагогика және психология» - 5В010300. Себебі, күн сайын өзгеріп жатқан ақпараттық ғасырда, адамзаттың рухани жан дүниесі дағдарысқа, қарама-қайшылықтарға жиі кезігеді. Осы жағдайда, педагог-психолог түрлі жағдаяттағы тұлғаларды тыңдап, тұрақты қарым-қатынас жасап, шиеленісті жағдайларды шешу жолдарын табуға кәсіби маман ретінде көмектесіп, қолдау көрсететін беделді кәсіп иесі.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігі, даму тарихы және осы салада ЖОО – да маман дайындау жағдайының өзіндік қалыптасу жағдайы бар.

Мәселен, шет елдерде білім үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету жағдайына деген қызығушылық пен қажеттілік ХІХ ғасырдың соңынан басталады. Американдық және француздық психологтар мектеп тәжірибесіне балалардың

интеллектуалды қабілеттерін өлшеуге байланысты тесттерді енгізуге тырысады.

Кеңестік кезеңде оқыту үдерісінде психологиялық білімді практикалық қолданудың алғашқы әрекеттері ХІХ және ХХ ғасырдың ортасында баланың әлеуметтік – биологиялық ерекшеліктерін зерттейтін педагогика саласының дамуымен байланысты. Осыдан, өткен ғасырдың 20-30 жылдарында білім беруді психологиялық және педагогикалық қамтамасыз ету қарқынды дамыды және осы бағыттағы қызмет түрлері кеңінен көрсетіле бастады [2].

Қазақстандық білім берудегі психологиялық қызметке ХХ ғ. 20-30 жж. Ресейдегі әлеуметтік-тарихи жағдайлар әсер етті. 1920 жылы Қазақ автономды республикасы статусын алғаннан кейін, мектеп тәжірибесінде ғылыми және тәжірибелік психологиялық қызметті енгізу өзектілігі республиканың халықтық білімге қойылатын міндеттері ретінде біршама кеңейтілді.

Алайда, 1936 жылы КПСС Орталық Комитетінің (б) «Наркомпос жүйесіндегі педагогикалық бұзылулар туралы» жарлығының қабылдануының нәтижесінде оқу процесін психологиялық қамтамасыз ету бойынша барлық жұмыстар көптеген жылдарға тоқтатылды. Бірқатар Қазақстанның ғалымдары балалармен жұмыстардың педагогикалық жағына байланысты сынға ұшырады. Республикалық мектептер институтының аға ғылыми қызметкері Ш.Альжанов оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін зерттей отыра, оларды алдыңғы қатарлы, орташа және әлсіз деп бөлгені үшін басқарушы тарапынан айып тағылып, репрессияға ұшыраған [3].

Тек, ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасында ғана осы салаларда зерттеулер жүргізіліп, оларды мектептерде қолдану туралы ізденістер қайта жаңғыртылды.

Қазақстанда (КСРО құрамында) ХХ ғ. 60 жж. жас ерекшелік, тәжірибелік, педагогикалық психология және психодиагностика салалары бойынша зерттеулер қайта жаңғыртылды. Экспериментті жүргізу барысында ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, мектептерде психологиялық-педагогикалық зерттеулер жүргізген жоғары оқу орындарының оқытушылары, тәжірибеден өткен студенттер де өз үлестерін қосып, ат салысты. 1966 жылы педагогика, психология және оқыту әдістемесі бойынша Алматы қаласында өткен алғашқы Республикалық семинарда білім беру жүйесіне бағытталған кәсіби психологтарды дайындау мәселесі талқыланды (Т.Тажимаев, М.Мұқанов, А.Темирбеков, С.Балаубаев, Т.С.Садыков, М.Э.Кудайкулов, Т.С.Сабыров, Е.О.Жуматаева және т.б.) [4]. Қазақстанның психологиялық-педагогикалық ғылымының дамуында Т.Т.Тажимаев және М.М.Мұқанов сияқты көрнекі ғалымдардың рөлдері баға жетпес. КСРО психологтар қоғамының мүшесі бола тұра, Т.Т.Тажимаев алғаш рет психологтың білім алушылармен жұмысын ұйымдастыру туралы мәселелерді алға қойды және оның ғылыми проблематиканың деңгейіне дейін көтерді. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында психология кафедрасының болашақ меңгерушісі М.М.Мұқанов өзінің еңбектерінде балалармен жұмыс істейтін мамандардың психологиялық дайындық деңгейін жоғарылату қажеттілігіне баса назар аударды.

1980 жж. соңында қазақстандық ғалымдардың мектеп психологының біліктілік моделін әзірлеуге бағытталған талпыныстары жаңа мамандықтың ашылуына ықпал етті.

1990 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетте «Педагогика және психология» жаңа мамандығының ашылуында маңызды рөл атқарған психология ғылымдарының докторы, профессор В.К.Шабельниковты атап айтуға болады. В.К.Шабельников Қазақстанның алдыңғы қатарлы педагогикалық жоғары оқу орнының базасында осы мамандықтың ашылуына бастамашы болды. Педагогика кафедрасымен бірлесе отырып, педагог-психологтың кәсіби маңызды құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған оқу жоспары әзірленіп, жетекші профессор ғалымдар арнайы дәріс сабақтарын жүргізуге шақыртылды.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін, педагог-психологтарды дайындау ЖОО

қарқынды жүзеге асырыла басталды. Жоғары кәсіби білім, Қазіргі таңда, дамыған елдер қатарына қосылу мақсатында елбасының халыққа жолдаулары жарыққа шығып, әр түрлі стратегиялық бағдарламалар жобаланып, іске асылырып жатыр. ЖОО – да мамандарды дайындау үдерісі әлеуметтік тапсырыстарды ескеріле отырып жүргізіледі. Мамандық сипаттамасы, негізгі кәсіби бағыттар, негізгі пәндер циклі, бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар т.б. ҚР жалпыға міндетті білім беру стандартында сипатталған. Бакалавриат білім беру бағдарламасы модульды оқыту қағидасы бойынша құрылады, «педагогика және психология» мамандығының студенттері жалпы білім беру пәндері (философия, Қазақстан тарихы, қазақ тілі, ағылшын тілі т.б.), базалық пәндер (педагогика, психология тарихы, мамандыққа кіріспе, даму психологиясы, этнопедагогика, этнопсихология, психологиялық менеджмент, қазіргі мектепті басқарудың педагогикалық менеджменті) және бейіндеуші пәндер (педагогикалық шеберлік, экспериментальды психология, педагогиканы оқыту әдістемесі, психологияны оқыту әдістемесі, практикалық психология т.б.) циклі бойынша теориялық және кәсіптік практика түрлері бойынша практикалық білімдер алады.

Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетке дайындау үдерісінің мәнін анықтау «дайындық», «кәсіби іс-әрекетке дайындық» деген ұғымдарды талдауды талап етті.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдардың соңынан бастап (В.С.Ильин, В.Ф.Райский, С.Л.Рубинштейн, Н.К.Сергеев, В.В.Серииков және т.б.) әртүрлі іс-әрекет түрлеріне дайындық жағдайы жан-жақты зерттелініп келеді және осы күнге дейін оның мәні мен құрылымын ашатын ауқымды материалдар жинақталған. Дайындық мәселесіне арналған зерттеулерді талдау кәсіби іс-әрекетті орындаудың ең маңызды шарты ретінде түсінуге мүмкіндік берді.

Маманның болашақ кәсіби іс-әрекетіне дайындығын В.А.Сластенин 3 деңгейде қарастырады: жеке тұлғалық, теориялық және технологиялық (операциялық-әрекеттік). ЖОО – да алған білім, білік және дағдыларын іс-әрекеттің қандай саласында іске асыруы маманның жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты болады.

К.К.Платоновтың зерттеулерінде кәсіби дайындық - бұл өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылатын, кәсіби іс-әрекетке қабілетті әрі дайын екендігін саналы түрде білетін тұлғаның субъективті жағдайы.

В.П.Каширин, Ю.В.Прошунина маманның кәсіби іс-әрекетке дайындығын күрделі, көпдеңгейлі, түрлі жүйелі психикалық білім ретінде қарастырады, ең алдымен маманның мамандыққа сәйкес кәсіби құзыреттілік деңгейі, кәсіби шеберлігі, сонымен қатар, өзін-өзі реттеу қабілеті, тиісті іс-әрекеттерге бейімделуі, тиісті жағдайларда қойылған тапсырмаларды шешудегі кәсіби (рухани, жеке және физикалық) потенциалының мүмкіндігі деп түсіндіреді [5].

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кәсіби іс-әрекетке дайындықты зерттеудің екі тәсілі бар: функционалды (М.И.Дьяченко, Ж.А.Кандыбович, В.А.Сластенин және т.б.) және жеке тұлғалық (В.С.Ильин, Е.С.Кузьмин, В.С.Мерлин, В.В.Серииков, В.А.Ядов және т.б.). Функционалды көзқарас тұрғысынан дайындық - бұл адамның мінез-құлқын сипаттайтын психологиялық және әлеуметтік қатынастарды орнататын белгілі бір функционалды жағдайлар арқылы іс-әрекетке маңызды кәсіби қасиеттер анықталады. Іс-әрекетке дайындықты зерттеуде жеке-тұлғалық көзқарас кәсіби және күнделікті іс-әрекетті реттеудегі олардың ролінің ерекшеліктері мен жеке тұлғалық маңызды кәсіби қасиеттер бірлігі деп түсіндіріледі. Бұл жағдайда жетекші интегративтік рөлді нақты іс-әрекетке бағыттылығын айқындайтын жеке қасиеттер атқарады (В.С.Ильин, В.В.Серииков, Е.А.Крюкова және т.б.).

Педагогикалық іс-әрекетке дайындық деңгейі, кәсіби-педагогикалық білім, білік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдердің мазмұны мен формаларын жасауға арналған көптеген зерттеулер бар (О.А.Абдуллина, П.Р.Атутова, В.П.Беспалько,

В.И.Загвязинского, А.И. Пискунова, В.Д.Симоненко, В.А.Сластенина, С.Н.Чистякова, А.И. Щербакова т.б.).

Кәсіби білім беруге арналған тұжырымдамаларды, студенттерді кәсіби дайындауға арналған әр-түрлі тұғырларды жасауда үлес қосқан ғалымдар С.Я.Батышев, А.Т.Глазунов, А.М.Новиков, Г.М.Романцев, И.П.Смирнов, Е.В.Ткаченко айтуға болады.

Психология саласында дәстүрлі түрде кәсіби іс-әрекетті психологиялық талдау әдістері мен принциптерін (Б.Г.Ананьев, И.Я.Басов, С.Выготский, П.Я.Гальперин, А.И.Донцов, В.А.Понамаренко т.б.), кәсіби маңызды құндылықтардың құрылымын, іс-әрекетті реттеу механизмдерін қарастырған ғалымдар (А.П.Егоршин, А.Н.Леонтьев, Г.Ю.Ксензова, Х.И.Лейбович, Б.Ф.Ломов, А.И.Пригожин, С.Л.Рубинштейн, М.С.Савина, А.Ф.Шикун т.б.) [6].

Сонымен, кәсіби іс-әрекетке дайындық дегеніміз кәсіби дайындықтың нәтижесі ғана емес, әрбір жеке тұлғаның өзін-өзі сәтті іске асыруында бастапқы және маңызды шарт деп түсінуге болады.

Ал, болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау үдерісінің құрылымын талдайтын болсақ, көптеген ғалымдар кәсіби іс-әрекетке дайындық деңгейін кәсіби дағдылар анықтайды деп көрсетеді.

Р.В.Овчарова педагог-психологтың кәсіби дағдылары деп алған кәсіби білімдерін өзінің іс-әрекетінде қолдана білу деп есептейді. Кәсіби дағдыларды келесідей жіктеуді ұсынады:

- гностикалық (қажетті ақпаратты іздеу, қабылдау және өңдеу);
- жобалаушылық (мақсат-міндеттері қою, болжау);
- құрылымдық (әдіс-тәсілдер мен құралдарды таңдау);
- ұйымдастырушылық (білім алушыларға қолайлы жағдайларды қалыптастыру);
- коммуникативтік (өзара қарым-қатынас)
- рефлексивтік (жеке тұлғасына, іс-әрекетіне, қарым-қатынасына өзіндік талдау) [7].

А.М.Кумушкуловтың еңбегінде студентті кәсіби іс-әрекет дайындау құрылымы келесі негізгі компоненттерге (мотивациялық, мазмұндық-операциялық және рефлексивтік) бөліп қарастырылған, оның құрылымы 1 суретте көрсетілген. Ол компоненттер бір-бірімен өзара байланысты және өзара әрекеттеседі [8].



Сурет 1. Болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетке дайындық құрылымы

Заманауи педагог-психолог мамандарды кәсіби іс-әрекетке дайындау құрылымын әзірлеу барысында, әлемдік зерттеулер қазіргі өмірге неғұрлым қажетті деп қарастыратын 4К моделін: сыни ойлау (critical thinking), креативтілік (creativity), коммуникативтілік (communication) және командада жұмыс істеу (cooperation) сияқты мазмұнмен толықтыру қажеттігі туындап отыр. Бұл туралы 2018 жылы 5 қазанда Президент өзінің жолдауында қазіргі білім беруде 4К моделіне ерекше назар аударылып жатқандығын атап айтқан болатын. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетке дайындықтарын күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде, ЖОО жалпы білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыра отырып, біз келесі құрамдас компоненттерді: болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіне дайындау үдерісіне қоғамның талаптары, болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетіне дайындық үдерісін қалыптастырудың міндеттері, критерийлері мен нәтижесі деп қарастырып, оның үлгісін 1 кестеде ұсынып отырмыз.

1 кесте - Рухани модернизациялау жағдайында болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау құрылымы

Білім беру тапсырысы (ҚР МЖМБС)			
Мақсаты: Рухани модернизациялау жағдайында болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындау			
МІНДЕТТЕР:			
Болашақ педагог-психологтардың педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттің нормалары, ережелері, коммуникативтік қабілеттерін және педагог-психологтың жеке тұлғасы туралы жалпы түсініктерін, қалыптастыру	Болашақ педагог-психологтарды педагогикалық білімдер жүйесімен қаруландыру; командада жұмыс істеуге қабілетті болу, кез-келген жағдайда саналы шешім қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру; әлеуметтік-этикалық құндылықтарды студенттер бойында қалыптастыру және өзінің кәсіптік іс-әрекетінде оларға сүйене білу, заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу дағдыларын қалыптастыру;	Тиісті инновациялық технологиялар жүйесін меңгерту және педагог-психолог іс-әрекетінің кәсіби-педагогикалық стилін қалыптастыру;	
Рухани модернизациялау жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетке дайындықтарын қалыптастыру үдерісін ұйымдастыруда (4К моделі бойынша)			
Коммуникативтік	Креативтілік	Командада жұмыс істеу:	Сыни ойлау

Студенттердің кәсіби іс-әрекетке дайындықтары 3 деңгей бойынша тест, сауалнамалар жүргізу арқылы анықталды: төмен деңгей (репродуктивті), орташа (репродуктивті-шығармашылық), жоғары деңгей (конструктивті-шығармашылық). Дайындық деңгейі жоғары (3) – толықтай дайын; орташа (2) – жеткілікті дәрежеде дайын; төмен (1) – дайын емес, жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, 23,30% осы қызметке толықтай дайын; 47,70% - іс жүзінде дайын, 29% дайын емес екендіктерін көрсеткен.

Қорытынды. Қазіргі заманғы жоғары кәсіби білім беру стратегиясы болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, кәсіби дайындық фундаменталды білім деңгейінде де, маманның негізгі құзыреттілігі деңгейінде де сапалы болуы керек. Жоғары кәсіби білім беру жүйесінде болашақ маманды кәсіби іс-әрекетке дайындау сапасы қазіргі заманғы мамандықтың бәсекеге қабілеттілігінің критерийлерінің бірі болып табылады, ол сайып келгенде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін айқындайды.

Қоғамды рухани модернизациялау жағдайында болашақ педагог-психологтарды кәсіби іс-әрекетке дайындауда олардың сыни ойлау (critical thinking), креативтілік (creativity), коммуникативтілік (communication) және командада жұмыс істеу (cooperation) қабілеттерін дамыту мамандардың дайындық деңгейін жетілдіру мүмкіндігі деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Н. Назарбаев // Ақиқат. - 2017. – Алматы қ. №5. - 4-12 б.
2. Тажибаев Т.Т. К.Д. Ушинскийдің психологиясы және педагогикалық психологиясы / Т.Т. Тажибаев. – Алма-Ата: КазОГИЗ, 1948. – 207 б.
3. Калкеева К.Р., Аймагамбетова Р.Х., Джексембаева Г.С. История педагогической науки и образования Казахстана. Учебное пособие, рекомендованное МОН РК / К.Р. Калкеева, Р.Х. Аймагамбетова, Г.С. Джексембаева – Алматы: Эверо, 2018. – 370 с.
4. Иргебаева Н. М. Психология: оқулық / Н. М. Иргебаева. - Алматы: Нур-Принт, 2015. - 527 б.
5. Слостенин В.А., Беловолов В.А., Ильенко Е.В. Личностно ориентированное обучение в процессе профессиональной подготовки специалиста // Сибирский педагогический журнал – 2008. С. 117-129.
6. Формирование готовности студентов вуза к будущей профессиональной деятельности [Электрон. ресурс]. – 2010. – URL: <http://наука-pedagogika.com/> (Дата обращения: 15.12.2018г.)
7. Овчарова, Р.В. Практическая психология образования: Учеб. пособие для студ. психол. фак. университетов / Р.В. Овчарова - М.: Издательский центр «Академия», 2003.- 448 с.
8. Кумушкулов А.М. Формирование готовности к профессионально-педагогической деятельности будущих педагогов-психологов: диссертация кандидата педагогических наук: 13.00.08. - Магнитогорск, 2006. - 204 с.

N.P.Albytova, S.K.Smailova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Training future educational psychologists for professional activity in the conditions of spiritual modernization

Abstract. The article deals with the issue of professional training of educational psychologists. Also, attention is paid to current issues of modern vocational education. An overview of the stages of the historical development of professional training of a educational psychologist is given and some features of vocational education in modern domestic higher education are shown. Based on the work of scientists focused on the problem of preparing future educational psychologists for professional activities in a changing world, the personal and professional qualities that are necessary for a modern specialist to achieve success in professional activities are proposed. Their influence on future specialists in the determination of vital tasks and ways to solve them is considered. Considering that changes in the social structure of society and the state can lead to significant changes in the education system of a country, it has been proposed to prepare for professional activities on the basis of critical thinking, creativity, communication and cooperation competent and qualified educational psychologists.

Key words: professional activity, preparation for professional activity, personality of a specialist, higher education, educational psychologist, higher educational institution.

Н.П.Албытова, С.К.Смайлова

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
(E-mail: nalbytova@mail.ru, salikhas@inbox.ru)*

Подготовка будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности в условиях духовной модернизации

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки будущих педагогов-психологов. Также особое внимание уделяется актуальным проблемам современного профессионального образования педагогов-психологов. Проведен обзор исторических этапов развития профессиональной подготовки педагога-психолога, показаны некоторые особенности

профессионального современного отечественного высшего образования. Опираясь на ряды работ ученых, направленных на проблему подготовки будущих педагогов-психологов к профессиональной деятельности в меняющемся мире, предложены личностные и профессиональные качества, которые необходимы для современного специалиста для достижения успеха в профессиональной деятельности. Рассматривается их влияние на будущих специалистов при определении жизненно важных задач и путей их решения. На основе критического мышления (critical thinking), креативности (creativity), коммуникативности (communication) и работы в команде (cooperation) в статье предложено подготовить компетентных и квалифицированных педагогов-психологов к профессиональной деятельности, учитывая, что изменения в социальной структуре общества и государства могут привести к значительным изменениям в системе образования страны.

Ключевые слова: профессиональная деятельность, подготовка к профессиональной деятельности, личность специалиста, высшее образование, педагог-психолог, высшее учебное заведение.

References

1. Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Looking to the future: the modernization of social consciousness] (Akikat, 2017, №5, p. 4-12)
2. Tazhibayev T.T. K.D. Ushinskijdin psihologijasy zhane pedagogikalyk psihologijasy [Psychology and pedagogical psychology of Ushinskyi], (Almaty, KazOGIZ, 1948, 207 p)
3. Kalkeeva K.R., Ajmagambetova R.H., Dzheksembaeva G.S. Istorija pedagogicheskoy nauki i obrazovaniya Kazahstana. [History of pedagogical science and education in Kazakhstan.]: The manual recommended by the MES RK (Jevero, Almaty, 2018, 370 p).
4. Irgebaeva N.M. Psihologiya [Psychology]: okulyk. Abaj atyndagy KazUPU. (Nur-Print, Almaty, 2015, 527 p.)
5. Slastenin V.A., Belovolov V.A., Il'enko E.V. Lichnostno orientirovannoe obuchenie v processe professional'noj podgotovki specialist [Personally oriented training in the process of professional training], Siberian Pedagogical Journal, 2008. p. 117-129.
6. Formirovanie gotovnosti studentov vuza k budushhej professional'noj dejatel'nosti [Formation of university students readiness for future professional activity] [Electronic resource], 2010. Available at: <http://nauka-pedagogika.com/> (Accessed: 15.12.2018)
7. Ovcharova R.V. Prakticheskaja psihologija obrazovaniya [Practical psychology of education]: Training allowance for stud. psychol. a fact universities. — (Izdatel'skij centr «Akademija», Moscow, 2003, 448 p).
8. Kumushkulov A.M. Formirovanie gotovnosti k professional'no-pedagogicheskoy dejatel'nosti budushhih pedagogov-psihologov [Formation of readiness for professional and pedagogical activity of future teachers-psychologists]: dissertation of the candidate of pedagogical sciences: 13.00.08. (Magnitogorsk, 2006, 204 p).

Авторлар туралы мәлімет:

Албытова Н. П. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Смайлова С. К. - «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Albytova N.P. - Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-Cognition, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Smailova S.K. - Master degree Student of the specialty «Pedagogy and Psychology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

IRSTI 14.35.07

**B.E. Alimzhanova, Zh.K. Abeldina, Zh. K. Moldumarova,
Zh.E. Moldumarova, R.K. Abeldina**

*S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan
(E-mail: alim-bal@yandex.kz, abel-09@yandex.kz, jibek-mol@mail.ru,
moldumarova@mail.ru, rauza-k12@mail.ru)*

The evaluation effectiveness of the university professor`s activities by rating system

Abstract: The development issues of market relations in the field of higher education in order to improve the quality of learning services are shown in this article. The introduction of credit learning technology allows to stimulate students` cognitive activity, strengthens motivation and increases academic mobility. The process is analyzed, the ways of solution to the problems in condition of functioning of the credit system of the students are proposed. It is revealed how to strengthen the motivational activity of another key figure in the educational process - the university professor. Because the quality of the teaching staff is also the quality of the knowledge obtained by students. In conditions of the credit-rating system, not only students earn points, but university professors have to prove and improve their skills, which is assessed by the scores. Not only competence but also the professor`s salary is assessed by the rating method.

Key words: Rating system, education quality assessment, learning service, university professor`s rating.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-35-41>

Introduction. As the world practice has demonstrated, education and science are recognized as the most important priorities of the national strategy for the development of countries. Meanwhile, in general, the society has not allocated sufficient resources for higher education, which allows resolving satisfactorily the issues of the society itself. According to UNESCO experts, this situation is connected with the tendency of approach to this problem from the point of view, as if educational institutions are economic enterprises, goods producing industries and sale services [1]. This approach is created by the application of market principles based on freedom of choice and competition that are not directly applicable to higher education, since education is not an economic branch, its products are not identical with financial categories, it is itself a key function of existence and development society.

The commercialization in the educational and scientific spheres is caused by state role changes in these areas, knowledge is becoming a specific commodity that plays a mutually beneficial role in the cost system and consumer society.

According to the World Bank, Kazakhstan`s education expenditures on GDP (Gross Domestic Product) are 2.8%, it is less than Iran`s (2.9%), Russia is (3.8%), but it is more than Afghanistan (2, 5%).

We rank 127th in the general ranking of the level of education expenditure from 153 countries. According to the official MES report, over 40% of 15-year-olds were not able to complete second-level assignments in PISA tests, while in the countries of the Economic Commonwealth the figure is around 20% [2].

2009		2012
405 points (53rd place)		432 points (49th place)
400 points (58th place)		425 points (52nd place)
390 points (59 place)		393 points (63rd place)

Picture 1 - Kazakhstan`s results according to the International Program on the Evaluation of Students` Educational Achievement (PISA)

Thus a reorientation to the solution of main task of modern education is necessary: it is the training of specialists who are able to adapt quickly and successfully in the difficult situations and make the right decisions in any situations even the most extraordinary situations.

According to the modern studies, conducted both here and abroad, the intellectual level of students is falling, because of computer technologies, simplifying the search for necessary information, which leads to certain degradation of mental activity. This especially has an impact on the study of the disciplines of the mathematical and natural-educational cycle [3,4].

To date, among all the problems associated with changing social and economic relations, the formation of Kazakhstan`s market economy and entry into life of all the necessary attributes of a market economy, including such a primary factor of self-sufficiency and a pledge of prosperity, which is competition, the commercialization of the educational sphere has been the most controversial issue. Until recently, education and commerce were perceived by society as antagonistic concepts. In the public mind there was a persistent conviction against market relations in the educational activity.

Method. The realization of the market entities of the economy of Kazakhstan has fundamentally changed the priorities in the activity of the country`s higher school. The ultimate goal remains the same - the training of a highly qualified specialist in demand on the labor market. However, the ways to achieve this goal have changed significantly.

Whereas previously all the attention of the teaching staff was focused on the quality of the educational and methodological and scientific organization of the educational process and the staffing of highly qualified lecturers but today the faculty need take care of filling the classrooms with student contingents, i.e. the professors` career guidance activities are increasing.

The economic situation has a significant impact on the emerging labor market and identifies the irregularities of the available structure of labor staffs to the public needs. The growth of unemployment affects the younger generation, graduates of universities. Therefore, the goal of the teaching staff is not only to provide the necessary knowledge, but also taking into account the demand to prepare a competitive, able to learn, a modern specialist. Since 2004 the three-level system of training personnel (bachelor-master-doctor of philosophy) has been implemented in our university in accordance with the Bologna Agreement using the credit-rating system of training which has given dynamism to the introduction of new educational technologies, the activation of teaching methods, the introduction of elective academic disciplines that approximate the traditional academic fundamentalism to the realities of the labor market needs.

The introduction of credit learning technology allows to stimulate cognitive activity of students, strengthens motivation and increases the academic mobility. But how to strengthen the motivational activity of another key figure in the educational process – a university professor? This is because the quality of the teaching staff is also the quality of the knowledge obtained by the students. Not only competence, but also the professor`s salary is assessed by the rating method.

Since 2007 these so-called questionnaires to determine the teacher`s rating have been tested at the university, in which an attempt has been made to evaluate all the activities of the professor in scores. For this purpose, indicators of the rating have been developed, it was consisted of scores on academic work,

teaching and research work, research work with students, career guidance work and educational work, according to the sections of the professor's individual plan approved at the beginning of the academic year.

Results and Discussion. Since 2008, an additional payment of teaching work has been introduced, according to the earning points, a payment from 0 to 30% has been done on the basic salary. Year after year the indicators have been improved, these were discussed and raised by the teaching staff of the departments, the proposals submitted by the teaching staff for improving the accounting and those activities that had not been previously entered in the questionnaire were taken into account, but were implemented by teachers, for example, participation in various commissions, publications in high-ranking journals, included in the databases Clarivate Analytics, Scopus, Elsevier, Springer Link, with a quartet, etc.

Table 1 – University professor's rating questionnaire

№	Group / indicator name	Unit of measurement	Number of units.	Grade, points			Document application numbers
				Per unit	maximum	Total	
1.	Research and innovation activities				1034,0		
1.1.	Participation in funded research						
1.2.	Edition of the monograph:						
1.3.	Training of scientific personnel:						
1.4.	Scientific publications:						
1.4.1.	in periodicals included in the database Clarivate Analytics, Scopus, Elsevier, Springer Link, with quartile:Q1- Q4						
...							
1.5.	Obtaining of protection documents for intellectual property:						
1.6.	Introduction of scientific results in the production based on research results						
1.7.	Advanced training and testing of scientific results:						
2.	Teaching activity and educational-methodical work				362,0		
2.1.	Including video lectures in the educational process	Topic					
2.2.	Conducting classes in the online mode	Subject					
2.3.	Results of the survey of students on the quality of teaching discipline:						
2.5.	Open door classes and seminars:						
2.7.	Publication of educational and methodical literature:						
...							
3.	Work with students				151,0		
3.1.	Good curatorial work	-					
3.3.	Holding of meetings, poetry events, competitions, conferences, sports games, subject Olympiad and other educational activities:						
3.5.	Cultural and sport events achievement of the group						
4.	Development support of JSC "KATU named after S. Seifullin"				394,0		
Впервые дуэт национальной сборной Республики Казахстан по артистическому плаванию выступил на Олимпийских играх 2000 года. На сегодняшний день только дуэты успешно, выдерживая высокую конкуренцию и жесткую систему отбора, принимают участие в главных Играх четырехлетия.

Результаты выступления дуэтов сборной РК на Олимпийских играх наглядно изображены в таблице 4.

Таблица 4. Результаты выступления сборной команды Республики Казахстан по артистическому плаванию в программе «дуэт» на Олимпийских играх за период с 2000 по 2016 годы

№ п.п.	Олимпийские игры (город, год)	Кол-во стран	Фамилия, имя участников сборной РК	Место занятое РК
1	Сидней - 2000	24	Каримова А., Шатная Г.	22
2	Афины - 2004	24	Каримова А., Токтаган А.	18
3	Пекин - 2008	24	Керей А., Токтаган А.,	20
4	Лондон - 2012	24	Жексенбинова А., Кулькина А.,	15
5	Рио-де Жанейро - 2016	24	Немич Е., Немич А.	15
	Средние данные	24		18

Как видно из таблицы 4, дуэт артистического плавания молодой Республики Казахстан стабильно улучшает свои позиции. Например, на играх в Сиднее-2000 спортсменки заняли 22 место, а на играх в Рио-де-Жанейро 2016 года заняли 15 место среди 24 стран.

Вывод. Результаты анализа спортивных достижений показали положительную динамику выступлений сборной Казахстана по артистическому плаванию на Азиатском континенте, где команда стабильно занимает третье почетное место после команд Японии и Китая. Несмотря на недостаточную конкурентоспособность на мировой спортивной арене улучшаются позиции на чемпионатах мира и Олимпийских играх.

В целом, сборную Казахстана по артистическому плаванию можно охарактеризовать как молодую и перспективную команду.

Список литературы

1. URL: <http://www.allsportinfo.ru/index.php>
2. Парфенов В.А., Кононеко Ю.А. Синхронное плавание.- Киев: Здоровье, 1979.-104 с.
3. Булгакова Н.Ж., Максимова М.Н., Маринич М.Н. Водные виды спорта.- Москва: Академия, 2003.-320с.
4. URL: <http://www.doha-2006.com/gis/Sports/SY/IGSYSchedule.aspx>.
5. URL: <http://www.sadec.com/Asiad98/event29.html#SSwim>.
6. URL: http://web.archive.org/web/20021230113652/http://busanasiangames.org/Eng/ag/ba_

scd_game_re_1.asp?GM_STATUS=2&GM_ID=SYW01&GM_FG=SY01&Gm_No=0&Gm_Grp=&Gm_Part=&Language=KOR&GM_DATE=20020930.

7. URL: <http://web.archive.org/web/20061223004904/http://www.doha2006.com/gis/Sports/SY/IGSYSchedule.aspx>.

8. URL: http://busanasiangames.org/Eng/AG/ba_scd_game_re_1.asp?GM_STATUS=2&GM_ID=SYW02&GM_FG=SY01&Gm_No=0&Gm_Grp=&Gm_Part=&Language=KOR&GM_DATE=20020930.

9. URL: https://wiki2.org/en/Synchronized_swimming_at_the_2014_Asian_Games_%E2%80%93_Women%27s_combination.

10. URL: https://wiki2.org/en/Synchronized_swimming_at_the_2010_Asian_Games_%E2%80%93_Women%27s_combination.

11. URL: http://web.archive.org/web/20061215122057/http://www.doha-2006.com/gis/Sports/SY/IGSYResults_Free.aspx?rscid=1-401-5.

12. URL: <http://www.asiaswimmingfederation.org/home.php>.

13. Synchronised swimming rules, fina synchronised swimming manual for judges, coaches & referees. According to FINA Handbook 2013 – 2017.

**Д.Т. Онғарбаева, Г.Б. Мәдиева, С.Ж. Отаралы, Н.О. Байзақова,
К.К. Герасимчик**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Әртістік жүзуден Қазақстан Республикасы құрама командасының халықаралық спорттық аренадағы жарыстық іс-әрекеті

Аннотация. Мақалада әртістік жүзуде маманданған Қазақстан Республикасы споршы қыздарының Жазғы Азия ойындары, Әлем Чемпионаттары, Олимпиада Ойындары секілді халықаралық жарыстарда өнер көрсету нәтижелеріне талдау жасалған.

Мақала авторлары зерттеу мәселесі бойынша халықаралық жарыстар нәтижелеріне талдау жасалап, оларды жіктеп, әртістік жүзудің Қазақстан Республикасында даму динамикасын қарастырады. Мақала нәтижелері дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандар, әртістік жүзудің жанкүйерлері назарына бағытталған.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасындағы әртістік жүзу, жазғы Олимпиада ойындары, жазғы Азия ойындары, Әлем чемпионаты, соло бағдарламасы, дуэт бағдарламасы, топ бағдарламасы, әртістік жүзуден құрамдастырылған бағдарлама.

D.T. Ongarbaeva, G.B. Madiyeva, S.Zh. Otaraly, N.O. Baizakova, K.K. Gerasimchik

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Competitive activities of the national team of the Republic of Kazakhstan in artistic swimming at the international sports arena

Abstract. The article analyzes the achievements of the national team of Kazakhstan in artistic swimming at international competitions, such as the summer Asian Games, World Championships and the Olympic Games.

The dynamics of artistic swimming development in sovereign Kazakhstan is seen by authors of the paper on the basis of analysis and generalization of the results of the international sporting activity of the investigated problem.

The article is intended for specialists in the field of physical culture and sports, as well as artistic swimming.

Key words: artistic swimming, Republic of Kazakhstan, Summer Olympic Games, Summer Asian Games, World Championship, solo program, duet program, program group, combined program.

References

1. Available at: <http://www.allsportinfo.ru/index.php>
2. Parfenov V.A., Kononeko Yu.A., Synchronnoye plananiye [Synchronized swimming] (Zdorovye, Kiev, 1979, 104 p.).
3. Bulgakova N.Zh., Maksimova M.N, Marinich M.N. Vodnyie vydy sporta [Water sports] (Academya, Moscow, 2003, 320 p.).
4. Available at: <http://www.doha-2006.com/gis/Sports/SY/IGSYSchedule.aspx>.
5. Available at: <http://www.sadec.com/Asiad98/event29.html#SSwim>.
6. Available at: http://web.archive.org/web/20021230113652/http://busanasiangames.org/Eng/ag/ba_scd_game_re_1.asp?GM_STATUS=2&GM_ID=SYW01&GM_FG=SY01&Gm_No=0&Gm_Grp=&Gm_Part=&Language=KOR&GM_DATE=20020930.
7. Available at: <http://web.archive.org/web/20061223004904/http://www.doha2006.com/gis/Sports/SY/IGSYSchedule.aspx>.
8. Available at: http://busanasiangames.org/Eng/AG/ba_scd_game_re_1.asp?GM_STATUS=2&GM_ID=SYW02&GM_FG=SY01&Gm_No=0&Gm_Grp=&Gm_Part=&Language=KOR&GM_DATE=20020930.
9. Available at: https://wiki2.org/en/Synchronized_swimming_at_the_2014_Asian_Games_%E2%80%93_Women%27s_combination.
10. Available at: https://wiki2.org/en/Synchronized_swimming_at_the_2010_Asian_Games_%E2%80%93_Women%27s_combination.
11. Available at: http://web.archive.org/web/20061215122057/http://www.doha-2006.com/gis/Sports/SY/IGSYResults_Free.aspx?rscid=1-401-5.
12. Available at: <http://www.asiaswimmingfederation.org/home.php>.
13. Synchronised swimming rules, fina synchronised swimming manual for judges, coaches & referees. According to FINA Handbook 2013 – 2017.

Сведения об авторах:

Онгарбаева Д.Т. -к.п.н., доцент кафедры физического воспитания КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Мадиева Г.Б. - к.п.н., доцент, КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Отаралы С.Ж. - ст.преподаватель кафедры физического воспитания КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Байзакова Н.О. - ст.преподаватель кафедры физического воспитания КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Герасимчик К.К. - студентка 3 курса специальности «Физическая культура и спорт» КазНУ им. аль - Фараби, Алматы, Казахстан.

Ongarbaeva D.T. – Candidate of Pedagogical Sciences, Assoc. Professor of Physical Education Department, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Madiyeva G.B. - Candidate of Pedagogical Sciences, Assoc. Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Otaraly S.Zh. – Senior Lecturer of Physical Education Department, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Baizakova N.O. - Senior Lecturer of Physical Education Department, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Gerasimchik K.K. - 3 year Student of the specialty “Physical Culture and sports”, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

МРНТИ 14.35.07

А.С. Орынбекова, Г.Ж. Меңлібекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ainur-samatovna@mail.ru, gmen64@mail.ru)*

Психологиялық даярлық – ғылыми таным объектісі

Аннотация. Мақала заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жан-жақты күзиретті әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан даярланған мамандар дайындаудың өзекті мәселелеріне арналған. Мақалада «психологиялық даярлық» ұғымына терең теориялық талдау жасалған. Даярлықты зерделейтін авторлық тұжырымдамалардың бағыттары анықталған. «Психологиялық даярлық» ұғымының ғылыми таным объектісі ретіндегі зерттелуінің теориялық аспектілері қарастырылған. «Психологиялық даярлық» ұғымын теориялық ілім ретінде зерделеген ХХ ғасырдың ортасынан бастап қазіргі күнге дейінгі жарияланған іргелі еңбектерді, философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде теориялық және әдіснамалық жағынан салыстырмалы сипаттама берілген.

«Психологиялық даярлық» анықтамаларының терең талдануы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастыруды ғылыми тұрғыда негіздеудің алғышартын құрайды.

Түйін сөздер: психологиялық даярлық, кәсіби іс-әрекет, тұлғалық іс-әрекет, психикалық күй, функционалды күй.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-111-116>

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында халқымыздың рухани жаңару үдерісінің егемендікпен келген рухани бостандық, ұлттық дүниетаным мен тарихтағы дербес танымдардың қалыптасуындағы маңызы айқын көрсетілді.

«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын жақсарту жаңа ғасырдағы білім беру саясатының басты міндеті – білімді шоғырландыруда нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұғырға көшу, -деп атап көрсетілген. Қазіргі кезеңдегі жоғары кәсіби білім берудің мақсаты бәсекеге негізделген еңбек нарығында креативтік қабілеті бар, жан-жақты күзиретті, әлемдік деңгейде тиімді де табысты жұмыс істей алатын, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан даярланған мамандар дайындау болып отыр.

Соңғы уақытта адамның психологиялық даярлығы мәселесі білімнің қолжетімділігі, жеке қасиеттерді іске асыру, өзін-өзі бақылауды сақтау және талаптарға уақтылы жауап беру мүмкіндігі сияқты өз міндеттерін тиімді орындаудың маңызды шарты ретінде қаралып, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде белсенді дамып келеді.

Болон үдерісі келісімінің ережелері әлеуметтік педагогтар даярлайтын жоғары оқу орындарында оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға, білім беру мазмұны мен оқыту әдістеріне өзгерістер енгізуді талап етті. Бұл көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге бейімділік, білім беру мен тәжірибенің өзара байланысы, әртүрлі әлеуметтік мәселелерді шешу сияқты маңызды міндеттерді жүктейді.

Қазіргі кезде бірқатар ғалымдар атап айтсақ: В.Г. Бочарова, В.А. Слостенин, А.В. Мудрик, М.А. Галагузова, І.Р. Халитова, Н.С. Әлқожаева, А.Б. Айтбаева, Ғ.У. Қабыкенов. Г. Құрманбаева «Әлеуметтік педагогика» атты оқу құралдар жазып, санаттық сипаттама берді. Шетелдік көптеген ғалымдар әлеуметтік педагогиканың тұжырымдамасы мен теориясын білім туралы ғылымды дамытуға ықпал ете отырып, білім берудің жалпы теориясына сүйене отырып қарастырды.

Еліміздегі әлеуметтік педагогика мәселесіне тыңғылықты жүргізілген талдаулар нәтижесі әлеуметтік сала мамандарын кәсіби даярлау және олардың кәсіби қызметтерінің бағыттарын зерттеген Н.Д. Хмель, Н.Н. Хан, Ш.Ж. Колумбаева, М.Т. Баймұқанова, Ә.А.

Молдажанова, Т. Сабыров, А.С. Карбаева, М.С. Молдабекова, А.С. Карбаева, Е.У. Медеуов және тағы басқа ғалымдардың ғылыми еңбектерін атап өтуге болады.

Мақсаты. Іргелі және қолданбалы білімдер жүйесінде категориялар қатарындағы «психологиялық даярлық» ұғымының ғылыми таным объектісі ретіндегі зерттелуінің теориялық аспектілерін зерделей отырып, оның мәндік сипаттамасын нақтылау.

Міндеттері. «Психологиялық даярлық» ұғымына теориялық талдау жасау. Психологиялық даярлықты зерделейтін теориялық тұжырымдамалардағы басым бағыттарын анықтау.

Тарихы. «Психологиялық даярлық» ұғымы теориялық ілім ретінде ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап ғылыми зерттеулерде көрініс тапты. «Психологиялық даярлық» ұғымы өзінің теориялық қалыптасуының барлық кезеңінде жан-жақты бағытта қарастырылып келеді. «Психологиялық даярлық» ұғымының ауқымды зерттелуіне қарамастан бүгінгі күнге дейін нақты анықтамасы жоқтың қасы.

1960 жылдары Marlo Lange Miller балаларды госпитализациялауға психологиялық жағынан даярлауды; медицина саласында Susan Ayers, Andrew Baum, Chris McManus, Beth Alder, Edwin van Teijlingen; спорт саласындағы психологиялық даярлық мәселесін Don Davies, Daniel Gould, Sarah Carson зерттеді. ХХ ғ. білім саласындағы психологиялық даярлықты қалыптастырудың қажеттілігі және сыныптардағы әлеуметтік психология мен оқушылардың оқу үлгерімін бағалау туралы В. Claude Mathis, John W. Cotton, Lee Sechrest, оқытушыларды білім беру үдерісін психологиялық даярлау аспектілері Seymour Bernard Sarason, Kenneth S. Davidson, Burton Blatt еңбектеріне көрініс тапты. W. Brad Johnson, Nadine Kaslow психологтарды ерте кәсіптік мансапқа психологиялық даярлаудағы білім беру бағдарламаларының рөлін ашуға талпыныс жасады.

Алғашқыда инженерлік және еңбек психологиясы саласының мамандары даярлық түсінігін «қырағылық», «мобилдендірілген даярлық», «алғаш қадам жасау күйі» сияқты терминдермен түсіндірді. Кейіннен педагогикалық және әлеуметтік психология мамандарының зерттеулеріндегі қызығушылықтардың артуына байланысты оны тұлғаның бағыттылығымен, оның қабілеттілігі, құзыреттілігі және кәсібилігімен ұқсастыра бастады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық және салыстырмалы әдіснамалық талдау.

Нәтижелер. Қазақстандық психолог-ғалым Х.Т. Шерьяданова жоғары оқу орындарындағы психологиялық даярлықты тұлғаның өзін-өзі тану үдерісін және өзара қатынастың коммуникациялық, интеракциялық, перцепциялық құрылымдарын жетілдірудің заңдылықтары мен тиімді мүмкіндіктерін терең зерттеген. Ол болашақ педагогтер мен психологтерді кәсіби психологиялық даярлаудың мазмұны мен құрылымын ғылыми тұрғыда негіздей отырып жүйелеп келеді. Автордың ғылыми еңбектерінде білім алушылардың әртүрлі жас ерекшеліктеріне байланысты қарым-қатынас біліктіліктерін дамыту, олардың психологиялық білімдерін тереңдету міндеттері кәсіби даярлықтың психологиялық негізі ретінде сипатталады [1].

Шетелдік әдебиеттерде «психологиялық даярлық» ұғымы адамның өмірлік қиындықтар мен кедергілерді жеңе білу қабілеттілігі, сонымен қатар тұлғаның айналысатын нақты іс-әрекетімен байланысты болатын өнімді еңбектің нәтижесін алдын-ала көз алдына елестете білу мүмкіндігі ретінде қарастырылады [2].

Ғалым-педагог Н.Д. Хмель ғылыми еңбектерінде кәсіби даярлық деп кәсіби-тұлғалық сапаның қалыптасуына қажетті білім, дағды, шеберліктерді жүйелі түрде игеру арқылы кәсіби білім беруді айтады. Автордың анықтамасы бойынша даярлық дегеніміз мотивациялық, мазмұндық және процессуалды компоненттердің тұрақты бірлігі. Себебі, белгілі кәсіпке ие әрбір адам міндетті түрде мазмұндық, тұлғалық және процессуалды аспектілерге тап болады [3].

Әлемдік әдебиеттерде «психологиялық даярлық» ұғымы кең ауқымда берілген. Мұнда тұлғаның даярлығы психикалық процестер жүретін функционалды күйі (Н.Д. Левитов); тұлғаның болашақ қызметінде жоғары жетістіктерге жету үшін қажетті психикалық функция (В.А. Алаторцев); еңбек іс-әрекетінің жылдам жүзеге асырылуын

қамтамасыз ететін және қажетті іс- әрекетті орындауға сананың үнемі бағыттылығын қалыптастыратын функционалды және психикалық күйі (Л.С. Нерсисян, В.Н. Пушкин); алдағы міндеттердің және оның орындалуына қажетті жағдайлардың мазмұнын ашатын тұлғаның белсенді іс-әрекет күйі (М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, В.А. Пономаренко); қызметтік қабілеттіліктің ұзақ мерзімде сақталуы, қызметке шығындалған күш-жігердің қысқа мерзімде қалпына келуі, сыртқы әртүрлі әсерлерге қалыпты реакцияның болуы, максималды функциялар мен оңтайлы жағдайдың неғұрлым тұрақтылығы, жүйенің барлық компоненттерінің жұмылдырылған қызметі, ритмділік пен синхрондылықтың функционалды күйі (Е.П. Ильин); кәсіби іс-әрекеттің нәтижелілігін қамтамасыз етуге қажетті процестерді жетілдіретін жалпы функционалды деңгей тудыратын психикалық процестер мен тұлғалық ерекшеліктердің арасындағы психикалық күйі (В.И. Ковалев); тұлғалық және еңбек субъектісі деңгейіндегі даярлықтың даралық деңгейіндегі қабілеттілік танытуы (Б.Г. Ананьев); тұлғалық ерекшеліктердің толық талдануы және қабілеттілік түсінігіне қарағанда неғұрлым мағынасы кең түсінік (В.А. Крутецкий); тұлғаны бағыттау белгісі (Д.Н. Узнадзе) және күтілетін нәтижеге жетуді бағыттау (Е.Т. Конюхова); болашақ іс-әрекет үшін дұрыс бағыт, психикалық ресурстардың мотивациясы және жұмылдырылуы (И.А. Зимняя); тұлғаның тұрақты сипаттамасы және мол тәжірибесін, білімін, тұлғалық сапасын пайдалана отырып өзінің кәсіби міндеттерін табысты орындауға, сондай-ақ күтпеген жағдайларда өзінің іс-әрекетін басқа бағытқа өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған іс-әрекетке алғышарттар (О.Б. Дмитриева); тұлға дамуының белгілі деңгейі (Я.Л. Коломинский, Е.А. Панько); тұлғаның даму жүйесінің тұтастығы (Р.Д. Санжаева); нәтижеге бағытталу, психикалық бағытталу және эмоционалды тұрақтылықтан тұратын тұлғаның тұтастық феномені (Е.Г. Козлов, В.М. Мельников); тұлғалық-мотивациялық және еріктік, жалпылама білім мен ілімнің элементарлық жүйелері, бірқатар оқу дағдылары, қабілеттіліктер және т.б. тұратын күрделі құрылымды-жүйелік білім (Н.В. Нижегородцева, В.Д. Шадриков); тұлғаның даралық қасиеттері мен бейімделудің даралық стратегиялық құрылым ерекшеліктерінен тұратын бейімделудің интегративті субъекті сипаттамасы (Т.Б. Гершкович).

М.И. Дьяченко мен Л.А. Кандыбович өздерінің зерттеу жұмыстарында [4] психологиялық даярлықты психикалық күй, бағыт, бейімделу және іс-әрекет контекстінде кешенді қарастыруды нақтылайды. М.А. Котик даярлық ұғымында жеке тұлғаның тұрақты қасиеттерінен басқа, осы даярлық туындайтын еңбек шартындағы ситуациялық факторларды да қарастыруды ұсынады. К.М. Дурай-Новикова даярлық – бұл біржақты емес, ол тұлғаның барлық құрылымымен негізделген сапалық жүйелік синдром деп түсіндіреді [5]. О.С. Дейнека даярлықты тұлғаның бейімделуіне қабілетті басым сапаларымен байланыстырады. А.П. Вяткин психологиялық даярлықты тұлғаның экономикалық рөлдеріне бейімделуімен түсіндіреді [6].

Еңбек психологиясына даярлықты анықтау кезінде жоғары өнімді іс-әрекет және әртүрлі шиеленіскен психикалық ситуацияларда тұлғаға қажетті сапалардың жиынтығын сараптау қажет (М.А. Дмитриева, М.А. Котик, А.А. Крылов, А.И. Нафтульев). Авиациялық психологиядағы даярлық – белсенді күй және берілген тапсырманы сапалы орындауға қажетті шарт (В.А. Бодров). Спорттық психологиядағы даярлық – бұл экстремалды шарттарда өзінің қозғалу белсенділігін тиімді реттеу және басқара білуге тәуелді тұлғалық күй (А.А. Бобрищев, А.Ц. Пуни). Педагогикалық психологияда даярлық түсінігі сәйкес тәсілдер мен қабілеттіліктердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі (Н.В. Кузьмина).

Даярлықты зерделейтін көптеген әртүрлі авторлық тұжырымдамалармен контекстерді негізгі төрт бағытқа бөлуге болады: функционалды, тұлғалық, жүйелік және тұлғалық-іс-әрекетті [7]. Функционалды бағыт үшін бастапқы жағдай – болашақта қалыптасқан маманға жоғары жетістікті қамтамасыз ететін, ағзаның барлық психофизиологиялық жүйелерін жұмылдыратын психикалық күй ретіндегі даярлықтың тұрақтылығы [8] (яғни, болашақ іс-әрекетті қамтамасыз етуге қажетті белсенділік немесе тұлғаны нақты ситуациялық іс-әрекетпен байланыстыратын бағыт) (В.А. Алаторцев, Ф. Генон, Е.П. Ильин, Н.Д. Левитов, Л.С. Нерсисян, В.Н. Пушкин, А.Ц. Пуни).

Тұлғалық бағыт тұлғаның әртүрлі сапалары мен қарым-қатынастарының кешені түрінде немесе мотивациялық даярлық деп аталатын интегралды, тұтас сапа түрінде тұлғаның жалпы даму компонентін талдауға негізделген (Л.И. Божович, Н.В. Бордовская, Р.В. Габдреев, В.С. Мерлин, А.Р. Петрулите, А.Ц. Пуни, А.А. Реан, С.И. Розум, В.Ф. Сафин, А.Г. Спиркин, В.В. Столин, И.И. Чеснокова, Е.В. Шорохова).

Жүйелік бағыт – функционалды және тұлғалық бағыттардың арасында пайда болған алшақтықты жоюға арналған теориялық-әдістемелік негіздеме. Бұл контекстегі психологиялық даярлық феномені белгілі кәсіби іс-әрекетке даярлықтың жүйелік-құрылымды қалыптасуын және оның соңғы нәтижесін меңзейді (К.А. Абульханова-Славская, А.А. Бодалев, А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, И.Л. Гальперин, В.М. Гордон, В.Т. Зинченко, Я.Л. Коломинский, Т.В. Кудрявцев, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.Д. Шадриков).

Тұлғалық іс-әрекетті бағыт Т.Б. Крюкованың көзқарасы бойынша жеке тұлғалық, тұлғалық және субъективті ерекшеліктер, адамға өзінің функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік тудыратын тұлғаның қасиеттері мен сапаларының тұтастығы ретінде психологиялық даярлықты ашады [8] (А.А. Деркач, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, Е.А. Климов, К.К. Платонов, Е.С. Чугунова).

Тәжірибеде бұл бағыт адамның еңбек іс-әрекетіне даярлық (Л.А. Кандыбович, О.А. Конопкин, Т.Б. Крюкова, Н.Д. Левитов, О.В. Ливенцева, К.К. Платонов, Ж.А. Сорокина), спортқа даярлық (Ф. Генев, Е.Г. Козлов, Б.И. Новиков, А.Ц. Пуни), әскери даярлық (А.В. Барабанщиков, М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович, В.П. Каширин, П.А. Корчемный, А.В. Мощенко, А.М. Столяренко), педагогикалық даярлық (Л.Г. Ахтариева, Л.И. Божович, Л.Ф. Гайсина, Т.И. Горелова) және басқа да қызмет түрлеріне бағытталған көптеген зерттеулерде жүзеге асырылған.

Қорытынды. Соңғы жылдары болашақ әлеуметтік педагог мамандардың әлеуметтік-құндылық бағдарларының кәсіби еңбекке қатынасы, таным мен білім беруге жалпы адами рухани құндылықтар және кәсіби мамандыққа жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруінің негізгі құралы ретінде қатынастарында күрделі өзгерістерді байқауға болады. Сондай-ақ, отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибеде болашақ мамандардың құндылықтық-мәндік бағытын қалыптастыру мәселесіне қызығушылықтардың артқанын байқаймыз. Ғылыми жарияланымдар мен диссертациялық зерттеулердің біраз бөлігінде дүниетанымдық көзқарасты, құндылықтық сананы, құндылық бағдарларын анықтау, өзін-өзі тануды, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және зерттеу мәселелері қарастырылады.

Елімізде отандық ғалымдардың әлеуметтік педагог мамандарының әртүрлі өзекті мәселелерін зерттей бастағандарына ұзақ уақыт болған жоқ. Кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлық мәселесінің жеткіліксіз зерттелгендігін және қарастырып отырған мәселе шешімін таппағанын баса айту қажет.

Зерделенген дерек көздерінде «психологиялық даярлық» ұғымына берілген анықтамалардың әртараптығына қарамастан, психологиялық даярлыққа тұлғалық іс-әрекеттік бағыттың теориялық негіздемелері арқылы баға берілуде. «Психологиялық даярлық» ұғымына берілген көптеген анықтамалардың терең талдануы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастыруды ғылыми тұрғыда негіздеуге алғышарт бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ерментаева А.Р. Қазақстанда психологияның дамуына үлес қосқан тұлғалар. / А.Р. Ерментаева // Профессор С.М. Жақыпов және Қазақстандағы психология ғылымының дамуы: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Алматы, 2015. - Б. 7-11.
2. Elsevier Science Publishers (Amsterdam, Países Bajos) // Journal of vocational behavior, 2002.
3. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.

- / Н.Д. Хмель - Алматы: «Гылым», 1998. - 320 с.
- 4 Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологические проблемы готовности к деятельности. / М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбович - Минск: Издательство БГУ, 1976. - 212 с.
- 5 Дурай-Новикова К.М. Мотив и смысл (психолого-педагогическое исследование). / К.М. Дурай-Новикова - М.: Наука, 1993. - 521 с.
- 6 Вяткин А.П. Проблема психологической готовности к экономической деятельности / А.П. Вяткин // Известия Байкальского государственного университета. - 2006. - №3(48). - С. 97-100.
- 7 Пасько О.Н. Теоретические аспекты готовности как основа компетентного подхода в профессиональной подготовке сотрудников милиции / О.Н. Пасько // Психология и право. - 2013. - №1. - С. 101-111.
- 8 Степанова Ю.С. К вопросу о генезисе понятия «Психологическая готовность» в научных исследованиях и базовых теоретических подходах к изучению конструкта / Ю.С. Степанова // Научные исследования в области педагогики и психологии: Сборник научных трудов по итогам международной научно-практической конференции, 2017. - С. 50-52.
- 9 Крюкова Т.Б. Современные подходы к исследованию проблемы психологической готовности к деятельности в электроэнергетической сфере / Т.Б. Крюкова // Вестник Ивановского государственного энергетического университета. – 2011. - №1. – С. 155-160.

A.S. Orynbekova, G.Zh. Menlibekova

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Psychological readiness – the object of scientific knowledge

Abstract. The article is devoted to the actual problem of psychological readiness of competitive, comprehensively competent and qualified specialists in the labor-market. The article presents a theoretical analysis of the concept of “psychological readiness”. The directions of the concepts of authors who have studied the mental set are determined. The theoretical aspects of the concept of “psychological readiness” as an object of scientific knowledge are investigated. A theoretical analysis of the concept of “psychological readiness” as an object of scientific knowledge from the 50s of the 20th century to the present days was conducted. A theoretical and comparative-methodological analysis was carried out according to the object of the investigation using the data of philosophical, psychological and pedagogical scientific literature. An in-depth analysis of many definitions of the concept of “psychological psychological readiness” may be a prerequisite for the scientific substantiation of the formation of the psychological readiness of future social teachers for the professional activities.

Key words. Psychological readiness, professional activity, personal activity, mental state, functional state.

А.С. Орынбекова, Г.Ж. Менлибекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Психологическая готовность – объект научного познания

Аннотация. Статья посвящена актуальной проблеме психологической готовности конкурентоспособных, всесторонне компетентных и профессионально подготовленных специалистов на рынке труда. В статье представлен теоретический анализ понятия «психологическая готовность». Определены направления концепций авторов, изучивших психологическую готовность. Исследуются теоретические аспекты понятия «психологическая готовность» как объекта научного познания. Проводился теоретический анализ понятия «психологическая подготовка» как объекта научного

познания с 50-х годов XX века и до наших дней. По объекту исследования проводился теоретический и сравнительно-методологический анализ по данным философской и психолого-педагогической научной литературы. Углубленный анализ многих определений понятия «психологическая готовность» может стать предпосылкой для научного обоснования формирования психологической готовности будущих социальных педагогов к профессиональной деятельности.

Ключевые слова: психологическая готовность, профессиональная деятельность, личностная деятельность, психическое состояние, функциональное состояние.

References

1. Ermentaeva A.R. Qazaqstanda psihologianyn damuyna ules qosqan tulgalar [People who have contributed to the development of psychology in Kazakhstan]. Professor S.M. Zhakupov zhane Qazaqstandagy psihologia gylymynyn damuy: respublikalyq gylymy-praktikalыq konferensianyn materialdary [Professor Zhakupov and the development of psychological science in Kazakhstan: materials of the republican scientific-practical conference, 2015. P. 7-11.
2. Menlibekova G.Zh. Sistema podgotovki buduchih uchitelei socialno-pedagogicheskoi rabote: dis. ... d-ra ped.nauk [The system of psychological readiness future teachers of social and pedagogical work: dissertation doctor of pedagogical sciences dissertation doctor of pedagogical sciences] (Almaty, 2002. 291 p.).
3. Hmel N.D. Teoreticheskie osnovy professionalnoi podgotovki uchitelya [Theoretical foundations of teacher psychological readiness] («Gylym», Almaty, 1998, 320 p.).
4. Dyachenko M.I., Kandybaevich L.A. Psihologicheskie problemy gotovnosti k deyatelnosti [Psychological problems of psychological readiness for activity] (Izd-vo BGU, Minsk, 1976. 212 p.).
5. Durai-Novikova K.M. Motiv I smysl (psihologo-pedagogicheskoe issledovanie) [Motive and meaning (psychological and pedagogical research)] (Nauka, Moscow, 1993. 521 p.).
6. Vyatkin A.P. Problema psihologicheskoi gotovnosti k ekonomicheskoi deyatelnosti [The problem of psychological psychological readiness for economic activity] Izvestya Baikalskogo gosudarstvennogo universiteta [News of the Baikal State University] 97-100 (2006).
7. Pasko O.N. Teoreticheskie aspekty gotovnosti kak osnova kompetentnogo podhoda v professionalnoi podgotovke sotrudnikov milisci [Theoretical aspects of psychological readiness as the basis of the competence-based approach to the training of police officers], Psihologiya i pravo. (1), 101-111 (2013).
8. Stepanova YU.S. K voprosu o genesis ponyatiya «Psihologicheskaya gotovnost» v nauchnyh issledovaniyah i bazovyh teoreticheskikh podhodah k izuchenyu konstrukta [To the question of the genesis of the concept “Psychological psychological readiness” in scientific research and basic theoretical approaches to the study of the construct], Nauchnye issledovaniya v pedagogike i psihologii: Sbornik nauchnyh trudov po itogam mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsi [Scientific research in pedagogy and psychology: a collection of scientific papers on the basis of the scientific and practical conference], 2017. P. 50-52.
9. Kryukova T.B. Sovremennye podhody k issledoniyu problemy psihologicheskoi gotovnosti k deyatelnosti v elektroenergeticheskoi sfere [Modern approaches to the study of the problem of psychological readiness for activities in the electricity sector], Vestnik Ivanovskogo gosudarstvennogo energeticheskogo universiteta. [Bulletin of Ivanovo State Energy University], 155-160 (2011).

Авторлар туралы мәлімет:

Орынбекова А.С. – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы бойынша 1-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Меңлібекова Г.Ж. – педагогика ғылымдарының докторы, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Orynbekova A.S. – 1 year Doctoral Student on the specialties Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Menlibekova G.Zh. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nu-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.07.05

Р.К. Толеубекова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: toleubekova@mail.ru)*

Рухани жаңғыру жағдайында жасөспірімдерді адамгершілікке тәрбиелеу бағыттары

Аннотация. Мақалада қазіргі кезеңде жасөспірімдерге адамгершілік тәрбие беру бағыттары айқындалып, адамгершілік тәрбиенің үш белгісіне педагогикалық тұрғыдан талдау жасалған. Сонымен қатар, рухани жаңғырудың басты көрсеткіші адамгершілік тәрбиесі екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: адамгершілік, адамгершілік бағыт, адамгершілік тәрбиесі, рухани жаңғыру, жасөспірімдер тәрбиесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-117-121>

Қазіргі кезеңде Қазақстанда білім, тәрбие беру саласындағы саясаттың негізгі бағыттарының бірі – жастарды демократиялық өркениеттілік мемлекетте өмір сүріп, қоғамның жауапкершілік жүгін көтеруге дайын ерікті азаматтарды адамгершілік құндылығы жоғары, өзінің өмірін, өзінің іс-әрекетін адамгершілік заңдылыққа, адамгершілік мақсатына бағыттап тәрбиелеу.

«Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» Қазақстанның үшінші жаңғыру» атты мақаласында Елбасы арғы бергі дәуірлер тәжірибесі мен мемлекет құру үлгілерін саралай отырып жаны, жүрегі, ойлау кеңістігі әлемдік бәсекелестік жағдайында өмір сүруге бейім ұрпақ өсіріп, ұлт тәрбиелеу қажеттілігін күн тәртібіне қойғаны белгілі. [1]

Осы тұрғыдан қарастырғанымызда ұлттық идея проблемасы қоғамға қажетті әрі жеткілікті әр ұлттың өзіне тән менталдық құндылықтарды таңдап, іріктеумен байланысты. Олар:

- адамның білімділік деңгейі, атап айтқанда білімі, іскерлігі және дағдысы, қоғамның кең тармақты құрылымдағы еңбек және қоғамдық іс-әрекетке барлық қабілетімен толық араласуымен айқындалады;
- адамның тәрбие деңгейі тек білім арқылы ғана емес, жеке тұлғаның өмірдің мәнін ұғынуымен және өмірге деген қарым-қатынасты қалыптастыратын адамгершілік құндылықтарға сенім негізінде дүниетанымдық қасиеттер жүйесі арқылы белгіленеді;
- адамның даму деңгейі оның өзін-өзі үздіксіз дамыту қабілетімен және өзінің ақыл-ой, дене күш-қуатын өздігінен үнемі толассыз жетілдіруі қоғамның жаңа әлеуметтік мәдени жағдайымен анықталады. [2]

Міне, осы ретте өркениеттілікке бет бұрған мектептің стратегиялық бағыты – адамзат баласының мәдени құндылығымен қарулану арқылы, адами ізгі қасиеттерге тәрбиелеу болып табылады.

Бағамдап қарасақ адамгершіліктің даму тарихы адамгершілік қасиет-сапалардың, адамгершіліктің, ой-пікірлердің прогресі бірқалыпты, бірізді болмайтын процесс екенін байқаймыз. Бұл процесс қарама-қайшылығы мол өзінің дамуында жақсылық пен жамандық, залымдық пен мейірімділік т.б. ұғымдар жай ғана өзгермегенін, қоғамның құқықтарымен сабақтасып жатқанын көреміз. Адамдар өмір, тіршілік барысында әлеуметтік, құқықтық мәселелерде бір адамгершілік проблеманы шешіп үлгермей жатып, екінші бір жаңа,

бұрын ойламаған мәселелерді шешуіне кез болады. Адамгершіліктің өзгеруінде оның үнемі жоғары деңгейге көтерілуінің байқалып отырғандығы, адамгершілік процестің негізгі көрсеткіштері жеке тұлғаның рухани, әлеуметтік жетілуіне ықпал жасайтын үдерес екендігінде.

Жалпы әлеуметтік прогресс адамгершіліктің дамуына, оның бір деңгейден екінші деңгейге алға қарай жылжуына себепші болады. Тарихта өмір сүрген әрбір ұрпақ бір-бірінен ауысу кезеңінде алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің нәтижесінде жаңа адамгершілік сана, жаңа ойдың қалыптасуына қолайлы мүмкіндіктер туып, жеке тұлғаның рухани жетілуіне ықпал жасап отырады. Әрбір жаңа тарихи сатыда адамгершіліктің дамуы, толғағы жеткен адамзаттық проблемаларды шешуге және жеке тұлғаның ішкі жан дүниесін байытуға ықпал жасайды да, адамгершілік процестің күрделі диалектикалық түрде өрістеуін, адамның тарихты жасаушы екенін, оның адамдық санасының бастау көзі болады.

Дегенмен, қазіргі әлеуметтік-мәдени ортаның өзгермелі жағдайы, көптеген жасөспірімдерде адам өмірінің құндылықтары туралы теріс көзқарастың, түсініктердің туындауына себепші болып отыр.

Мәселен, ересектер арасында да, жасөспірімдер ортасында да дүниеге қызығушылық, материалдық байлыққа, ақшаға, оңай олжа табуды ойлайтындар да баршылық. Бұл туралы Абай кезінде:

Жастықта бір күлгенің бір қарарлық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық. [3] -деп, өнерге адал еңбек етуге шақырса,
енді бірде:

керек іс бозбалаға –талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,
Сыртқы пысық келеді. Көзге сынақ – дегені [4]

Жақсы мінез, сүйкімді қылық, еңбек ету, өнерге құмарту, рухани дамудың, көрсетілген толымды адам болудың басты көзі және өсиеті ғасырларға кететін тағылым және рухани жаңғырудың өзегі.

Жоғарыдағы айтылғандарды жинақтай келе адамгершілік тәрбиесін педагогикалық ұғым ретінде оның мәніне, мазмұнына қазіргі кезеңде мынадай үш белгімен анықталады деп болжамдаймыз: бірінші – әлеуметтік мәдени бағдарға бағытталған мақсаттылық; екінші – әлеуметтік-мәдени құндылық процесінің барысына сәйкестік; үшінші – белгілі, арнайы ұйымдастырылған жүйенің ықпалының болуы.

Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік-мәдени бағдарға бағытталған мақсаттылық белгісі. Адамгершілік тәрбие әлеуметтік мәнділігімен қоғам дамуының және өмірдің ең негізгі шешуші факторы. Ал, әлеуметтік көзқарас тұрғысынан алғанда тәрбие болашақ ұрпақты мақсаттылықпен әлеуметтік ортаның қазіргі шынайы шындық жағдайына және болашақ қоғам өміріне дайындау. Мұнда мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың арнайы жасалуымен, олар тарапынан үнемі жүргізілетін жаңа талаптармен жүзеге асырылып, бақылауда болады. Мәселен, қазіргі кездегі мектеп, бағдарлы мектептер, мемлекет қаржысындағы және жеке мектептердің, оқушылардың дербес дамуына, олардың ынта-ықылас ерекшелігіне байланысты арнайы мектептердің т.б. кеңінен ашылып, баланың тұлғалық тұрғыдан өзінің «Мен» деген түсінігін қалыптастыруда тұлғаның қажеттілігі мен қабілетін, өзін-өзі дамытуын мақсаттылықпен іске асыруға ықпал ететін мүмкіндіктердің жасалуы тәрбиенің әлеуметтік-мәдени бағдар белгісін айқындайды.

Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік-мәдени құндылық процесінің барысына сәйкестігі деп есептелген екінші белгісін әлеуметтік, педагогикалық тұрғыдан

қарастырғанымызда жасөспірімді жалпыадамзаттық құндылыққа негіздей отырып тәрбиелеу, осы заманғы өркениеттілік мәдениет, ұлттық мәдениетпен кіріктіре қабылдауы, оның жалпыадамзаттық ізгіліктерді қатар игеруімен сипатталады. Осы ретте тәрбие жалпыадамзаттық мәдениеттің негізгі бір құрамды бөлігі болғандықтан, адам баласы тарихында ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтарды біртіндеп тануы, меңгеруі оның қазіргі заман мәдениетіне түбегейлі араласуы жасөспірімнің қоғам дамуына лайықты қалыптасқан субъект болуымен анықталады.

Адамгершілік тәрбиенің үшінші белгісі – арнайы ұйымдастырылған жүйенің ықпалы. Мұнда жасөспірімнің психологиялық, әлеуметтік өзгерістермен байланыстылығы, әсіресе, нарық экономикасының сұранысынан туындаған талаптар жасөспірімнің көп жағдайда өзін-өзі билей алуымен, өзін-өзі дамытуымен, өзін-өзі жетілдіруімен, өзіне-өзі бұйрық бере алатын қасиеттерінің жетілуімен сабақтастықта айқын көрінеді. Мұның өзі арнайы ұйымдастырылған жүйе белгісінде тәрбие тар шеңберде емес, қазіргі қоғамның планетарлық өркениеттілік сипатынан туындайтын нарық қатынасы, бизнестік қатынастарға негізделген және халықаралық, еларалық, ұлттық, мәдени қарым-қатынастар ұлттық, аймақтық және әлемдік деңгейде жүргізілуі талап етіледі. Бұл жүйе кәсіби біліктілігі жоғары педагог, мұғалімдердің оқу тәрбие процесін, тәрбиелік мақсаттағы іс-әрекеттерін барлық деңгейде жаңа ғылыми бағытта қайта қарау, жетілдіру және тәрбие технологиясын, пайдаланатын педагогикалық материалдарды жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде «ашық қоғам» жағдайына сай өзара ынтымақтастық негізде құруымен қоғам алдындағы азаматтық, мамандық жауаптылығымен айқындалады.

Жоғарыдағы аталған белгілер жеке тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұтас толымды тұлға ретінде қалыптасауы үшін, барлық жүргізілетін тәрбиелік үдерес, философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылымдардың жаңа тұжырымдамаларына байланысты болуы керек. Сонымен қатар, бұл үдерес педагог мамандардың жоғары деңгейдегі кәсіби іс әрекеті оқу-тәрбие үдересінің әлеуметтік-психологиялық табиғатымен жан-жақты байланысты болуымен және өзара сәйкестілік жағдайында құрылғанда ғана жоғары тәрбиелік нәтижеге ие бола алады. Өркениетке бағыт алған еліміздің тарихи, дәуірлік стратегиясын Қазақстан Республикасының президенті «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына жолдауында айқындап көрсеткен. Бұл жолдауында Қазақстан Республикасының болашаққа бағытталған жаңа моделі жаңа мемлекетті құрудың, жаңа нарық экономикасын, жаңа демократияның даму дәуіріне байланысты стратегиялық мақсаттар, болжамдар және жобалар айқындалған.

Бүгінгі күнде ұлттық бірлік және ұрпақтар сабақтастығы, халықтардың өзара ынтымақтастығы, мемлекеттің тұтастығын сақтауға бағытталған міндеттер жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етудің басымды кепілі болып саналады. Осыған байланысты мектептегі тәрбие жүйесінде мына болжамдар ескерілуі керек:

- мектеп тәрбиесі жалпыадамзаттық құндылыққа бағытталуы;
- әрбір оқушының тұлғалық қалыптасуына мән беру;
- тәрбие жұмысының жаңа, тиімді әдіс жолдарын пайдалану;
- тәрбие үдересін әлеуметтендіру, демократияландыру, гуманитарландыру, дифференциялау және дербестендіру;
- тәрбиені еркіндікке бағыттау;
- тәрбиелік мәдени орта, кеңістік құру;
- әр саладағы мекемелермен, ұйымдармен, бірлестіктермен педагогикалық, психологиялық, экономикалық байланыс орнату;
- шетел елшіліктерімен байланыс жасау;
- тәрбиенің өзегінде тұратын мұғалім баланың ішкі жан дүниесін түсінетін, балаға

шыдамдылықпен қарайтын, жігерлі, үнемі қуаныш тудыра алатын жаңалыққа құмар тұлға болуға өзін-өзі тәрбиелеу;

- нарық экономикасына байланысты оқу тәрбие үдересінің мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері мектептің барлық пәндері бойынша нарық экономикасының бәсекелігіне жауап бере алатындай құру. [5] Осы бағытта мұғалімдер өздерінің білімдерін, іскерлігін шығармашылықпен жетілдіру керек.

Жоғарыда аталған пайымдаулар жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда жасөспірім балаларға адамгершілік тәрбие берудің болжамы болып есептеледі. Осы тұрғыдан келгенде жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда оқушыларға адамгершілік тәрбие берудің тұтас сипаттамасын өзара бір-бірімен байланысты үш блок тұрғысынан қарастыруды ұсынып отырмыз:

- адамгершілік тәрбиесі мемлекеттік құндылық екендігі;
- адамгершілік тәрбиесі қоғамдық құндылық екендігі;
- адамгершілік тәрбиесі жеке тұлғалық құндылық екендігі.

Сондықтан ХХІ ғасырда әрбір оқушы мектепте барлық өмір сүру барысында үнемі оқу, үнемі өздігінен білім алу, өзін-өзі үнемі жүйелі жетілдіру, өзінің жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуы, өмірдің барлық саласында ауқымды түрде педагогикалық идеяның таралуы, қоғамды педагогикаландыру міндеттерін жүзеге асырумен байланысты болады. Болашақтың ең күрделі міндеті жеке тұлғаны адамгершілік тұрғыдан жетілдіру. Қоғамның рухани жаңғыруында әрбір оқушының тұлғалық дамуы – оның білімі, біліктілігі, дағдысы, дүниетанымы және мінез-құлқының басымдылығы сайып келгенде қоғамның экономикалық, адамгершілік, рухани потенциалымен тұтастай алғанда қоғамның өркениеттілігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты, 12 сәуір 2017 ж. [Электрондық ресурс]. URL: www.akorda.kz
2. Төлеубекова Р.К. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуде жаңа әлеуметтік-мәдени саланың мәні. - Астана, 2001.
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995.
4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. // Жауапты ред. Нысанбаев.Ә. – Алматы: Ғылым, 1995.
5. Бейсенбаева.А.А., Төлеубекова.Р.К., т.б. Ұлттық тәрбие негіздері. – Алматы, 2010.

R.K.Toleubekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Directions of moral education of adolescents in the conditions of spiritual revival

Abstract: The article defines the directions of moral education of adolescents in modern conditions, and three features of moral education are analyzed from a pedagogical point of view. In addition, it is proved that moral education is the main support of spiritual revival.

Key words: morality, moral direction, moral education, spiritual revival, education of adolescents.

Р.К.Толубекова

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Направления нравственного воспитания подростков в условиях духовного возрождения

Аннотация: В статье определены направления нравственного воспитания подростков в современных условиях, и проведен анализ трех признаков нравственного воспитания с педагогической точки зрения. Кроме того, доказано, что нравственное воспитание является главной опорой духовного возрождения.

Ключевые слова: нравственность, нравственное направление, нравственное воспитание, духовное возрождение, воспитание подростков.

R.K.Toleubekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Directions of moral education of adolescents in the conditions of spiritual revival

Abstract: The article defines the directions of moral education of adolescents in modern conditions, and three features of moral education are analyzed from a pedagogical point of view. In addition, it is proved that moral education is the main support of spiritual revival.

Key words: morality, moral direction, moral education, spiritual revival, education of adolescents.

References

1. Nazarbaev.N.A. Bolashakka bagdar: Ruhani zhangyru. [Looking to the future: the modernization of public consciousness], Kazakhstan Respublikasy prezidentinin resmi sajty [Official website of the President of the Republic of Kazakhstan], 12 april 2017 [Electronic resource]. Available at: www.akorda.kz
2. Toleubekova.R.K. Okushylardy adamgershilikke tarbieleude zhana aleumettik-mәdeni salanyn мәni [The essence of the new socio-cultural sector in the moral education of students] (Astana, 2001).
3. Abaj. Jenciklopedija [Abai. Encyclopedia] (Atamura, Almaty, 1995).
4. Abajdyn duniетanymy men filosofijasy [Abai philosophy and worldview]. Executive editor Nysanbaev A. (Gylm, Almaty, 1995).
5. Bejsenbaeva.A.A., Toleubekova.R.K., t.b. Ultyk tarbie negizderi [Fundamentals of national education] (Almaty, 2010).

Автор туралы мәлімет:

Толубекова Р.К. – п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, А.Янушкевич көшесі 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Toleubekova R.K. - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N.Gumilyov Eurasian National University, A.Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.15.07

Қ.Қ. Шалғынбаева¹, А.М. Қажғалиева¹, Ә.С. Нұржанова²

¹*Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

²*С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: Shalginbaeva_kk@mail.ru, Azhar-36@mail.ru, nursar_66@mail.ru)*

Студенттердің ЖОО-на бейімделуі ғылыми зерттеу нысаны ретінде

Аннотация. Мақалада авторлар ЖОО-да оқитын қазақ диаспорасы болып табылатын шетелдік студенттерге білім беру барысында туындайтын мәселелер туралы сөз қозғайды. Қазақ диаспорасы болып табылатын шетелдік студенттерге тілдерді, оның ішінде, орыс тілін шет тілі ретінде оқыту мәселесі ғана емес, қазақ тілін қатынас және оқу-танымдық әрекет құралы ретінде игерту туралы мәселелер қарастырылады. Қазақ диаспорасы болып табылатын шетелдік студенттерге алғашқы кезеңде университетте оқу үдерісіне бейімделудің өзіндік қиындықтары болады. Авторлардың ойынша, осы кедергілерді болдырмау үшін қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік ерекшеліктері қазіргі білім беру жүйесінде ескерілу қажет, алайда бұл іс жүзінде мүлдем жоқ. Себебі, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттер жалпы мемлекеттік ЖОО білім беру бағдарламасы бойынша білім алуда.

Түйін сөздер: бейімделу, коммуникативтік бейімделу, диаспора, студенттер, қазақ диаспора өкілдері.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-122-129>

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің диаспоралық саясатын жүзеге асыруды бастады.

Осыдан 26 жыл бұрын, 1992 жылы 29 қыркүйекте (барлық қазақ диаспорасы үшін тарихи күн) Бүкіләлем Қазақтарының I Құрылтайының ашылу салтанаты болды. Дәл осы Құрылтайда еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев әлемде қырықтан аса елде өмір сүріп жатқан қазақтарды өздерінің тарихи Отаны – Қазақстанға оралуға шақырды.

Қазақ диаспорасы өкілдері қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылады, олар тағдыр тәлкегімен түрлі жағдайда туған жерінен жыраққа кетсе де, өз ана тілі мен салт-дәстүрін ешқашан естен шығарған емес. Жат елдің жағдайына икемделіп, тілі мен салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен жөн-жоралғысын үйренді. Алайда өз ана тілі мен ата дәстүрінен қол үзбеді. Кез келген басқа тілдік ортадағы диаспора сол елдің мәдениетімен біртіндеп үйлесім табады. Әсіресе, бұл жастарға байланысты, себебі олар жан-жақты болып келеді.

2011 жылғы Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қон туралы» жаңа Заңында алғаш рет «Білім алу мақсатында көшіп келу» деген тарау қазақ диаспорасы үшін арнайы енгізіліп, бекітілді.

Қазақстан Республикасының Президенті, Бүкіләлем қазақтары Ассоциациясының төрағасы, Н.Ә. Назарбаев Бүкіләлем Қазақтарының IV Құрылтайында сөйлеген сөзінде: «Әлемнің әртүрлі елдерінде өмір сүріп жатқан қазақ жастарының Қазақстанға келіп сапалы білім алуы үшін біз барлық жағдайды жасаймыз,»- деп делегаттар алдында өз ұстанымын білдірді [1]. Содан бері Қазақстан Республикасында ЖОО мемлекеттік тапсырыс негізінде бөлінетін білім гранттарының 2%-ы ҚР азаматы емес, қазақ диаспорасы өкілдеріне бөлінуде.

Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттерді шет елдер үшін болашақ маман етіп даярлау – қазақстандық жоғары мектептің халықаралық білім беру

нарығы қызметінің бәсекеге қабілеттілігінің көрінісі. Сондықтан қазақ диаспорасы өкілі болып табылатын шетелдік студенттерді оқыту – жаңа білімді игеру дайындығын қалыптастыру, алған білімі мен дағдысын, қабілетін нақты бір оқу мәселелерін шешуге, сонымен қатар оқыған пәндердің мазмұнын меңгеруге бағдарлануы қажет.

Жоғары оқу орнына түскен шетелдік қазақ жастары көптеген қиындықтарға кездесіп жатады. Соның ішінде қазіргі кирилл графикасына негізделген қазақ жазуын білмеуін, орыс тілін меңгермегендігін атап көрсетуге болады. Осы қиындықтар бірінші курс студенттерінің орыс тілін шет тілі ретінде оқу барысында кездесіп қоймайды, сонымен қатар қазақ тілінде оқытылатын пәндерді игеруде де орын алады. Бұл – осы әлеуметтік топқа жататын студент қауымының коммуникативтік бейімделу мәселесінің өзектілігін айқындайды.

ЖОО-дағы тәжірибе көрсеткендей, қазақ диаспорасы өкілі болып табылатын шетелдік студенттердің барлығы бірдей оқу үдерісіне тез бейімделе алмайды. Бұның себебін, біздің ойымызша, біріншіден, жаңа материалдарды жеңіл игеріп, кәсіби жағынан өсуде іштей дайындық жасау қабілеттерінің төмендігімен байланыстырып қарауымызға болады. Екіншіден, қазіргі білім беру жүйесінде қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік ерекшеліктері ескерілмеген десек те болады.

Қазақ диаспорасы болып табылатын шетелдік студенттерге алғашқы кезеңде университет оқу үдерісіне бейімделудің өзіндік қиындықтары болады. Оларды болдырмау үшін қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік ерекшеліктері қазіргі білім беру жүйесінде ескерілуі қажет, алайда бұл іс жүзінде мүлдем жоқ. Себебі, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттер ЖОО-нда жалпы мемлекеттік білім беру бағдарламасымен оқытылады, мұның аталмыш студенттер үшін кемшін тұстары да бар. Мәселен, оқуды одан әрі жалғастыруға қызығушылығының азаю және т.б.

Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуі – түрлі ақпараттармен жұмыс істеуде, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау барысында, өз білімін көрсетуде, коммуникативтік жағдаяттарда көрініс табады. Міне, сондықтан ЖОО-ның білім бағдарламасында қазақ диаспорасы өкілі саналатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуіне қатысты мәселелерді талдап, жетілдіру, педагогикалық шарттар кешенін жасау секілді т.б. мәселелер қажетті болып саналады. Осы мәселеге байланысты М.Ю. Маркованың сөздерін келтіруге болады: «Білім, оның ішінде ЖОО-да алған білім адамның әлеуметтік ортаға шынайы бейімделуі» [2].

Коммуникативтік бейімделу дегеніміз – бейімделу үдерісінің нәтижесі, студент қысқа уақыт ішінде сыртқы немесе ішкі кедергілерсіз өзінің оқуын әлеуметтік маңызды түрде табысты жүзеге асырады, өзінің негізгі әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырады, қолайлы эмоционалды жай-күй жағдайында білім ортасынан өз орнын айқындау үшін сенімді қадам жасайды. Сонымен қатар, біз қазақ диаспорасы өкілі саналатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуін кәсіби бейімделудің іргетасы болып табылады деп санаймыз.

Негізгі бөлім. Бейімделу термині педагогикада – «тұлғалардың оқу мен тәрбие үдерісінде өзара әрекеттері және білікті педагогикалық көмек арқылы жеткіншектердің тұлғалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерделей отырып, әлеуметтік мінез-құлық нормаларын үйрету мен өзін-өзі дамытуға дайындығын қалыптастыру» дегенді білдіреді [3].

Бейімделу үдерісінің жемісті жүзеге асырылуы студенттің академиялық үлгерімі деңгейіне, өзбетінше дайындыққа бөлінген уақытын дұрыс пайдалануына, ЖОО жағдайында психологиялық қолайлылыққа қол жеткізуіне тікелей байланысты болмақ. Осы ұғымды ЖОО ортасына қатысты айтқанда, А.В.Петровскийдің пікіріне сүйенуге болады:

«Студенттердің әлеуметтік бейімделуі – жастардың студенттік өмірдің нормаларын игеруі, тұлғааралық қатынас жүйесіне енуі, студент мәртебесі мен оның рөлін меңгеруі» [4].

Біздің зерттеуімізде тұлғаның бейімделу мәселесі қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттер мысалында зерттелуде. Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің бейімделуі әртүрлі болады, олардың кейбірулері жаңа өмір жағдайларына тез үйренеді, ал кейбіреулері үйрене алмай өз еліне қайта кетеді. Студенттердің жаңа тәртіпке икемделуі қажет (жатақхана, университет), ал жаңа ортаның өзінің бұрыннан қалыптасқан мәдени құндылықтары мен жүріс-тұрыс үлгілері бар. Сондай-ақ, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің білім жүйесінде, құжаттар рәсімдеу, өмірдің басқа иірімдері мен тұлғааралық қатынастарда, тіл құзырындағы кедергілер сияқты айырмашылықтары болады (қазақ тілі мен орыс тілінде жазбаша сауатты дағдыларының болмауы және т.б.).

Ғылыми әдебиеттерде ғалымдар бейімделудің бірнеше түрін қарастырады: кері бейімделу, белсенді және белсенді емес бейімделу. Кері бейімделу адамның мақсаты мен міндетінің айқын еместігінен және ортамен қатынас шеңберінің тарылуынан, жаңа әлеуметтік ортаның құндылықтары мен нормаларынан бас тартқандығынан, кей жағдайда қарсы әрекеттерінен болады.

Н.М. Голубеваның пайымдауынша, «Егер жеке тұлға бейімделу қиындықтарын жеңе алмаса, оның тұлғалық қасиетінің дамуы тежеледі, ортада өзін-өзі көрсете алмайды, өзіне деген сенімін жоғалтады. Қоғамда жоғары, орташа және төмен деңгейде бейімделетін тұлғалар бар. Бейімделу деңгейі оқу, тәрбие, өмір салты жағдайына орай артады немесе төмендейді. Әдетте, адамның бір немесе бірнеше түйсігі жетекші болады да, қалғандары әлсіз келеді, бірақ тұлғалық дамудың толыққанды ілгерілеуіне өз септігін тигізеді. Алайда, белгілі әлеуметтік және биологиялық факторларға қарай бір немесе бірнеше түйсіктің басымдығы оның бұзылысына дейін жеткізіп, қалған түйсіктердің семіп қалуына әкеледі» [5].

Белсенді емес бейімделу дегеніміз, жеке тұлға нормалар мен құндылықтарды қағида бойынша қабылдайды, бейімделуде тұлға «Мен бәрі сияқтымын» деген пікірде болады және бірдеңе өзгертуге қолынан келе тұра, еш тырыспайды. Белсенді емес бейімделу жай мақсаттар болғанда, еңбек ортасына не білім ортасына қатысты емес әрекеттер барысында көрінеді. Алайда кері бейімделуге қарағанда, қатынас ортасы мен шешілетін мәселелері ауқымы кеңірек. Белсенді бейімделу бәрінен бұрын табысты әлеуметтенуге ықпал етеді. Тұлға жаңа әлеуметтік ортаның құндылықтары мен шараларын қабылдап қана қоймайды, солардың негізінде өз қызметін жасап, адамдармен қарам-қатынас орнатады. Мұндай адамдардың мақсаттары айқын, жаңалықтарға жаны жақын келеді. Ең басты мақсаты - жаңа ортада өзін-өзі көрсетуі. Белсенді бейімделгіш адамдардың тіл табыса алатын ортасының, қызығушылығының ауқымы өте кең болады. Оның бойындағы белсенді бейімделу қасиеті оның айналасындағылармен қарым-қатынасының үйлесімділік табуына, тіпті өз-өзімен іштей үндесуіне жеткізеді [6].

Зерттеу талдамалары көрсеткендей, «бейімделудің барлық анықталған объективті факторлары - кеңістік жасау, қолжетімді орта, ақпараттану, ЖОО арнайы жабдықтау; субъективті – тұлғалық ерекшеліктер, коммуникативтік құзырлылық, студенттердің бейімделушілік тетіктері. Ең жылдам нәтиже беретін екінші топтың факторлары болып табылады [7].

Қорытынды. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті базасында қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуін анықтау мақсатында 1 семестр соңында 1 курс студенттеріне зерттеу жүргізілді.

Аталмыш студенттердің ЖОО бейімделу үдерісін зерттеу барысында біз мынадай факторларға көз жеткіздік: қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын студенттердің

ауызбіршілік деңгейі, тұлғааралық перцепция, білім алушылардың өзара әрекетке дайындығы. Жүргізілген сауалнама қорытындысы көрсеткендей, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттерге ЖОО білім алу қиын, себебі олардың (3%) климатқа үйрене алмайды, қаржылық қиындығы барлар - (8%), орыс тілін айтпағанда (ауызша сөйлеу деңгейінің төмендігі мен жазу тәжірибесінің жоқтығы) қазақ тілінде тәжірибесі төмендігі - (95%), қазақ тілінде оқулықтар оқу мен өзіндік жұмыстарды орындауда қиналатындар - (90%), дәріс жазуға қиналатындар - (95%), практикалық сабақта (95%) және емтиханда жауап беруге қиналатындар - (90%). Университеттен тыс жерлерде - 76% студент орысша сөйлеу дағдысының жоқтығынан өздерін қолайсыз жағдайда сезінеді.




1 сурет. Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің ЖОО коммуникативтік бейімделу қиыншылықтарының себептері

Осы бақылау мәліметтері негізінде қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделу мәселесіне қатысты қиындықтары бар екені белгілі болып отыр.


С. В. Сергеева, О.А. Воскресенколардың пікірінше, «бейімделу үдерісі ЖОО-да оқудың барлық кезеңіне созылады, алайда тұлғалық бейімделу қасиетінің дамуы мен мінез-құлық тәсілдері үшін ерекше сезімтал болатын кезең ЖОО-да оқудың алғашқы кезеңі болып табылады» [8]. Сондықтан қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуін анықтау мақсатында I курс студенттерімен (16 студент) қатар, II-IV курс (43 студент) студенттеріне де зерттеу жүргізілді. Студенттермен жүргізілген тереңдетілген сұхбат (Exploratory Research), сауалнамалар, тестілеу нәтижесінде, болашақ кәсіби қызметін жүзеге асыруда қазақ тілі маңызды рөл атқарады және оны меңгеру қажет деп I курс - 80,2%, II курс – 93,0%, III курс – 100%, IV курс -100% жауап берді.

Сонымен қатар, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің қазақ тілінде ауызша және жазбаша сауатын анықтау мақсатында жүргізілген бақылау нәтижесінде төмендегідей қорытынды жасадық: I курс студенттерінің ауызша сауатының жоғары деңгейі 11% аспайды, II курс студенттерінде 22% болып, III курста 34% деңгейіне жетсе, IV курс студенттерінде 47% дамығанын анықтадық.



2 сурет. Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің ауызша білім деңгейі

I курс студенттерінің жазбаша сауаттылығының жоғары деңгейі 3%, II курс студенттерінде - 18%, III курс – 24% және IV курс студенттерінде -33%.



3 сурет. Қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің жазбаша сауаттылығының деңгейі

Осы мәліметтерге сүйене отырып, қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің нормативтік база мазмұнының теориялық білімін жеткілікті

мөлшерде игермеген. Барлық топтарда қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің басым бөлігінің коммуникативтік бейімделуі жеткілікті деңгейде болмағандығын көрсетті. Алынған мәліметтер барлық топтарда аталмыш студенттердің коммуникативтік бейімделуінің жеткіліксіз деңгейде екенін көрсетті. Осылайша, сауалнама нәтижесінде қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің, әсіресе бірінші курс студенттерінің оқу үдерісіне бейімделуінің ерекшеліктері анықталды.

Сонымен қатар, аталмыш студенттердің ЖОО бейімделу барысында кездесетін қиындықтарды жеңу жолдары туралы пікірлері қазақ диаспорасы өкілдері болып табылатын шетелдік студенттердің коммуникативтік бейімделуіне педагогикалық қолдау жүйесін құру мен ұйымдастыруға септігін тигізбек.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Президиумының Төрағасы, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың төртінші Бүкіләлемдік қазақтар Құрылтайының ашылуындағы баяндамасынан. 2011 жылғы 25-27 мамыр.
2. Маркова О.Ю. Коммуникативное пространство вуза: субъекты, роли, отношения. Сборник статей. Под ред. С.И. Дудника. Санкт-Петербург: Санкт-Петербургское философское общество, 2004. - С.345.
3. Педагогический словарь. В 2-х т., т.1. – М.: Изд. Академии пед. наук, 1960. - С.24.
4. Общая псих.: учеб. для студ. Пед. инст./Под ред. Петровского. 3 – изд., перераб. и доп. – Просвещение, 1986. - С.464.
5. Голубева Н.М. Адаптация студентов вуза к профессиональной деятельности: автореф. дис. канд. пед. наук. Н.Новгород, 2004.- С.30.
6. Слободчиков И.М. Переживание одиночества в контексте проблем психологической адаптации студентов психолого-педагогических вузов, Психологическая наука и образование, 2005, №4. - С.73.
7. Терюшкова Ю.Ю. Тренинг коммуникативной компетентности как средство содействия адаптации первокурсников, 2017. http://www.nbpublish.com/library_read_article.php?id=19806
8. Сергеева С. В., Воскресенко О. А. Основные направления педагогического сопровождения адаптации студентов-первокурсников к образовательному процессу вуза // Известия вузов. Поволжский регион. Гуманитарные науки. — 2008. — № 3. - С.13.

К.К. Shalginbaeva¹, А.М. Kazhgaliyeva¹, А.С. Nurzhanova²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

²*S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Adaptation of students to University as a form of research

Abstract. In this article, the authors talk about emerging issues in the process of higher education for Kazakh diaspora students. According to the authors the emerging issues in educational process for international students of Kazakh Diaspora, related to learning of languages, not only including Russian, as a foreign language, but also the features of learning the Kazakh which serves as the tool of communication and cognitive and educational activities. Authors note that at the first stage, the international students of the Kazakh Diaspora have difficulties adapting to the educational process at the university. This is due to the lack of the educational system nowadays, which takes

into account the communicational abilities of the Kazakh Diaspora international students, that is why the learning of international students of the Kazakh diaspora occurs according to the state-wide educational programs.

Key words: adaptation, communicative adaptation, diaspora, students, representatives of the Kazakh diaspora.

К.К. Шалгынбаева¹, А.М.Кажғалиева¹, А.С.Нуржанова²

¹*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*
²*Казахский агротехнический университет им. С.И.Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан*

Адаптация студентов к вузу как предмет научного исследования

Аннотация. В данной статье авторы рассматривают проблемы, возникающие при обучении в вузе иностранных студентов – представителей казахской диаспоры. По мнению авторов, проблемы касаются изучения языков, не только русского языка как иностранного, но и учебных дисциплин на казахском языке, который выступает и как средство коммуникации, и как средство учебно-познавательной деятельности. Как отмечают авторы, иностранным студентам - представителям казахской диаспоры на начальном этапе достаточно сложно адаптироваться к учебе в университете. Объясняется это тем, что в настоящее время система образования, учитывающая коммуникативные особенности иностранных студентов – представителей казахской диаспоры, практически отсутствует, обучение иностранных студентов – представителей казахской диаспоры идет по общегосударственным вузовским программам.

Ключевые слова: адаптация, коммуникативная адаптация, диаспора, студенты, представители казахской диаспоры.

References

1. Duniyehuzi kazaktary kauymdastygy Prezidiumynyn Toragasy, Kazakstan Respublikasynyn Prezidentі Nursultan Nazarbayevtyн tortinshi Bukialemdik kazaktar Kuryltaiynyn ashyluyndagy bayandama. [From the report of the Chairman of the Presidium of the World Association of Kazakhs, President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in the opening ceremony of the fourth World Kurultay of the Kazakhs]. May 25-27, 2011.
2. Markova O.Yu. Kommunikativnoye prostranstvo vuza: subyekty, roli, otnosheniya. Sbornik statey [Communicative space of the university: subjects, roles, relationships. Digest of articles]. Pod red. S.I. Dudnik. Sankt-Peterburg: Sankt-Peterburgskoye filosofskoye obshchestvo. [Ed. S.I. Dudnik. St. Petersburg Philosophical Society]. (St. Petersburg, 2004, 345 p.).
3. Pedagogicheskiy slovar. [Pedagogical dictionary]. In 2 t., V. 1. Izd. Akademii ped. Nauk [Ed. Academy of ped. Sciences]. Moscow, 1960, p. 24
4. Obshchaya psikh .: ucheb.dlya stud. Ped. inst.[General psycho: textbook for stud.]/ Pod red. Petrovskiy. 3 - izd., Pererab. i dop. –Prosveshcheniye.[Ped inst. / ed. Petrovsky. 3 - ed., Revised and updated – Enlightenment]. 1986, p. 464.
5. Golubeva N.M. Adaptatsiya studentov vuza k professionalnoy deyatelnosti [Adaptation of high school students to professional activities], avtoref.dis.kand.ped.nauk. [abstract.of PhD of pedagogy].(N.Novgorod, 2004, 30 p.).
6. Clobodchikov I.M. Perezhivaniye odinochestva v kontekste problem psikhologicheskoy adaptatsii studentov psikhologo-pedagogicheskikh vuzov. [Experiencing loneliness in the context of the problems of psychological adaptation of students of psychological and pedagogical universities] Psikhologicheskaya nauka i obrazovaniye. [Psychological Science and Education], (4), 73 (2005).
7. Teryushkova Yu.Yu. Trening kommunikativnoy kompetentnosti kak sredstvo podderzhki adaptatsii pervokursnikov. [Communicative competence training as a means of facilitating the adaptation of freshmen],

2017 [Electronic resource] (Available at: http://www.nbpublish.com/library_read_article.php?id=19806).
8. Sergeyeva S. V., Voskrekasenko O. A. Osnovnyye napravleniya pedagogicheskogo soprovozhdeniya adaptatsii studentov-pervokursnikov k obrazovatelnomu protsessu vuza [The main directions of the pedagogical support of the adaptation of first-year students to the educational process of the university], Izvestiya vuzov. Povolzhskiy region. Gumanitarnyye nauki. [University news. Volga region. Humanitarian sciences], 2008, (3), p.13.

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. - әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану каф. меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қажғалиева А.М. - PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш. 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Нұржанова Ә.С. - филология ғылымдарының кандидаты, доцент, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shalginbaeva K.K. – Doctor of Pedagogic Sciences, Professor, Head of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kazhgaliyeva A.M. – PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Nurzhanova A.S. - Candidate of philological sciences, associate professor, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.07.01

Қ.Қ. Шалғынбаева, Қ.О. Қазиев

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kadisha1954@mail.ru, kazi_karas@mail.ru)*

Рефлексия болашақ педагог-психологтардың кәсіби-тұлғалық қалыптасуының негізгі компоненті ретінде

Аннотация. Рефлексия феномені жөніндегі қазіргі заманғы ғылыми түсініктерде оған көптеген сипаттама беріледі. Рефлексия (ағыл. reflection) – өзін, өзінің әрекетін, тәртібін, сөзін, тәжірибесін, сезімін, күйін, ерекшеліктерін, мінез-құлқын, өзіне және басқаға қатынасын және т.б. талдауға, түсінуге, сезінуге бағытталған ойлау үрдісі. Зерттеушілердің пікірінше, болашақ педагог-психологтардың педагогикалық кәсіпте тиімді қалыптасуы үшін кәсіби рефлексиясын дамытудың маңызы ерекше атап көрсетіледі. Сонымен бірге адамның өзінің іс-әрекетіне, өзіне саналы қатынасы рефлексия арқылы қалыптасады, өйткені, рефлексия ақиқаттың мәнін түсінуге өзінің қатынасын сәйкестендіруге мүмкіндік туғызады. Бұдан рефлексия адамның өзімен және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу үрдісі және нәтижесі ретінде анықталады деп тұжырымдауға болады. Кәсіби рефлексияға интерактивтілік тән, себебі ол өзінің табиғаты жағынан диалогты және кері байланысқа бағдарланған. Біріншіден, болашақ педагог-психолог қарым-қатынас бойынша басқа субъектілермен коммуникация үрдісінде өзара әрекеттеседі және кәсіби рефлексияның кооперативті және коммуникативті аспектілерін көрсетеді. Екіншіден, ішкі диалог үрдісінде субъектінің өзінің кері байланыста болады, онда кәсіби рефлексия интеллектуалдық аспектіні сипаттайды. Кәсіби рефлексия болашақ педагог-психологтарда мамандық, іс-әрекет мазмұны мен құрылымы туралы талқыланып қорытындыланған түсініктерді қалыптастыруға септігін тигізеді. Біздің зерттеу контекстімізде кәсіби іс-әрекеттің рефлексиямен өзара байланысы мәселесі теориялық мәнде маңызды, ол интеллектуалдық рефлексияны (субъектінің өзіндік санасы, түсінуі және әрекетке бағдары), өзін-өзі тануы және өзіндік талдау арқылы өзін-өзі ұйымдастыруға бағытталған тұлғалық рефлексияны (өзінің ішкі психикалық актілерінің күйін, өзінің ойлау әрекетін түсінуі), серіктестің бірлескен әрекеті бойынша әрекет арқылы тұлғааралық рефлексияны (рефлексиялық ұстаныммен субъектінің бірін-бірі өзара бейнелеуі) дамытуға бағдарланған.

Түйін сөздер: рефлексия, педагогикалық рефлексия, кәсіби рефлексия, тұлғалық рефлексия, интеллектуалдық рефлексия, коммуникативтік рефлексия, кооперативтік рефлексия, экзистенциалдық рефлексия, мәдени рефлексия, реттеушілік рефлексия, жағдаяттық рефлексия, ретроспективтік рефлексия, перспективтік рефлексия, өзін-өзі тану, өзіне-өзі есеп беру.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-130-139>

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттілігін ерекше атап көрсетуі білім беру жүйесінің алдына көптеген міндеттер жүктейді [1].

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі өзгерістер психологиялық мамандыққа және тұтас педагогикалық және психологиялық білімге қарым-қатынасты өзгертуге алып келді. Психологиялық орталықтарды, психологиялық қызметті ұйымдастыру, психологтарды әртүрлі іс-әрекет саласына қатыстыру әлемдік стандартқа сәйкес дайындау бұл мамандықтың маңызын тереңірек түсінудің қажеттілігін айқындайды.

Болашақ мамандардың рефлексиясының қалыптасу дәрежесі кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықпен өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі үшін өзінің әрекеттерін, мінез-құлқын, кәсіби маңызды сапаларын үйлестіру және реттеу, өзін-өзі дамыту мен өздігінен білім алу,

олардың тиімділігін қамтамасыз ету біліктілігінен байқалады.

Рефлексия көпғасырлық тарихы қалыптасқан пәнаралық феномен. Тарихқа көз жіберсек, рефлексия жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшы әл-Фараби және т.б., сондай-ақ ағартушылар А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов және т.б. еңбектерінде жалғасын тапқан. Сонымен қатар зерттелініп отырған көпжақты күрделі мәселеге алыс және жақын шетелдік, отандық педагог, психолог, философ ғалымдар да арнайы назар аударған. Осы сала ғалымдарының зерттеулеріне, ғылыми әдебиеттерге жүргізілген талдау рефлексия мәселесінің әртүрлі аспектіде бірнеше бағытта қарастырылғанын көрсетеді.

Философиялық аспектіде философтар (И.Кант, Г.В.Ф.Гегель, Дж.Локк және т.б) еңбектерінде рефлексия тұлғаның өзіне назар аударуын ойлану қабілеті, индивидтің өз санасындағы болып жатқанды түсіну қабілеті, адамның өзінің рухани жан дүниесін өзіндік бақылауы, тұлғаның өз ойының мазмұнын түсінуі, өзін-өзі тануы ретінде қарастырылады.

Психологиялық аспектіде рефлексия тұлғаның өзін-өзі тануын және өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ететін сапа (А.Н.Леонтьев); теориялық ойлаудың қажетті алғышарты (Ж.Пиаже); ойлаудың маңызды компоненті (О.С.Анисимов); онтогенездегі рефлексиялық сананың қалыптасуы (В.Слободчиков); іс-әрекеттегі рефлексивтік үрдістердің психологиясы (А.В.Карпов); психологиялық қызметтің аспектілері (Ж.Ы.Намазбаева, Х.Т.Шерьязданова, Р.Б.Каримова, т.б.) тұрғысынан зерттелінеді.

Педагогикалық аспектіде рефлексия мәселесі диплом алғаннан кейінгі білім берудегі кәсіби рефлексияны дамытудың әдіснамасы, теориясы мен практикасымен (В.А.Метаева); ойлауды рефлексивті реттеумен (Ю.Н.Кулюткин); кәсіби іс-әрекетпен (А.А.Бизязева, И.Г.Бессонова); болашақ маманның қалыптасуымен және кәсіби қабілетінің дамуымен (А.А.Деркач, Н.В.Кузьмина, А.Р.Ерментаева, Б.А.Тұрғынбаева және т.б.) байланыста қарастырылады.

Біздің зерттеу контекстімізде рефлексияны ой әрекетінің формасы ретінде жүйелі мәнді іс-әрекеттік (И.С.Ладенко, Г.П.Щедровский), субъектілік (Б.С.Братусь, М.С.Каган, В.И.Слободчиков), адамның басқаға қарым-қатынасы (Г.С.Батищев, М.М.Бахтин), өзін-өзі ұйымдастыратын жүйені дамыту тетігі (М.С.Мириманова, ВА.Лефевр) тұрғысынан қарастырған ғылыми еңбектер құнды болып табылады.

Жоғарыдағы ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарын зерделеу рефлексияның ішкі табиғатын, құрылымын және оны дамыту мүмкіндігін теориялық, практикалық және әдістемелік деңгейде зерттеудің қажеттілігі бұл мәселенің өзектілігін айқындай түседі.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жоғары оқу орнында педагогикалық мамандықтарды даярлауға қойылатын талаптарды орындаудың маңызды шартының бірі болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту болып табылады.

Осыған орай болашақ педагог-психолог ретінде студенттік жастық кезең рефлексивті талдау құралдарын меңгеру және ақыл-ой әрекетін басқару үшін маңызды деп саналады. Бұл болашақ іс-әрекетті меңгеру үрдісінде кәсіби-тұлғалық қалыптасуының негізгі компоненті ретінде рефлексиясын дамыту мәселесін өзектендіреді.

Сондықтан мақаланың негізгі мақсаты рефлексияның болашақ педагог-психологтардың кәсіби-тұлғалық қалыптасуының негізгі компоненті ретіндегі мәнін ашып көрсету болып табылады. Бұл қарастырылып отырылған феноменді зерттеген ғалымдар еңбектеріне контент-талдау арқылы рефлексияға берілген анықтамаларды жүйелеу, оның типтері мен түрлерін жіктеу, сонымен қатар атқаратын функцияларын айқындау міндеттерін қоюға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау, контент-талдау, салыстыру, қорытындылау әдістері қолданылады.

Зерттеудің нәтижелері және талқылау. Әлемдік ғылыми білімде «рефлексия» ұғымының мәнін түсіну кеңейіп, адамның өзін-өзі тануы, өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі реттеуі және өзін-өзі жүзеге асыруының тетігі ретінде қарастырылуда. Демек, рефлексия тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі түсінуінде адамның бірегей қабілеттілігінің мәнін бейнелейді, бір жағынан, тұлғаның тұтастығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан, әртүрлі жағдаяттан қорғайды, үшіншіден, тұлғаның өзін-өзі жете ұғынуға және ішкі шиеленісті шешу үрдісіндегі өзінің психикасын түсінуге, сол арқылы жаңа тұтас күйді (ахуал) басынан кешіруге алып келеді. Бұл болашақ педагог-психолог ретінде студенттердің жоғары оқу орнында білім алуы барысында меңгеретін мамандығы шеңберінде өзінің болашақ мінез-құлқын тәрбиелеу, өзіндік көзқарасын қалыптастыру, талдау және ойлау қабілеттерін дамытуы тиіс екендігін көрсетеді.

Қазіргі кезеңде ғылыми әдебиеттерде «рефлексияны» айқындаудың маңыздылығы ерекше айтылып жүр. «Рефлексия» ғылымаралық ұғым болғандықтан, әр сала тұрғысынан көптеген анықтамалардың берілуі оның күрделілігін көрсетеді.

Сондықтан болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту мақсатында қарастырылып отырылған феноменді зерттеген ғалымдар еңбектеріне жасалған контент-талдау ұсынылады (1-кесте).

Кесте 1- Ресейлік және отандық ғалымдар еңбектеріндегі
«рефлексия» ұғымының мазмұнына контент-талдау

№	Авторлар	Ұғымға берілген түсініктер
1	В.И. Степанский, В.В. Столин	Өзін-өзі тану, өзіне талдау жасау секілді өз болмысыңды көрсету феноменінің кең өрісі.
2	С.Л. Рубинштейн	Адамның әлемге қатынасы бойынша өмір сүруінің ерекше тәсілі.
3	В.Г. Богин, Н.Н. Суртаева	Индивидтің өзінің әлеміне, ойлау тәжірибесіне, іс-әрекетіне, әсерленуіне жүгінуі, яғни өзі көрген, естіген, оқыған, істеген, ойлаған, сезінген, сондай-ақ осының барлығының негізін іздестіру.
4	М.Н. Аплетаев	Адамгершілік іс-әрекетінің, ар-намыс әрекетінің формасы.
5	В.А. Петровский	Адамның өзін-өзі сәйкестендірудің негізі (мақсатын, құралын, нысанын қамтиды); адамда құндылыққа деген мотивациялық қатынасы өңделеді, ол белгілі бір адамгершілік мұраттарға негізделген саналы таңдау жасайды.
6	В.А. Хуторской	Барлық білім беру үрдісінің, пәндік әрекеттің негізгі әдіснамалық конструкциясы.
7	Н.Б. Крылова	Болып өткенді ерекше ұйымдастырудың, өнімді ойлау тетігі (жағдаят пен әрекетті бағалау, міндетті шешудің тәсілдері мен операцияларын табу); міндетті шешуге қатыстырылған индивид пен барлық адамдардың әрекетін өзіндік талдау.

8	В.А.Сластенин	Өзін-өзі және басқаны түсіну, өзін-өзі және басқаны бағалау, өзіндік талдау.
9	Ю.Н.Кулюткин	Өзінің мінез-құлқы мен әрекетін зерделеп, ойлауын өз бетімен реттеу қабілеті (бақылау және бағалау).
10	Г. Н . С о л н ц е в а , Т.В.Корнилова	Нормативті (рефлексияланбаған) іс-әрекеттің құрылымдық компоненттерінің мазмұнын қайтадан құру қабілеті.
11	В.Рокитянский	Мақсат ретінде саналылыққа жету құралдарының жиынтығы: жалпы ұстаным, әрекет түрі, тәсілі, құралы.
12	Э.Г.Юдин	Рухани өмірдің, мәдениеттің формалары мен негіздерін (адамгершілік, эмоционалдық, т.б.) іздестіру.
13	М.И.Рожков	Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі; белгілі бір жағдаятта немесе кезеңде адамның өзін өзі тануы ғана емес (білу, түсіну), айналадағылардың өзіне қатынасын, оның тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық әсерін және когнитивтік түсініктерін білуін және түсінуін, тануын түсіндіруі. Рефлексия бұл болатын өзгерістер жайлы түсініктер.
14	Ю.М.Романенко	Рефлексия ақылдың бағыттау қабілеті және заттардың көптеген түрімен өзара әрекеттесу үрдісі, сыртқы әлемді тану нәтижесі мен шарттарын рефлексиялай отырып, адамның өзін-өзі тануы.
15	Б.А.Тұрғынбаева	Рефлексия индивидтің өз санасындағы өзгерістері туралы ойлануы; әрекеттің жүру барысы мен аяқталуын қорытындылап, баға беруі.
16	А.С.Амирова	Тұлғаның өзін, басқаны түсіне алуы, өзін бағалай және басқаға баға бере алуы.
17	Т.Б.Кенжебаева	Адамның жеке тұлғалық болмысын, қабілет деңгейінің шегін сезініп, ұғынуына бағыттайтын адами ойлау қағидасы.
18	Ә.Е.Әбуов	Рефлексия оқушының өзін-өзі танытуына, өзін-өзі сезінуіне, өзін-өзі іске асыруына бағыттайтын шығармашылық үрдіс.
19	О . Б . Д а р в и ш , Е.К.Жунусова	Рефлексия жоғары мектептегі білім сапасының көрсеткіші, кәсіби жетілдірудің алғышарты, өзара әрекеттесудегі серіктестің пікі әлемін бейнелеу.
20	Г.С. Абуғалиева	Рефлексия өзара әрекеттесу үдерісінде білім алушылардың оны түсінуі жайлы педагогтың болжауы.

1 кестеде көрсетілгендей, жоғарыдағы ғалымдар еңбектеріне жасалған контент-талдау күрделі феномен рефлексияның әртүрлі аспектіде: өзінің іс-әрекетінің алғышарты мен формасының мәнін түсінуге бағытталған адамзаттық ойлау қағидасы ретінде; білім мазмұнын және таным әдістерін сыни тұрғыдан талдауда оны пән ретінде; тұлғаның ойлауы мен өзіндік санасын зерттеуде адамның рухани әлемінің ерекшелігін және ішкі құрылымын ашып көрсететін өзін-өзі тану үрдісі ретінде түсіндіріледі деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Шетелдік ғалымдар (С.Грант, П.Керби) жоғары рефлексивті педагогтарды дайындау мақсатында кәсіби педагогикалық рефлексия тұжырымдамасын жасады. С.Гранттың пікірінше, бұл тұжырымдаманы дайындауда Д.Дьюидің стандартқа сай педагог пен рефлексивті педагог арасындағы айырмашылық қағидасы негізге алынады. Осы тұжырымдамада педагогикалық жағдаяттың проблемалық сипатына, педагогикалық міндеттерді шешудегі зерттеушілік тұғыр, білім беру жүйесіндегі барлық құбылыстар жиынтығының отнологиялық статусына ерекше мән беріледі [2, с. 85].

П.Керби өз зерттеуінде үш негізге сипаттама береді: бірінші негіз ретіндегі педагогикалық жағдаяттың проблемалық сипаты немесе «проблемалығы» болашақ педагогтың нақты жағдаят және оны шешудің альтернативті дәстүрлі тәсілі ретінде барлық жағдайлар мен құралдарды есепке алуымен сипатталады; екінші негіз ретінде алынған педагогикалық міндеттерді шешудегі зерттеушілік тұғыр мағлұматтар беруді ғана емес, практикалық қамтамасыздандыруды талап етеді; үшінші негіз кәсіби педагогикалық білім мазмұнының әлеуметтік сипатынан туындайды [3, с. 45].

Сонымен осы тұжырымдарға сүйене отырып, нақты кәсіби жағдаятта болашақ педагог-психологтарда дербес және нәтижелі әрекет ету қабілеті мен оған психологиялық тұрғыдан іштей дайындығын қалыптастыру қажет. Бұл болашақ педагог-психологтардың іс-әрекеттегі зерттеу біліктілігін дамытуға, рефлексиялық ойлауын қалыптастыруға бағдарлайды, ол кәсіби өзін-өзі дамытуға мүмкіндік туғызатын кәсіби рефлексиясына байланысты.

Осы орайда рефлексия феноменінің зерттеліну дәрежесі оның кәсіби іс-әрекетті табысты іске асырудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде оны дамыту үрдісінің жүйелік сипатқа ие екендігін көрсетеді.

Сондықтан зерттеу контекстімізде рефлексия болашақ педагог-психологтардың кәсіби-тұлғалық қалыптасуының негізгі компоненті ретінде кәсіби рефлексия құрылымында қарастырылады.

«Кәсіби рефлексия» ұғымын анықтау «адам-адам» жүйесіндегі кәсіптер аясында ажыратылатын белгілерінің (мамандыққа қызығушылығы, кәсіби білімді меңгеру мотивациясы, өзіндік рефлексиясы, эмпатиясы, әлеуметтік интеллект деңгейі, тұлғаралық және өндірістік қатынастардағы субъектілігі, кәсіби бағдары) мазмұнымен сипатталады.

Г.С.Сухобская, Ю.Н.Кулюткин зерттеулерінде кәсіби рефлексия мұғалімнің балалар әлемінің бейнесін суреттеу қабілеті ретінде айқындалады. Мұнда кәсіби рефлексия мұғалім тарапынан баланы зерттеу және түсіну, оның даму болашағын болжау, содан кейін баланы қажетті жағдаятта ынталандыру секілді мұғалімнің рефлексияға қабілеттілігі тұрғысынан ашып көрсетіледі [4, с.112].

Сондықтан зерттеу барысында рефлексияның құрылымы және мазмұны, типтері, түрлері, формалары мен функциялары анықталады.

В.А.Лефевр рефлексияның құрылымын практика бағдарлық тұрғыдан зерттеді. Ол рефлексия үрдісін жүйелей отырып, рефлексивтік үрдістердің психологиялық-физиологиялық моделін құруға талпыныс жасады. Осы мақсатта рефлексия рангы жөнінде түсінік енгізді. Оның пікірінше, рефлексияны талдау үшін сол сәтте жүзеге асырылған операциялар типін анықтау қажет. Мысалы, болып жатқан оқиғаны немесе жағдаятты

және ортаның белсенділігін моделдеу деңгейін білуі, т.б. [5, с. 59].

Г.П.Щедровицкий ғалым продуктивтік және конструктивтік рефлексияға өзіндік анықтама бере отырып, оқушылардың субъекті ретінде өзіне рефлексиясын қалыптастыру және дамыту, оқушы тұлғасын дамыту үшін сыни ойлауы мен талдауын, жете ұғынуын және оның тиімділігін бағалауын қарастырады [6, с.64].

С.С.Кашлев рефлексивтік іс-әрекеттің вербальды (ауызша) рефлексия; жазбаша (графикалық) рефлексия; бейнелік рефлексия, эмоциялық-сезімдік рефлексия, пластикалық (қозғалу) рефлексия формаларын бөліп көрсетеді [7, с.107].

А.В.Петровский рефлексияны адамның іс-әрекетін талдау барысында ретроспективалық және проспективалық түрлерін бөліп көрсетеді. Ретроспективалық рефлексия іс-әрекеттің қандай да бір актісінің тарихын ретроспективті қайтадан қалпына келтіру түрі, ол белсенділіктің пайда болуына алып келеді. Проспективалық рефлексияның факторы қандай да бір заттық жағдайда жүйедегі жаңа іс-әрекетті жүзеге асыруда қажеттіліктерді ойлау динамикасы болып табылады. Мұнда абсолютты жаңа жақтар көрініс табады. Бұл жаңа бағыттағы рефлексия адамның белсенділігін арттырып, әрекеттің жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағдарлайды [8, с.91].

Д.Шон «практикалық рефлексия» ұғымына теориялық білімдерді интеграциялау қабілеті ретінде практикалық міндеттерді тиімді шешу мақсатында зерттеушілік тұғыр гуманистік қасиетіне сәйкес жоғары кәсібилікті байқату көрсеткіші болып табылады деген анықтама береді. Ол моделіне екі рефлексияны, атап айтқанда, іс-әрекеттегі рефлексия үрдісі және осы үрдіс жайлы рефлексияны енгізеді. Оның пікірінше, бірінші типтегі моделдің ерекшелігі - рефлексия нақты жағдаятта әрекет ететін тұлғаға ғана тән. Ал екінші типтегі модель алынатын нәтижені тексеруге, әрекетті талқылауға және оны жете ұғынуға қатысушылар, осы үрдістің бірге қатысушысы ретінде бақылаушыға да тән. Сондықтан талдауда пікір алмасу сипатында екі жақта да ішкі психологиялық өзгерістер туындайды, бұл рефлексивті бақылаушыға да рефлексивті білім алушыға да негіз болады [9, с. 185].

Психологтардың зерттеуі бойынша рефлексия барысында адам өзін ғана зерттеп қоймайды, басқа адамдарды және олардың іс-әрекетін де таниды. Сондықтан әрбір маманның болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі, соның ішіндегі, нақты субъектінің білімі мен біліктілігін практикада қолданудағы рефлексияның рөлін айқындауға назар аударылады.

Рефлексия контекстіне байланысты адамның қабілетін айқындайтын психикалық сапа ретінде, ойлану, қарым-қатынас және өзін-өзі тану әрекеті аясында үрдіс ретінде, өзіндік субъективтілік әсерінен болатын ерекше күй ретінде қабылданады.

Осыдан рефлексия адамзаттық ойлаудың қалыптасуының маңызды фактісі ғана емес, тұтас тұлғаны солай тануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ рефлексия ойлау компоненті және тұлғаның өзін-өзі дамыту үрдісі деп түсіндіріледі. Бұл рефлексияны үрдіс, тұлғаның күйі, тұлғалық сапа ретінде зерттелінеді деп тұжырымдауға негіз болады.

Біздің жұмысымызда рефлексияны үрдіс ретінде қарастыруға басымдылық беріледі. Сондықтан рефлексияны әлеуметтік дамыған адам міндетті түрде жүзеге асыратын теориялық іс-әрекет формасы, оның рухани әлемінің өзіндік ерекшелігін ашатын өз әрекеті мен өзін-өзі тануын түсінуіне бағытталған үрдіс деп тұжырымдаймыз.

И.Н.Семёнов, С.Ю.Степанов рефлексияның екі түріне ерекше назар аударып сипаттайды, олар: тұлғалық рефлексия (өзінің сапасы мен күйін өзіндік бағалауы арқылы өзінің ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік береді); интеллектуалдық рефлексия (өзінің іс-әрекеті мен пәндік жағдаяттың арақатынасын, объектіні және әрекет ету жолын білуі). Сонымен қатар зерттеу пәніне және мазмұнына байланысты рефлексивті үрдістердің типологиясын ұсынады [10, с.89].

Зерттеуіміз үшін ғалымдар ұсынған рефлексияның типтері мен түрлері маңызды болып табылады (2-кесте).

Кесте 2 - Рефлексияның типтері мен түрлері
(И.Н.Семенов пен С.Ю.Степанов жіктемесі бойынша)

Рефлексияның типтері	Рефлексияның түрлері
Интеллектуалдық рефлексия	Формалды, мазмұндық.
Тұлғалық рефлексия	Ретроспективтік, жаңдайттық, перспективалық.
Коммуникативтік рефлексия	Эмпатиялық, жобалық, ойын.
Кооперативтік рефлексия	Фиксациондық, адаптациялық, рөлдік, коррекциялық, ұйымдастырушылық.
Экзистенциалдық рефлексия	Тарихи, әлеуметтік, экологиялық, философиялық, әдіснамалық.
Мәдени рефлексия	Эгоцентрикалық, герменевтикалық, аксиологиялық, этикалық, эстетикалық, дүниетанымдық.
Реттеушілік рефлексия	Тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі таныту.

Жалпы алғанда, жоғарыдағы 2-кестеде көрсетілгендей, рефлексияның әртүрлі жіктемесі бар.

Қарастырылып отырған мәселені зерттеудің тұғырлары рефлексияның алғашқы төрт, атап айтқанда, интеллектуалдық, тұлғалық, коммуникативтік, кооперативтік типтеріне негізделеді. Рефлексияның интеллектуалдық және тұлғалық аспектілері ойлаудың жеке дара типінде көрініс тапса, ал коммуникативтік және кооперативтік рефлексия типтері іс-әрекеттің ұжымдық формасына және шешімді бірлесіп қабылдау үрдістеріне тән. Педагогикалық үрдістегі рефлексия мынадай функцияларды орындайтыны анықталды: мотивациялық (педагогикалық үдеріске қатысушылардың бірлескен іс-әрекетінің нәтижеге бағыттығын анықтау); жобалаушылық (педагогикалық үдеріске қатысушылардың іс-әрекетін жобалау және моделдеу); ұйымдастырушылық (бірлескен іс-әрекеттегі өзара әрекеттестіктің аса тиімді тәсілдерін ұйымдастыру); коммуникативтік (педагогикалық үдеріске қатысушылардың өнімді қарым-қатынас шарты ретінде); мәнді шығармашылық (шығармашылық ойлау әрекеті мен өзара әрекеттестікті қалыптастыру); коррекциялық (іс-әрекеттегі өзара әрекеттестікті өзгерту сезімін ояту).

Қорытынды. Күрделі феномен рефлексияны зерттеген жоғарыдағы ғалымдар еңбектерін жан-жақты талдау рефлексияны философияда сана мен іс-әрекет мәселесі контекстінде танымның құралы, педагогикада тұлғаның өзінің іс-әрекет нәтижесін талдауы және өзін-өзі тануы, ал психологияда өзінің ішкі күйі жайлы ойлануы ретінде қарастырылатынын анықтауға мүмкіндік берді. Жоғарыдағы санамалап сипатталған ғылыми-әдіснамалық негіздерге сүйеніп, рефлексия жөніндегі көппәндік ғылыми білімге жасалған талдау мен жүйелеу бір-бірімен өзара байланысты және бірін-бірі өзара толықтыратын контексттерді бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады: рефлексияның жалпы философиялық немесе онтологиялық контексті; рефлексия және ой, ойлау (ақыл-ой әрекеті); рефлексия және сана (психика); рефлексия және өзіндік сана, рефлексия және «Мен-тұжырымдама»;

рефлексия және мотивация; рефлексия және практикалық іс-әрекет (жеке және бірлескен), рефлексия және кооперация; рефлексия және даму (өзін-өзі дамыту); рефлексия және ақпараттық өзара әрекеттесу. Сондықтан болашақ педагог-психологтардың рефлексиясын дамыту үрдісін мақсатты бағытта ұйымдастыру рефлексияны олардың кәсіби-тұлғалық қалыптасуының негізгі компоненті ретінде қарастырудың қажеттілігін айқындайды. Демек кәсіби рефлексияны өзін-өзі тану тетігі, жеке сананың белсенді тұлғалық басқаша ойлауы тұрғысынан зерделеу тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне, қоғамдағы өз іс-әрекетінің табыстылығын қамтамасыз етуіне мүмкіндік туғызады деп тұжырымдауға негіз болады. Осы тұжырымдар рефлексияны болашақ педагог-психологтардың оқу әрекетіндегі белсенді ұстанымының көрсеткіші, көбінесе, оның өзін-өзі дамытуын, өздігінен білім алуын, өзін-өзі анықтауын, өзін іс жүзінде көрсетуін, өзін-өзі реттеуін айқындай түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. www.akorda.kz.
2. Grant T.C. Preparing for reflective teaching. - Boston, 1984. - P. 85.
3. Kirby P. Development of the reflective teaching instrument//Journal of research development in Education. -1989. V. 22. - .№4. – P. 45-50.
4. Кулюткин Ю.Н. Индивидуальные различия в мыслительной деятельности взрослых учащихся/Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская. - М.: Педагогика, 1971. -112 с.
5. Лефевр В.А. Рефлексия: Сборник. – М.: Когито-центр, 2003. – 496 с.
6. Щедровицкий Г.П. Мышление. Понимание. Рефлексия. – М.: Наследие ММК, 2005. – 800 с.
7. Кашлев С.С. Методы интерактивного обучения. – Минск: ТеТраСистемс, 2011. -224 с.
8. Петровский А.В. Личность. Деятельность. Коллектив. – М: Политиздат, 1982. – 255 с.
9. Шон Д. Рефлексивный практик. Перевод с англ. – М.: Вильяме, 1996. – 231 с.
10. Семёнов И.Н. Типы взаимодействия наук и методологические ориентации в психологии творчества рефлексии/И.Н.Семёнов, С.Ю.Степанов // Наука о человеке. – М.: Наука, 1989. - 89 с.

К.К.Шалгынбаева, К.О.Казиев

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева.
Нур-Султан, Казахстан*

Рефлексия как основной компонент профессионально-личностного формирования будущих педагогов-психологов

Аннотация: Современное научное понятие о феномене рефлексии содержит в себе характеристики многообразных ее проявлений. Рефлексия (англ. reflection) – мыслительный процесс, направленный на анализ, понимание, осознание себя, собственных действий, поведения, речи, опыта, чувств, состояний, особенностей, характера, отношений к себе и другим и т.д. По мнению исследователей, значимость развития профессиональной рефлексии будущих педагогов-психологов для эффективного становления в педагогической профессии очень велика. Осознанное отношение человека к своей деятельности и к себе, формируется посредством рефлексии, так как именно рефлексия способствует идентификации своего отношения к постигаемой действительности. Из этого следует, что рефлексия определяется как процесс и результат взаимодействия человека с самим собой и окружающим миром.

Профессиональной рефлексии характерна интерактивность, так как она диалогична по своей природе и ориентирована на обратную связь. Во первых, будущий педагог-психолог взаимодействует в процессе коммуникации с иными субъектами по общению и проявляет кооперативный и коммуникативный аспекты профессиональной рефлексии. Во вторых, обратная связь следует от самого субъекта в процессе внутреннего диалога, и тогда профессиональная рефлексия проявляется в интеллектуальном аспекте. Профессиональная рефлексия способствует формированию у будущих педагогов-психологов обобщенного представления о профессии, о содержании и структуре деятельности. В контексте нашего исследования важное теоретическое значение имеет вопрос о взаимосвязи профессиональной деятельности с рефлексией, которая направлена на развитие интеллектуальной рефлексии (самосознание, осмысление и ориентация действий субъекта), личностной рефлексии, на самоорганизацию через самопознание и самоанализ себя (осмысление своего состояния, внутренних психических актов, своей мыслительной деятельности), межличностной рефлексии через деятельность партнера по совместной деятельности (взаимоотражение субъектами друг друга с выходом на рефлексивную позицию).

Ключевые слова: рефлексия, педагогическая рефлексия, профессиональная рефлексия, личностная рефлексия, интеллектуальная рефлексия, коммуникативная рефлексия, кооперативная рефлексия, экзистенциальная рефлексия, культурная рефлексия, регулирующая рефлексия, ситуативная рефлексия, ретроспективная рефлексия, перспективная рефлексия, самопознание, самоотчет.

K.K.Shalgynbayeva, K.O. Kaziev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Reflection as the main component of the professional-personal formation of future teachers-psychologists

Abstract: The modern scientific concept of the phenomenon of reflection contains the characteristics of its diverse manifestations. Reflection (eng. reflection) is a thought process aimed at analyzing, understanding, understanding oneself, one's own actions, behavior, speech, experience, feelings, states, characteristics, character, attitudes towards oneself and others, etc. According to the researchers, the importance of the development of professional reflection of future teachers-psychologists for effective development in the teaching profession is emphasized. As well as the conscious attitude of a person to his activity and to himself, is formed through reflection, since it is reflection that helps to identify his attitude to perceived reality. From this it follows that reflection is defined as the process and result of human interaction with himself and the world around him. Professional reflection is characterized by interactivity, since it is dialogical in nature and oriented towards feedback. First, the future educational psychologist interacts in the process of communication with other subjects in communication, and displays the cooperative and communicative aspects of professional reflection. Secondly, the feedback follows from the subject himself, in the process of internal dialogue, and then professional reflection manifests itself in the intellectual aspect. Professional reflection contributes to the formation of a generalized view of the profession, the content and structure of the activity among future psychologists. In the context of our research, the question of the relationship of professional activity with reflection, which is aimed at developing intellectual reflection (self-awareness, understanding and orienting of the subject's actions), personal reflection, self-organization through self-knowledge and self-analysis (understanding one's own state of internal mental acts, their mental activity), interpersonal reflection through the activities of a joint partner (the interaction between the subjects of each other uga with access to reflective position).

Key words: reflection, pedagogical reflection, professional reflection, self-reflection, intellectual reflection, reflection communicative, cooperative reflection, existential reflection, cultural reflection, regulating reflection, situational reflection, retrospective reflection, prospective reflection, self-knowledge, self-report.

References

1. Poslaniye Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.Nazarbayeva narodu Kazakhstana [State of the Nation Address of President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev,] Rost blagosostoyaniya kazakhstantsev: povysheniye dokhodov i kachestva Zhizni [Growing welfare of kazakh citizens: increase in income and quality of life] (Astana, October 5, 2018). www. akorda.kz.
2. Grant T.C. Preparing for reflective teaching. (Boston, 1984, 85 p.).
3. Kirby P. Development of the reflective teaching instrument, Journal of research development in Education, (4). 45-50 (1989)
4. Kulyutkin Yu.N., Sukhobskaya G.S. Individual'nyye razlichiya v myslitel'noy deyatel'nosti vzroslykh uchashchikhsya [Individual differences in the mental activity of adult students] (Moscow, 1971).
5. Lefevre V.A. Refleksiya [Reflection]: Sbornik [Collection.] (Moscow, 2003).
6. Schedrovitsky G.P. Myshleniye. Ponimaniye. Refleksiya [Thinking. Understanding. Reflection]. (Moscow, 2005).
7. Kashlev S.S. Metody interaktivnogo obucheniya [Methods of interactive learning] (Minsk, 2011).
8. Petrovsky A.V. Lichnost'. Deyatel'nost'. Kollektiv [Personality. Activity Team] (Moscow, 1982).
9. Schon D.A. Refleksivnyy praktik [Reflexive practice.]. Pervod s angl. [Translation from English] (Moscow, 1996).
10. Semenov I.N., Stepanov Yu. Tipy vzaimodeystviya nauk i metodologicheskiye oriyentatsii v psikhologii tvorchestva refleksii [Types of interaction of sciences and methodological orientation in the psychology of creativity of reflection], Nauka o cheloveke [Science about Man.] (Moscow, 1989).

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич, 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қазиев Қ.О.- 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс докторанты, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасы, Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич, 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Shalgynbayeva K.K. - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of Social Pedagogy and Self-Learning, Faculty of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kaziev K.O. - Doctoral Student, 2 course, specialty 6D010300 – «Pedagogy and Psychology», Department of Social Pedagogy and Self-Learning, Faculty of Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

ПСИХОЛОГИЯ PSYCHOLOGY



XҒТАР 13.00.02

К.Қ. Базарбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bazarbaeva1969@mail.ru)*

Спортшыларды жарысқа психологиялық дайындау

Аннотация. Бұл мақалада автор жарыстардан жемісті шығу спортшының физикалық, техникалық және тактикалық дайындығының жоғары деңгейіне ғана емес, оның психологиялық дайындығына да байланысты болатыны белгілі. Шын мәнісінде де, өзінің физикалық, техникалық және тактикалық қабілеттерін, дағдылары мен икемдерін толығымен іске асыру үшін, оған қоса жарыстардың міндетті элементі ретінде өзінің резервтегі жасырын мүмкіндіктерін ашу үшін, спортшыға спорттық қызметтегі белгілі бір жағдайларға психологиялық дайындық қажет. Бұл, тәжірибе көрсетіп отырғанындай, спортшылардың медальды қанжығасына салуға толық дайын бола тұра, психологиялық дайындығының жетіспеушілігі салдарынан өзінің қарсыласына ұтылып қалған талай мысалмен байланысты. Осыған орай, спортшылардың жарыстарға психологиялық дайындығы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүние жүзі бойынша да жоғары санатты спортшыларды дайындауда өзекті мәселе болып табылады.

Бұл мақалада спортшыларды жарыстарға психологиялық дайындаудың түрлері мен әдістері туралы жинақталған ақпарат ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: спортшы, психологиялық дайындық, жарыс, әдістер мен әдіснамалар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-140-145>

Өзектілігі. Қазіргі спорт әлемінде дүниежүзілік спорт аренасында жоғары жетістірге қол жеткізу және тұрақты нәтижелерге жету үшін, жалпы физикалық, техникалық-тактикалық дайындықты жетілдіру, медициналық биологиялық және допингке қарсы шарттарды қамтамасыз ету жеткіліксіз. Осы мақсатпен спортшының еңбекке қабілеттілігін арттыру және жасырын мүмкіндіктері мен әлеуетін ашу жолдарын үнемі іздену қажет. Спорттық дайындықты жетілдірудің құралдарының бірі ретінде спорттық психология жетістіктерінің қолданысы шығады.

Спортшының психологиялық дайындығының мәселесі алғаш рет кеңестік спорт психологиясында 1951 жылы бірінші Бүкіл Кеңестік спорт психологиясы бойынша кеңесте алға тартылған болатын. Дәл осы 1951 жылы дайындықтың осы тарауы кешенді педагогикалық білімнің құрамдасы ретінде қарастырыла бастады да, психологиялық дайындық атауына ие болды.

Психологиялық дайындық дегеніміз – бұл психологияның ғылыми жетістіктерінің қолданысындағы спорттық қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігі үшін оның құралдары мен әдістерін іске асырудың қырларының бірі. Осыған орай, психологиялық дайындық

спорттың психологиялық мәдениеті арттырумен, спорт туралы ғылымдардың пәнаралық өзара әрекеттестігімен тығыз байланыста. Дүниежүзілік спорттық қауымдастықта артып отырған бәсекелестік физикалық, техникалық және тактикалық секілді дайындықтың үш түрінің жетіспейтінін көрсетіп отыр. Қазіргі спорттық жарыстар қатысушылардан тек физикалық қана емес, сонымен қатар психологиялық та энергиясының үлкен шығынын талап етеді. Физикалық және техникалық тұрғысынан жақсы дайындалған спортшы да осы мақсаты үшін оған қажетті жеке тұлғаның психологиялық функциялары мен психологиялық қырлары жеткілікті дамымағанында, жеңіске жете алмайды.

Айтылғанның барлығы спортшы дайындығының психологиялық секілді төртінші түрін дамыту қажеттілігін көрсетіп отыр. Осыған байланысты спортшылардың психологиялық дайындығы тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзі бойынша да өзекті мәселелердің бірі болып отыр.


Бұл еңбекте келесі әдістер қолданылды: спортшылардың жарыстарға психологиялық дайындығының қолданыста жүрген түрлерінің, құралдары мен әдістерінің, ғылыми әдістемелік әдебиеттердің, ресми интернет-ресурстардың талдаулары мен жинақтаулары.

Зерттеулердің нәтижелері мен олардың талқылаулары. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері қолданыстағы психологиялық дайындықтың түрлері мен әдістерін талдап шығуға, психологиялық дайындыққа спортшыны жарыстарға дайындаудың басты құрамдастарының бірі ретінде негіздеме беруге мүмкіндік берді.

Психологиялық дайындықты жалпы және арнаулы психологиялық дайындық түрлеріне жіктейді.

Жалпы психологиялық дайындық спортта түбегейлі бола тұра, адам қызметінің көптеген басқа да түрлерінде бағаланатын жеке тұлғаның әмбебап қасиеттері мен психологиялық (жалпы қамтушы, жан-жақты, көптеген мақсаттарға жарамды) қабілеттерінің қалыптасуы мен дамуына бағытталғанымен сипатталады. Жалпы психологиялық дайындыққа ұзаққа созылатын жаттығу үдерісіне дайындық, ерік-жігерінің дайындығы, әлеуметтік-психологиялық дайындық, қимыл-қозғалыс координациясын дамыту, жалпы жарыстарға дайындық, өз бетінше өзін тәрбиелеу мен рефлексия жатады (1-кесте)

1-кесте – Психологиялық дайындықтың түрлері



Арнаулы психологиялық дайындық спортшы бойында нақты жарыстарға қатысуының психологиялық дайындығын қалыптастыруға бағытталған. Жарыстарға психологиялық дайындық спортшының өз күшіне сенімімен, белгіленген мақсатына қол жеткізу үшін соңына дейін күресуге ұмтылысымен, эмоционалдық қозуындағы ұтымды деңгейімен, түрлі қолайсыз сыртқы және ішкі әсерлерге тұрақтылығының жоғары дәрежесімен, өзінің әрекеттерін, сезімдерін, спорттық күрестегі өзгеріп отырған жағдайларындағы өзінің жүріс-тұрысын ерікті басқару қабілетімен сипатталады.

Арнаулы психологиялық дайындықтарға нақты жарыстарға дайындықты, нақты қарсыласына, жарыстың кезеңіне дайындықты, өзінің жай-күйін жағдаятты басқаруды жатқызуға болады [1].

Психологиялық дайындықтың басты міндеті ретінде спортшының бойында жеке басының сенімділігіне, өзін жетілдіру қабілетіне, алдағы жеңісіне бағытталған ерекше психологиялық жай-күйін тәрбиелеу мен келешекте дамыту шығады. Осындай дайындықтың дұрыс және кәсіпқойлықпен ұйымдастырылуы спортшының бақуаттылығына, жарыс мансабындағы табысты жолы мен тұрақты жеңісіне тікелей әсерін тигізеді. Іс жүзінде спортшыларды жарыстарға психологиялық дайындаудың келесі амалдары қолданылады:

- алдағы жарыстың шарттары мен әсіресе қарсыластары туралы жеткілікті және сенімді ақпараттың жинақталуы (фото, видео материалдарға сараптама жасау);

- жаттығу дәрежесі туралы, спортшының және команданың жарыстардың басталу сәтіне алынған мүмкіндіктері туралы ақпаратты толықтыру мен нақтылау (қарсыластың осал жерлерін біліп, оған қарсы тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білу);

- жарыстарға қатысудың мақсатын дұрыс анықтау және тұжырымдау (орын алу немесе жай ғана тәжірибе үшін);

- жарыстарға шығудың қоғамдық мәні бар мотивтерін қалыптастыру (медаль немесе сыйлы жүлдені жеңіп алу);

- жарыс қызметінің ықтималдылығын бағдарлау;

- ауырлығы әртүрлі жарыс кедергілерімен жолығуға арнаулы дайындық (әсіресе тосын түрлеріне) және олардан асуға жаттығу (соңғы секундтарға дейін барынды салып күресу);

- қолайсыздығы мүмкін ішкі жай-күйлерді өз бетінше реттеу амалдарын қарастыру (ішкі қорқыныш пен үрейді басып, өзіне деген сенімділікті арттыру);

- жарыстың басталу сәтіне жүйкелік-психологиялық тазалығын сақтап қалу амалдарын іріктеу және пайдалану, оны жарыстардың барысында қалпына келтіру (жарыс нәтижесі емес, күндегі жаттығу кезіндегі техниканы қайталап шығу) [2].

Жарыстың алдында спортшының ағзасында өте күрделі өзгерістер өтіп, старт алдындағы 3 негізгі нұсқасы ажыратылады (2-кесте).

2-кесте – старт алдындағы спортшыларда болатын өзгерістер сызбасы



Спортшының бойында физиологиялық және психологиялық деңгейлерінде «күреске дайындықты» шыңдау үшін түрлі психологиялық әдістер қолданылады, олардың арқасында спортшыда күрестің және жарыстың дағдарысты жағдайларында өз бетінше жинақталу функциясы дамытылады. Спортшылардың психологиялық дайындығы әдістерінің жалпы қағидаларына жататындары: спортшыларды психологиялық ағарту ісіне бағытталған лекциялар мен сұхбаттар; спортшылардың алдында басқа адамдармен сұхбаттасу; гетеротренинг (аутогенді жаттығуға үйрету сеансы), спортшының жоғары сезімталдылығын сақтаумен қатар жүретін ұйытумен ұйықтату, тынықтыру (гипноз), аутотренинг, ой-толғаныстар мен пікірлесу.

Аталған әдістердің кешенді қолданысы спортшының өз бетінше реттелуінің өзін жетілдіреді. Келешекте (жарыс барысында) ол сананың өз бетінше реттелу тетіктеріндегі жұмысты жеңілдетеді, өйткені бейсанасының теріс әсерін тежейді. Спортшының өзін-өзі психологиялық тәрбиелеп, жарыс кезінде қолға алып жинала білуі оның спорттық кәсіби біліктілігі мен тәжірибесіне тікелей байланысты.

Егер спортшы өзін өз бетінше тәрбелеумен айналыспайтын болса, тәрбиелеу үдерісінің пайдасы аз болады. Өзін өз бетінше тәрбиелеуге түрткі өз бетінше реттелу амалдарына үйрету арқылы іске асырылады.

Ондай амалдар мен әдістердің қатарына жататындары: мимикалық бұлшықеттердің тonusын бақылау және реттеу, спортшының бұлшықет жүйесін бақылау және реттеу, қимылдар мен сөзінің темпын бақылау және реттеу, арнайы тыныс жаттығулары, тынығу. Өзін өз бетінше реттеудің анағұрлым тиімді амалдары өзінің «Мен» деген тұрғысын бейнелеумен байланысты болады (санасын өзіне бағыттау). Олар үшін келесідей алуан түрлі амалдар тән: сюжеттік көріністер мен қиялдар арқылы көңілін аудару, өзін өз бетінше сендіру, өзін өз бетінше иландыру [3].

Қорытынды. Осылайша, спортшының келтірілген психологиялық өз бетінше реттеудің амалдарын меңгеруі үшін, жаттықтыру үдерісінде үнемі жарыс күресін және бәсекелестікті модельдеп отыру қажет. Спортшы оның ағзасында өтіп жатқан барлық үдерістерді бақылап отыруға және жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін қажет болатын амалдарды және әдістерді қолдануға үйренуі тиіс. Ол үшін спортшының психологиялық дайындығы тұтас оқу-жаттықтыру үдерісінің ажырамас құрамдасы болуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Жоғары жетістіктер психологиясы / А.В. Родионованың редакциясында – Мәскеу: ФиС, 1999.
2. Уэйнберг Р., Гоулд Д. Дене шынықтыру және спорт психологиясының негіздері. – Киев: Олимпиядалық әдебиет, 2009.
3. Григорьянц И.А. Психологиялық-педагогикалық спортшыларға көмек // Дене шынықтыру теориясы мен практикасы. – 2012. - №6

К.К. Bazarbayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Psychological preparation of athletes for competitions

Abstract. In this article, the author examines the issue of psychological preparation of athletes. It is known that successful performance in competitions depends not only on the high level of physical, technical and tactical readiness of the athlete, but also on his psychological readiness. Indeed, in order to fully realize their physical, technical and tactical abilities, skills and abilities, and in addition, to open up reserve capabilities as an indispensable element of the competition, an athlete needs to be psychologically prepared for certain conditions of sports activity. This is due to the fact that practice shows many examples when an athlete is fully ready to win a medal according to pre-competitive indicators, but due to insufficient psychological preparedness, he loses to his opponent at the crucial moment. In this regard, the psychological preparation of athletes for the competition is one of the pressing issues of training high-class athletes not only in Kazakhstan, but throughout the world.

The article provides generalized information about the types and methods of psychological preparation of athletes for competitions.

Key words: sportsman, psychological preparation, competition, techniques and methods.

К.К. Базарбаева

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Психологическая подготовка спортсменов к соревнованиям

Аннотация. В данной статье автор отмечает, что успешное выступление в соревнованиях зависит не только от высокого уровня физической, технической и тактической подготовленности спортсмена, но и от его психологической готовности. Действительно, чтобы реализовать в полной мере свои физические, технические и тактические способности, навыки и умения, а кроме того, раскрыть резервные возможности как обязательный элемент соревнования, спортсмену необходимо психологически подготовиться к определенным условиям спортивной деятельности. Практика показывает множество примеров, когда спортсмен полностью готов к завоеванию медали, но из-за недостаточной психологической подготовленности проигрывает своему сопернику именно в решающий момент. В связи с этим психологическая подготовка спортсменов к соревнованиям является одним из наиболее актуальных вопросов подготовки спортсменов высокого класса не только в Казахстане, но и во всем мире.

В статье представлена обобщенная информация о видах и методах психологической подготовки спортсменов к соревнованиям.

Ключевые слова: спортсмен, психологическая подготовка, соревнования, методы и методологии.

References

1. Rodyonova A.V. Jogary jetistikter psihologiyasy [Psychology of high achievements] (Moscow: 1999).
2. Wayneberg R., Gould D., Dene shynyqtyru jane sport psihologiyasynyn negizderi [Bases of psychology of physical training and sports] (Olympic Literature, Kiev, 2009).
3. Grigoryants I.A., Psihologiyalyq-pedagogikalyq sportshylarga komek [Psycho-pedagogical assistance to athletes], Dene shynyqtyru teoriyasy men praktikasy [Theory and practice of physical training]. 2012. №6.

Автор туралы мәлімет:

Базарбаева К.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 6, Нұр-Султан, Қазақстан.

Bazarbayeva K.K. - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Str., 6, Nur-Sultan, Kazakhstan.

XFTAP 14.07.03

Г. Б. Иманбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: gulbarshyn.baktygalieva@mail.ru)*

Психологиялық денсаулықты сақтау мәдениетін дамытудың факторлары

Аннотация. Азаматтардың денсаулығын сақтау - адам өмірінің қауіпсіздігіне бағытталған басымдық. Мұндай көзқарас кез-келген іс-әрекетпен шұғылданатын тұлғаларға психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетудің теориясы мен тәжірибесіне толығымен сәйкес келеді. Психологиялық жұмыстың міндеті – тұлғалардың әлеуметтік ортаға, атап айтқанда қоршаған ортаға оңтайлы бейімделуіне ықпал ету. Сондықтан мақалада тұлғаның қарым-қатынас мәдениетін игеруі және оның психологиялық денсаулықты сақтау мәдениетін дамытудағы маңыздылығы қарастырылады. Психологиялық мәдениеттің құрылымдық компоненттері, олардың талдануы сипатталады.

Сонымен қатар психологиялық мәдениеттің адам өмірінің әлеуметтік, физикалық, интеллектуалдық эмоционалдық, рухани аспектілеріне тәуелділігі талданады. Қарым-қатынас мәдениетін, психологиялық денсаулықты сақтау мәдениетін дамытудағы Э. Берн әдістемесін қолдану жолы, трансактілік талдаудың орны көрсетілген. Тұлғаның денсаулыққа құндылықты қатынас дәрежесін олардың салауатты өмір салтын шынайы орындау және денсаулықты сақтау әрекетіне қатысу дәрежесі бойынша, сондай-ақ позитивті немесе негативті бағытта өзгеру динамикасы бойынша бағалауға болады деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: қарым-қатынас мәдениеті, психологиялық денсаулық, психологиялық мәдениет, психологиялық сауаттылық, психологиялық құзыреттілік, құндылық, рефлексия, мәдени шығармашылық, психологиялық мәдениетті сақтау, синтония, трансакция, трансактілі талдау

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-146-152>

Айналадағы адамдармен эмоционалды жағымды қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу әрбір адамның өмірлік тәжірибесіне, біліміне, тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асып отырады. Тіл табысып, өзгелермен қатынас орнату адамнан өзіндік талғам-тілегін, ықылас-ынтасын жалпы адамға деген адами көзқарасын жете түсінуді талап етеді. Қарым-қатынас нәтижесінде адамның кісілік қасиеті, өзгелерге деген қамқорлығы мен жан ашырлық сезімі, ізгілік көзқарасы қалыптасады. Тіршілік ортасы мен өмір сүрудің сан алуан сырларын біліп, жеке басының қадір-қасиетін арттырады. Қарым-қатынас барысында адамда моральдік-саяси, эстетикалық сезімдер, мінез бітістері қалыптасады. Егер біз өз өмірімізді бақыласақ, онда мынаны байқаймыз:

- басқа адамдармен өзара әрекеттесіп, оларды қабылдаймыз, түсінеміз және бағалаймыз;

- түрлі көргендерімізді, естігендерімізді талдаймыз;

- айналамыздағы адамдармен білімдерімізбен, өмірлік тәжірибелерімізбен бөлісеміз;

- басқа адамдарды сезініп, олардан үйреніп, мінез-құлқымызды өзгертеміз;

- шешім қабылдағанда басқа адамдардың пікірін ескереміз.

Тұлғаның психологиялық дамуындағы қарым-қатынас мәселесі психология саласында орындалған бірқатар еңбектерде қарастырылған. Тұлғаның қарым-қатынасын жетілдірудің психологиялық-педагогикалық жолдарын (Х.Т. Шерьязданова), тұлғаның психологиялық дайындаудың субъектілік-бағдарлы негізін (А.Р. Ерментаева), тұлғаның қарым-қатынас кезіндегі шығармашылық іс-әрекетін (С.Қ. Бердібаева) зерттеген.

Сонымен қатар, қарым-қатынас адамның психологиялық дамуының маңызды факторы. Қарым-қатынаста адамдар өзін көрсетеді, өзі үшін және басқалар үшін психологиялық қасиеттерін аша түседі. Сонымен бірге сол қасиеттер қарым-қатынаста

қалыптасады. Жалпы түрде қарым-қатынасты психологиялық денсаулыққа байланысты былайша анықтауға болады: адамның бүкіл өмірі барысында тұлғалық қасиеттері, танымдық процестері мен жеке-дара ерекшеліктері қалыптасатын жан-жақты үдеріс. Р.С. Немов мазмұнына қарай қарым-қатынастың бірнеше түрлерін бөліп қарастырады: материалды түрде (іс-әрекет өнімдері және заттармен алмасу), когнитивті түрде (біліммен алмасу), кондиционды түрде (психикалық және физиологиялық жағдаймен алмасу), мотивациялық түрде (қажеттіліктермен, түрткілермен, қызығушылықтармен, мақсаттармен алмасу), іс-әрекеттік түрде (әрекеттермен, амалдармен, икемділіктермен алмасу) [1].

Мазмұны, мақсаты және тәсілі бойынша әртүрлі болатын қарым-қатынас тұлғаның психикалық дамуында спецификалық функцияны атқарады. Мысалы, материалдық қарым-қатынас адамға өмір сүру барысында материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Когнитивті қарым-қатынас интеллектуалды даму ретінде көрінеді. Кондициондық немесе эмоционалды қарым-қатынас қарым-қатынастың басқа түрлерін оптималандыру үшін қажетті қалыптарды қалыптастырады. Мотивациялық қарым-қатынас адам үшін қосымша энергия көзі болады. Осындай қарым-қатынас нәтижесінде игеретін жаңа қызығушылықтар, мотивтер және мақсаттар арқылы өзінің психоэнергетикалық потенциалын кеңейтеді. Іс-әрекеттік қарым-қатынас, ол жеке әрекетпен, операциялармен, біліктілік және дағдымен алмасу ретінде анықталады. *Психологиялық қарым-қатынас организмнің, оның өмірлік функциясының дамуына маңызды шарт болатын сапа қызметін анықтайды* [1].

Тұлға қарым-қатынас процесінде ақпарат алмасу, кері байланыс жасау, түсініп қабылдау, біріккен іс-әрекетті жүзеге асыру арқылы қоғамдық және жеке сананы, эмоцияны, сезімді, мінез-құлық нормаларын көрсетудің формаларын меңгереді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты - өзара түсіністікке қол жеткізу. Бірақ мұны орындау оңай жұмыс емес. Қарым-қатынас жасауда сөйлесіп отырған адамды тыңдап, түсіне білудің маңызы зор. Адамдарға өз ойыңыз бен пікірлеріңізді түсіндіре отырып, сіз көптеген түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен жанжалдың алдын ала аласыз. Адамның өзімен-өзі және басқа адамдармен үйлесімділікте болуы оның танымдық іс-әрекетінің қалыпты дамуында маңызды орын алады. Ол қарым-қатынасты игерудің негізгі техникалары «синтония» ұғымымен байланысты. Қарым-қатынастың синтоникалық моделі нейролингвистикалық бағдарлама негізінде жасалған, қабылдау мен ойлау процестерінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Сыртқы әлеуметтік ортаның биологиялық, психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қолайсыз әсерлері нәтижесінде қалыптасқан психикалық күйлер: шаршау, үрей, жабығу, жан күйзелісі, көңілдің бұзылуы, уайымдау, фрустрация түрінде болады. Адамдардың психоәлеуметтік және психоэмоционалды торығуы олардың психологиялық денсаулығының және оны сақтау мәдениетінің төмендеп кетуінен пайда болады.

Осыған сәйкес Л.С. Колмогорова психологиялық мәдениеттің келесі құрылымдық компоненттерін бөліп көрсетеді:

- когнитивті (психологиялық сауаттылық психологиялық білім және дағдылар ретінде);

- психологиялық құзыреттілік;
- құндылықты-мәндік
- рефлексивті-бағалау
- мәдени шығармашылық [2].

Психологиялық білімдер мен дағдылар психологиялық мәдениетті игерудегі «негіздер» болып табылады, осыдан бастап жиі жас, жеке және басқа да ерекшеліктерді ескере отырып, оны меңгере бастайды.

Психологиялық сауаттылық ғылыми білімдер тұрғысынан алғанда, қарапайым

білімі мен дағдылардан, ой-өрісінен, психикалық құбылыстар туралы хабардар болуынан, сондай-ақ өмірлік тәжірибе тұрғысынан алғанда дәстүрлерден, әдет-ғұрыптардан, басқа адамдармен тікелей қарым-қатынасынан, бұқаралық ақпарат құралдарынан және т.б. алғандарынан көрінеді. Психологиялық сауаттылық - бұл әрбір қалыпты дамып келе жатқан адамның мәдениетті меңгеруіндегі алғашқы қадамы.

Психологиялық құзыреттілік психологиялық мәселелерді шешуде тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін білімді ұйымдастырудың ерекше түрі.

Психологиялық құзыреттілік психологиялық білімдер мен дағдылар негізінде іс-әрекеттің (сыртқы және ішкі) конструктивтілігі, тиімділігі арқылы сипатталуы мүмкін, яғни бұл адамның алдында тұрған мәселелерді, міндеттерді шешуге бағытталған білім мен біліктерді тиімді пайдалануды білдіреді. Психологиялық құзыреттілік өздерінің өткен тәжірибесін, басқа адамдардың тәжірибесін және қоғамдық-тарихи тәжірибені бірдей қолдануды болжайды. Бұл абстрактілі психологиялық білімді өзі, белгілі бір адам, нақты жағдай туралы білімдермен біріктіруді болжайды. Психологиялық құзыреттілікте келесідей жалпы элементтерді бөлуге болады:

- таным және өзін-өзі тану, қарым-қатынас, ойындар және т.б. психологиялық құралдарды меңгеру және дұрыс қолдана алу;
- өткен тәжірибені талдау және оны өзекті психологиялық мәселелерді шешуде дұрыс пайдалану;
- нақты психологиялық мәселелерді, міндеттерді (өзін-өзі реттеу, қарым-қатынас және т.б.);
- шешуге қажетті, оларды кең көлемде тасымалдауға мүмкіндіктері бар білімдерді, дағдыларды, біліктерді меңгеру;
- әртүрлі жағдайларда мінез-құлықтың, іс-әрекеттің тиімді бағдарламаларын әзірлеу.

Адамның психологиялық мәдениетінің құндылық-мәндік компоненті – адамның психикасы, оның іс-әрекеттері, басқалармен қарым-қатынасы аймағында жеке маңызды жүйелерінің және жеке құнды ұмтылыстарының, идеалдарының, нанымының, көзқарасының, бағытының, қатынасының, діни сенімінің жиынтығын көрсетеді. Бұл сипаттамалар адамның ішкі әлемінің негізін құрайды. Құндылықты адам мәдениетінің «ядросы» ретінде анықтауға болады. Құндылық жүйесі өзіңізді және басқаларды бағалау, өз қатынасыңызды білдіру, таңдауыңызды жасау үшін қажетті координаталық жүйе сияқты әрекет етеді. Гуманистік дәстүрлерге сәйкес, адамның психологиялық-мәдени құндылықтары өзінің психологиялық тәжірибесіне, ішкі әлемінің бірегейлігіне ерекше қызығушылық және жағымды құнды қатынасымен сипатталады.

Адамның рефлексиясы психологиялық мәдениет субъектісі ретінде өзінің мақсаттарын, іс-әрекетін және оның нәтижелерін түсінуі, сондай-ақ өзінде жүретін өзгерген жеке тұлға, іс-әрекет және қарым-қатынас субъектісі секілді ішкі өзгерістерді ұғынуы болып табылады.

Рефлексия – тұлғаны дамыту және өзін-өзі дамыту механизмі ретінде әрекет ететін өзін-өзі тану мен өзін-өзі реттеудің басты интеллектуалды құралы.

Ең маңыздысы келесілер: мінез-құлықтық, танымдық, тұлғалық, коммуникативтілік бағыттары. Тұлғаның өз өміріне, өз өткеніне, болашағына және қазіргі кезіне саналы қатынасы оның психологиялық мәдениетінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Рефлексиялық механизмнің арқасында адам өзінің дамуының жаңа деңгейіне көшеді.

Мәдени шығармашылық балалық кезеңнің өзінде адам мәдениеттің туындысы ғана емес, оны жасаушысы болып табылатынын білдіреді. Әрбір адам өмірлік мәселелермен бетпе-бет келеді, оны шешу үшін онда дайын білім мен әдіс-тәсілдер болмайды. Мәдениеттің қол жеткізілген деңгейіне сүйене отырып, ол әрекет пен мінез-құлықтың жаңа жолдарын,

қарым-қатынастың жаңа тәсілдері мен формаларын құрастырады, өзінде жаңа адамды жаратады, жаңа өмір тудыруды жүзеге асырады [2].

Сонда, адамның психологиялық денсаулығының қалыпты болуы адам өмірінің барлық аспектілеріне қатысты: бұл жерде өмірдің әлеуметтік, физикалық, интеллектуалдық, эмоционалдық және рухани жақтарының үйлесімділігі қажет. Психологиялық денсаулықтың жақсы болуы үшін жоғарыда аталған аспектілердің бірде біреуіне немқұрайлы қарамау қажет. Әсіресе, адам өзі өмір сүретін кез келген ортада жағымды қарым-қатынас орнату, қарым-қатынас мәдениетін, психологиялық мәдениетті сақтау мәселелеріне мұқият болуы тиіс.

Психологиялық денсаулық – бұл адамның қоршаған ортаның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларында физикалық және психикалық тұрақтылықты яғни психологиялық үйлесімділікті сақтау қабілеттілігі. Табиғат адам ағзасын туғаннан тұрақтылықтың үлкен қорымен, өмір сүру мен өзін-өзі реттеуге деген қабілеттілікпен қамтамасыз еткен. Психологиялық денсаулық тұқым қуалаушылық, экологиялық факторларды, медицинаны есептегенде, адамның өзіне, оның өмір сүру салтына, психологиялық денсаулығын сақтау мәдениетіне тәуелді болады.

Өмір сүру салты – бұл адамның өз-өзімен және сыртқы орта факторларымен өзара қарым-қатынасының жүйесі.

Көптеген ғалымдар қарым-қатынас мәдениетіне келесідей анықтама береді: қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз - адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуы.

Қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейін, оның адамның психологиялық денсаулығына әсер ету сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барысында барлық қатынасқан субъектілері үшін оң жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілік қасиеттерді сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізу бағытында болғанда ғана психологиялық денсаулықты сақтау мәдениеті болады.

Бұл жөнінде А.Р. Ерментаева былай деп тұжырымдайды: «Психологиялық мәдениеттің өзегі басқаларға деген құнды қатынас болатынымен анықталады. Психологиялық мәдениет адамзаттың ізгіліктілік, рухани-адамгершілік қағидаларына тіректеледі. Сонымен қатар қазақ жастарының психологиялық мәдениеті әрқашан қазақ халқының ұлттық құндылықтарының, рухани мұрасының негізі болатын рухани-адамгершілік қасиеттерге негізделеді» [3].

Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқан адам сыртқы орта жағдайына байланысты өз мінез-құлқының моделін жасап оны жүзеге асырады. Осы модельге көптеген психологиялық көрсеткіштер әсерін тигізеді. Г.М. Андреева, Э. Берн [4] зерттеулерінде келесі көрсеткіштер анықталған: адамның дүниетанымы, қарым-қатынас объектісіне көзқарасы, өз құқығы мен міндеттерін түсінуі, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі реттей алуы, әдеттері, қарым-қатынас жасай алу тәжірибесі, мінезі, көңіл-күйі т.б. Осы аталған көрсеткіштерге сүйене отырып, студенттердің қарым-қатынас орната алу қабілетін дамыта келе, олардың психологиялық денсаулығын сақтау мәдениетін дамытуға болады деп пайымдаймыз.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру арқылы психологиялық денсаулықты сақтау мәдениетін дамытуда трансактілік талдауды маңызды деп санаймыз. Психологиялық қызметті ұйымдастыру және психологиялық көмек көрсету барысында студенттер арасында, оқытушылар мен студенттер, ата-аналар мен олардың балалары арасында бір-бірін түсінбеушілік, қарым-қатынастың бұзылуы, конфликтілі жағдайлардың туындау себептері анықталады. Осы көріністердің орын алу себебі қарым-қатынас барысында оған қатысушылардың біреуінен өзін ыңғайсыз сезінуі, басқалардан қысым көруі, іс-әрекетін

дұрыс бағаламауы т.с.с. жағдаймен байланысты психологиялық қорғану әдістерін іздеуге алып келеді. Бұл қарым-қатынас мәдениетінің сақталмағанын көрсетеді.

Бұл көрсеткіштердің барлығы жеке адам өмір сүретін ортасының мәдениетіне, оның өзін-өзі басқару механизмі қалыптасқан жағдайына тәуелді болады. Сыртқы ортаның қойған талаптары әр адамның ішкі «Меніне» айналады. Осы Мен көрінісін талдау жолын АҚШ психологі Э. Берн 1955 жылы жасап шығарған.

Ол трансактілік талдауды жеке адамның мінез-құлық моделінің қалыптасу ерекшеліктерін талдауға қолдану әдісі ретінде ұсынған. Трансакция - бұл басқа адамға бағытталған әрекет, немесе қатынасты тасымалдау. Ол адамның басқалармен қарым-қатынасының бірлік бөлігі болып табылады. Э. Берннің тұжырымдамасы қарым-қатынаста қиындық көріп жүрген адамдарға психологиялық көмек көрсету қажеттілігін қанағаттандыру әдістемесі ретінде жасалынған.

Адамдардың қарым-қатынас барысында көрсететін мінез-құлқын ұзақ уақыт ішінде бақылап, жиналған материалдарды талдау нәтижесінде автор келесі тұжырымдама жасаған: қарым-қатынас барысында адамдардың мінез-құлқы, бет-әлпеті, сөйлеу техникасы, дене қимылы өзгеріп тұрады. Олар бірде кішкентай бала сияқты бір күліп, бір жылайды, ал екінші жағдайда үлкендер сияқты байсалдылық пен сабырлылық көрсетеді, үшіншіде – ата-аналарының үлгісінің көшірмесі болады. Осындай ерекшеліктерді талдай отырып Э.Берн жеке тұлға негізгі үш құрамды бөліктің бірлігі екендігін көрсеткен.

Адамдардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру тәжірибесінен алынған «Трансакция» терминін қазақшаға аударғанда «қарым-қатынас барысындағы әсер ету» деген мағынаны береді, ал трансакциялық талдау – осы әсерді талдау әдісі болып табылады. Басқа адамға әсер ету қарым-қатынас барысында жүреді. Осы қарым-қатынас жасау барысында басқаларға әсерлі болу үлгісін көрсету, келісімділік тәжірибесін ұйымдастыру әдісі ретінде трансакция ұсынылған.

Адамның қарым-қатынас мәдениетін сақтауы жағдайға байланысты болғандықтан оның позициясы кішкентай бала, ата-ана немесе үлкен адамдар позициясына ұқсайды. Трансакциялық талдау барысында осы позициялар толық талданады.

Адам қарым-қатынас арқылы айналадағы дүние жайлы ақпарат алады, еңбек пен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді. Әрине, қарым-қатынас ақпарат алумен ғана шектелмейді, оның шеңбері аса кең, бұл көп қырлы ұғым.

Қорыта айтқанда, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу шеберлігі адамның ішкі мәдениетіне, біліміне байланысты. Олай болса, қарым-қатынас мәдениеті мен психологиялық денсаулықты қалыпты сақтау үшін қоршаған ортадағы адамдармен дұрыс ниетте болу абзал.

Сонымен, тұлға бойында мәдениетке сәйкес мінез-құлық стратегияларын қалыптастыру, оны қоғамдық қатынастарға икемдеу, өзіне өзі сын көзбен қарауға үйрету, жақсы мен жаманды салмақтай білуге ықпал ету, кез келген жағдайда оң шешім шығаруға баулу психологиялық денсаулықты сақтау мәдениетін дамытуға оң әсерін тигізеді деп ұстанамыз.

Сондай-ақ, білімді және рухани бай тұлға қарым-қатынаста психологиялық мәдениет таныту арқылы өз денсаулығын сақтау мәдениетін толымды меңгере алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Немов Р.С. Психология: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений: В 3 кн. — 4-е изд. / Р.С. Немов - Москва: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003 - Кн. 1. – 514-518 с.
2. Колмогорова Л.А. Формирование коммуникативной компетентности личности: учеб. пособие. - Барнаул, 2015. - 79 с.
3. Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: оқулық, 2-ші басылым. - Астана: «Алтын кітап», 2017. - 85 б.
4. Берн Э. Трансактный анализ в психотерапии: Системная индивидуальная и социальная психотерапия / Пер. с англ. А. Калмыкова и В. Калиненко. - Москва: Академический проект, 2006. - 320 с.
5. Шерьязданова Х.Т., Суркова Т.И. Педагогу о стиле общения с детьми. - Алматы, 1996.
6. Психология здоровья / Г.С. Никифоров, В.А. Ананьев, И.Н. Гурвич и др, Под ред. Г.С. Никифорова. - Санкт-Петербург: Питер, 2000. - 504 с.
7. Здоровье, развитие, личность / под ред. Г.Н. Сердюковской, Д.Н. Крылова, У. Кляйнпетер. - Москва, 1990. - 360 с.

Г.Б. Иманбекова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Факторы развития культуры психологического здоровосбережения

Аннотация. Здоровье гражданина является приоритетом безопасности жизни человека. Такой подход полностью согласуется с теорией и практикой оказания психологической и социальной поддержки всем, кто занимается какой-либо деятельностью. Целью психологической работы является содействие оптимальной адаптации людей к социальной среде, особенно к окружающей среде. Поэтому в статье рассматривается важность приобретения культуры личности и развития культуры психологического благополучия. Структурные составляющие психологической культуры характеризуются их анализом. В то же время анализируется зависимость психологической культуры от социальных, физических, интеллектуально-эмоциональных, духовных аспектов жизни человека. Описаны способ использования методологии Э.Берна в развитии культуры общения, культуры психологического здоровья и роль трансактного анализа. Делается вывод о том, что степень ценностного отношения человека к здоровью может быть измерена на основе соблюдения им здорового образа жизни, степени участия в деятельности по сохранению здоровья, а также по динамике изменения с позитивной или негативной стороны.

Ключевые слова: культура общения, психологическое здоровье, психологическая культура, психологическая грамотность, психологическая компетентность, ценность, рефлексия, культурное творчество, сохранение психологической культуры, синтония, транзакция, трансактный анализ.

G.B. Imanbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Factors in the development of psychological healthcare culture

Abstract: the citizen health is a priority for the safety of human life. This approach is fully consistent with the theory and practice of providing psychological and social support to all who engage in any activity. The purpose of psychological work is to promote optimal adaptation of people to the social environment, especially to the environment. Therefore, the article considers the importance of acquiring a culture of personality and the development of a culture of psychological well-being. Structural components of psychological culture are characterized by their analysis. At the same time, the dependence of psychological culture on social, physical, intellectual, emotional, spiritual aspects of human life is analyzed. The method of using the methodology of E. Bern in the development of culture of communication, culture of psychological health, the place of transaction analysis is described. The degree of a person's attitude to health, and their involvement in the actions of true performance and health of a healthy lifestyle, as well as to good or bad in terms of the conclusions that can be measured in terms of dynamics.

Key words: culture of communication, psychological health, psychological culture, psychological literacy, psychological competence, value, reflection, cultural creativity, preservation of psychological culture, synphony, transaction, transaction analysis.

References

1. Nemov R.S. Psihologija [Psychology] Ucheb. dlja stud. vyssh. ped. ucheb. zavedenij: V 3 kn. — 4-e izd [Textbook for students of higher educational institutions: In 3 books — 4th ed.] (VLADOS, Moscow, 2003)
2. Kolmogorova L.A. Formirovanie kommunikativnoj kompetentnosti lichnosti [The formation of communicative competence of the individual] Ucheb. posobie [Textbook] (Barnaul, 2015)
3. Ermentaeva A.R. Zhoryary mektep psihologijasy [Higher school of Psychology] Oqulyk, 2-shi basylym [Textbook, 2nd edition] (Altyn kitap, Astana, 2017)
4. Bern Je. Transaktnyj analiz v psihoterapii: Sistemnaja individual'naja i social'naja psihoterapija [Transactional analysis in psychotherapy: a Systematic individual and social psychotherapy] Per. s angl. A. Kalmykova i V. Kalinenko [Translation from English. A. Kalmykova and V. Kalinenko] (Academic project, Moscow, 2006)
5. Sher'jazdanova H.T., Surkova T.I. Pedagogu o stile obshhenija s det'mi [For the Teacher about style of communication with children] (Almaty, 1996)
6. Psihologija zdorov'ja [Psychology of health], G.S.Nikiforov, V.A.Anan'ev, I.N.Gurvich i dr. Pod red. G.S.Nikiforova (SPb.: Peter, 2000)
7. Zdorov'e, razvitie, lichnost' [Health, development, personality] /pod red. G.N.Serdjukovskoj, D.N. Krylova, U. Kljajnpeter (Moscow, 1990)

Автор туралы мәлімет:

Иманбекова Г.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «6D010300-Педагогика және психология» мамандығының PhD докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Imanbekova G.B. - PhD Student of specialty 6D010300 Pedagogy and psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

МРНТИ 15.41.61

С.А. Стельмах, И.К. Мацкевич, Е.В.Дергачева, Е.И.Барабанова

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

(E-mail: stelmah_svetlana@mail.ru, imatskevich@mail.ru, eugenia735@mail.ru, anb777@yandex.ru)

Исследование особенностей общественного сознания (этнотенденции)

Аннотация. В статье представлены результаты исследования особенностей общественного сознания жителей Восточно-Казахстанской области. Проведен сравнительный анализ данных, полученных в ходе опроса, между представителями титульного этноса и других этносов, проживающих в области. Выявлены основные тенденции и различия. Обнаружена тенденция нивелирования этнических различий, в зависимости от места проживания: чем меньше населенный пункт, тем меньше значимых различий между представлениями титульного и других этносов. Основные факторы различий по этническим группам, выявленные во всех регионах, затрагивали следующие аспекты: язык, религия и национальность респондентов, получение информации по телевидению, планы переезда из страны, отношение к переходу на латинский алфавит, а также качество и возможность образования. Представлены общие рекомендации по использованию результатов данного исследования в практических целях.

Ключевые слова: общественное сознание, этнический фактор, Я-концепция, модернизация, знание, отношение, поведение.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-126-1-153-160>

Настоящий этап развития казахстанского общества характеризуется масштабными изменениями во всех сферах социальной реальности. Президентом страны, Н.А. Назарбаевым, поставлены перед обществом глобальные задачи по обеспечению реализации Третьей модернизации Казахстана. Президент говорит о необходимости создания новой модели экономического роста, которая обеспечит глобальную конкурентоспособность страны и позволит Казахстану войти в число 30 передовых стран мирового сообщества [1].

В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» президент призывает жителей Казахстана «...сделать шаг навстречу будущему, изменить общественное сознание, чтобы стать единой Нацией сильных и ответственных людей» [2].

Достичь данных целей, не меняя сознания и мышления граждан, невозможно. В то же время нельзя разрушать существующее и с нуля строить новое. Необходимо опираться на сильные стороны и изменять, корректировать слабые. Отсюда вытекает необходимость выстраивания процедуры исследования, диагностики существующего состояния общественного сознания с целью разработки программ изменения, модернизации и формирования его новой модели, которая позволит улучшить качество человеческого капитала страны и решить все поставленные перед государством задачи.

По запросу акимата Восточно-Казахстанской области было проведено исследование, нацеленное на комплексную оценку общественного сознания жителей области. В рамках исследования были предприняты усилия по охвату населения области с различным социальным уровнем жизни, профессиональным, возрастным и демографическим статусом. Был разработан и проведен комплексный опросник (свидетельство об авторском праве № 0401 от 8.02.2018), рассматривающий различные уровни общественного сознания, в том числе уровень общества, локальной среды, личности, безопасности (толерантности, лояльности). Исследованием были охвачены 15 районов и 4 города. Всего было опрошено 5000 респондентов.

Опросник разработан с целью изучения следующих параметров: знание (что я знаю), отношение (какое у меня к этому отношению), поведение (что конкретно я делаю в этом отношении). Исследовались следующие аспекты общественного сознания, выстроенные на основании программной статьи Президента:

- приверженность к Республике, чувство патриотизма, принадлежность к единой нации;
- тема трехязычия, полиязычия;
- национальная идентичность, отношение к национальной культуре, традициям, обычаям, истории;
- индекс субъективного ощущения благополучия;
- отношение к родной земле, культуре отношения к ресурсам ареала проживания;
- изучение толерантности;
- изучение качеств конкурентоспособного гражданина Казахстана;
- анализ умения планировать свое будущее, знание и экономное расходование личных и национальных ресурсов;
- выявление факторов, способствующих устойчивому развитию человека;
- констатация фактов и отношение к психологическому давлению (насилию, манипуляциям) на уровне индивидов, группы, общества;
- изучение сопротивляемости деструктивным внутренним и внешним воздействиям (в том числе факторы противодействия радикальному религиозному экстремизму);
- формы развития карьеры в обществе, открытость и восприимчивость к лучшим достижениям, достижение реальных целей, культура умеренности и рациональности;
- стремление к образованию и самообразованию;
- изучение приверженности архаическим привычкам и готовность к их изменению;
- отношению к языку и культуре как важным этнодифференцирующим признакам.

Опрос проводился в форме анонимного анкетирования на бумажных носителях на двух языках с соблюдением этики, ввода данных в электронный формат. Обработка данных производилась с помощью программы статистики IBM SPSS Statistics 23.

В рамках данной статьи мы остановимся лишь на одном аспекте исследования – различия между респондентами по этническому фактору.

Для анализа были выбраны полиэтничные районы, где количество респондентов нетитульного этноса превосходило 20 % от всей выборки. Для предоставления детального анализа были выбраны два города областного значения - Усть-Каменогорск и Семипалатинск (для демонстрации этнотенденций в больших городах) и город Риддер (для демонстрации этнотенденций в малых городах и населенных пунктах), а также Глубоковский и Шемонаихинский районы (для демонстрации этнотенденций в сельской местности).

Выборка была разделена на две группы по национальному признаку. Так как в опросник не вводилась графа – «Ваша национальность», то разделение по группам проводилось на основании вопроса: «Оцените, в какой степени каждое утверждение относится к Вам. Ответьте так, как Вы это чувствуете» и, в частности, утверждений – «Я-казах», «Я-русский», «Я-мусульманин», «Я-христианин». Сопоставлялись ответы респондентов в категориях «Абсолютно про меня» и «Скорее про меня», «В меньшей степени про меня» и «Это не про меня» с утверждениями о национальности и вероисповедании. Данное сопоставление позволило сформировать две выборки.

Анализ проводился при помощи вторичной статистической обработки полученных данных на уровне процентного соотношения, выявления частотного распределения респондентов и использования ф критерия Фишера для выявления значимости различий (* - при $p \leq 0,05$; ** - при $p \leq 0,01$).

В целом, по Восточному Казахстану картина сложилась следующая:

Выявлены устойчивые тенденции в проявлении значимых различий с учетом этнического фактора в зависимости от места проживания – чем больше населенный пункт, тем больше различий наблюдается в ответах респондентов; чем меньше населенный пункт, тем более однородны ответы по всей выборке. В таблицах 1, 2 представлены результаты статистического анализа выбора жителей Глубоковского района и города Усть-Каменогорск на вопрос: «Некоторые люди считают, что следующие позиции очень важны для того чтобы быть настоящим казахстанцем. Каково ваше мнение, насколько это важно?»

Таблица 1. Сравнительный анализ результатов жителей Глубоковского района

Исследуемые позиции	Казахоязычная выборка		Русскоязычная выборка		Значение ф-критерия
	Положительный выбор	Отрицательный выбор	Положительный выбор	Отрицательный выбор	
1. Быть рожденным в Казахстане	30	69	35	64	0,683
2. Иметь гражданство Республики Казахстан	54	42	58	40	0,499
3. Говорить на казахском языке	42	58	32	66	0,546
4. Говорить на казахском и на русском языках	55	43	73	25	2,564**
5. Говорить на казахском, русском и английском языках	23	76	17	80	0,915
6. Быть законопослушным гражданином	85	13	91	8	1,234
7. Быть мусульманином	17	77	4	94	3,235**
8. Быть атеистом	8	86	0	96	-
9. Быть христианином	7	88	8	89	0,428
10. Уважать государство, политические институты Казахстана	78	16	97	3	3,962**
11. Уважать и знать культуру казахского народа	82	18	91	8	1,789*
12. Уважать и знать культуру народов, проживающих в Казахстане	82	17	92	8	1,946*
13. Чувствовать себя казахстанцем	81	18	88	12	3,179**
14. Иметь предков, проживающих в Казахстане	21	76	15	84	0,857

Значение значимости различий по ф критерию Фишера: * - при $p \leq 0,05$; ** - при $p \leq 0,01$

Таблица 2. Сравнительный анализ результатов жителей города Усть-Каменогорск

Исследуемые позиции	Казахоязычная выборка		Русскоязычная выборка		Значение ф-критерия
	Положительный выбор	Отрицательный выбор	Положительный выбор	Отрицательный выбор	
1. Быть рожденным в Казахстане	75	24	55	42	6,912**
2. Иметь гражданство Республики Казахстан	81	18	69	28	4,45**
3. Говорить на казахском языке	75	23	47	49	9,793**
4. Говорить на казахском и русском языках	71	27	59	39	4,159**
5. Говорить на казахском, русском и английском языках	60	36	42	53	5,877**
6. Быть законопослушным гражданином	84	14	79	19	2,234*
7. Быть мусульманином	46	49	14	77	12,129**
8. Быть атеистом	12	73	6	80	3,034**
9. Быть христианином	16	67	17	70	0,738
10. Уважать государство, политические институты Казахстана	75	21	80	15	1,492
11. Уважать и знать культуру казахского народа	87	12	78	18	3,878**
12. Уважать и знать культуру народов, проживающих в Казахстане	85	14	74	23	4,398**
13. Чувствовать себя казахстанцем	87	12	79	17	3,221**
14. Иметь предков, проживающих в Казахстане	61	37	41	55	6,521**

Значение значимости различий по ф критерию Фишера: * - при $p \leq 0,05$; ** - при $p \leq 0,01$

Анализ таблиц наглядно демонстрирует выраженность различий между представлениями этносов в большом городе и незначительные различия в представлениях жителей сельской местности.

В городах Семипалатинск и Усть-Каменогорск значимые различия прослеживаются практически во всех предложенных утверждениях (среднее количество сравниваемых категорий со значимыми показателями ф: 66% от 100% возможных) в отличие от малых населенных пунктах - 19% от 100% возможных. Данный факт объясняется тесными кон-

тактами представителей различного этноса в условиях небольшого населенного пункта, где каждый друг друга знает, «общинностью» жизни с общими интересами и заботами, сглаживанием различий. Чем больше город, тем более формализовано общение и взаимодействие. Город предлагает большие возможности, но и формирует высокий уровень конкуренции. Человек воспринимает другого человека как соперника, тем более, если он имеет какие-то видимые различия (например, национальность). Соответственно, большой город может спровоцировать появление межгрупповых конфликтов.

Основные факторы различий по этническим группам, выявленные во всех регионах, затрагивали следующие темы: язык, религия и национальность респондентов, получение информации по телевидению, планы переезда из страны, отношение к переходу на латинский алфавит, качество и возможность образования.

Различия в темах о языке и религии обусловлены этнической принадлежностью респондентов. Вместе с тем отмечаем большую расположенность казахоязычных респондентов к принятию и пониманию значимости политики внедрения трехязычия в Казахстане. Как правило, в полиэтнических районах представители титульной нации Казахстана свободно владеют как своим родным языком, так и русским, соответственно, перспектива овладения английским языком вызывает меньше возражений, чем у русскоязычных респондентов.

Тема получения информации показала устойчивый перевес положительных выборов группы казахоязычных респондентов по позиции: «Телевидение должно отдавать предпочтение программам о Казахстане и показывать казахстанские фильмы и передачи» в сравнении со второй группой, и противоположная ситуация сложилась с позициями: «Телевидение должно быть представлено и казахстанскими программами, и российскими» и «Телевидение должно быть представлено и казахстанскими программами, и международными программами», где группа русскоязычных респондентов набирает значительное количество выборов согласия с данными утверждениями.

Относительно возможных планов переезда из страны группа русскоязычных респондентов показывает достаточно большой процент согласия с данным утверждением. В тоже время мы отмечаем по данной группе полное эмоциональное принятие Казахстана и своего региона в целом, но поведенческая тенденция на отъезд из страны присутствует.

Тема перехода казахского алфавита на латинскую графику, в принципе, достаточно проблемная в целом по региону, и большинство респондентов не понимают значимости или еще не определились со своей позицией по данному вопросу. Анализ различий между двумя группами показал больший процент отвержения данного перехода в выборке русскоязычных респондентов.

Тема возможности получения качественного образования в Казахстане вызывает большую тревогу у русскоязычного населения области, чем у представителей казахоязычной выборки, что может являться одним из основных факторов формирования дальнейших планов на отъезд из страны русскоязычного населения.

Анализ данных по вопросам, направленных на изучение содержательных характеристик идентичности личности показал следующее:

Вопрос «Кто я?» напрямую связан с характеристиками собственного восприятия человеком самого себя, то есть с его образом «Я» или Я-концепцией. Портрет жителя составлялся на основании наибольших сумм положительных ответов по различным характеристикам. Сравнительный анализ результатов по этому блоку выявил более содержательную и развернутую картину Я-концепции казахоязычных респондентов, включающую помимо формальных характеристик (национальность, религиозная принадлежность, гражданство) и характеристики, связанные с историческими корнями представителей казахского народа.

В таблице 3 представлены результаты положительных выборов, набравших более 50 процентов среди респондентов исследуемых групп.

Таблица 3. «Портрет жителя Восточно-Казахстанской области» в зависимости от национального признака и региона проживания

Город Семипалатинск		Город Риддер	
Казахоязычная выборка	Русскоязычная выборка	Казахоязычная выборка	Русскоязычная выборка
Я-казахстанец Я – восточноказахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана Я – потомок кочевников Я – потомок тюрков Я – представитель Содружества Независимых государств	Я-казахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана Я – восточноказахстанец	Я-казахстанец Я – восточноказахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана	Я-казахстанец Я – восточноказахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана
Город Усть-Каменогорск		Глубоковский район	
Казахоязычная выборка	Русскоязычная выборка	Казахоязычная выборка	Русскоязычная выборка
Я-казахстанец Я – восточноказахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана Я – потомок кочевников Я – потомок тюрков	Я-казахстанец Я – восточноказахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана	Я-казахстанец Я – представитель многонационального народа Казахстана Я – восточноказахстанец	Я – представитель многонационального народа Казахстана Я-казахстанец Я – восточноказахстанец

